

Кәкімбек Салықов

Сырымбетте мектебім



Алматы
«Жібек жолы»
2017

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

С 18

Салықов К.

С 18 Сырымбетте мектебім: Өлеңдер және мақалалар. К. Салықов. – Алматы: Жібек жолы, 2017. – 320 бет.

ISBN 978-601-294-268-2

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет тауының баурайында өткен балалық шағы, оқыған мектебі, ұлағатты ұстаздары туралы естеліктері және лирикалық өлеңдері еңгізіліп отыр.

Кітап көпшілік өлеңсүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122


ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-294-268-2

© Салықов К., 2017

© «Жібек жолы» Баспа үйі, 2017

Сырымбетте мектебім



«Сырымбет» дегенде қазақтың асыл перзенті Ақан серінің:

Ауылым қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақ сұңқар баласына.
Бидайыққа лайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың ба... –

деп шырқаған әні еріксіз еске түседі. Поэзияның абзалы да осы емес пе?! Әркім өзінің «барасың ба...» дегізбей қоймас бір құпиясын ойлап, мәңгі үзілмес бір сағынышын басады.

Егде тартқан біздер секілді хәм өкшелеп келе жатқан орта буындағы ұрпақтың ішінде бұл әнді білмес қазақ кемде-кем болар. Жас ұрпақ, өкінішке қарай, алшақтап барады. Ал, Ақан серінің «Құлагерін» білмейтін қазақ жоқтың қасы деп білемін, өйткені «Құлагер» әні қазақтың алдына жан салмас үздік жүйрігін әспеттесе, оған қоса отарлық заманда шеккен зорлық пен зомбылықтың, қастандық пен қиянаттың айғағындай Құлагердің өлімі әкелген мұң мен шер ел жүрегіне батқан беріштей сақталды. «Құлагер» дегенде қазақтың ақтаңгер ақыны, кеңес кесепатында жазықсыз атылып кеткен Ілияс Жансүгіровты ұмытпаймыз. Ол кісінің «Құлагер» атты поэмасы өзіне мәңгі өлмес «Құлагер-ақын» атты атақ берді, қазақ поэзиясының ең жақсы поэмаларының інжу-маржаны қатарында туған асыл мұра дүниеге келді.

Тойлы ауыл Сырымбеттің саласында,
Көз салсам оза шапқан қарасынға.
Құлагер шауып жүрген елестейді,
Көкше мен Жетісудың арасында, –

деп Ілекеңе арналған өлеңімде жазып едім, бұл тамаша поэма шын мәнінде қазақтың екі асыл аймағын жалғастырып тұрғаны айдан анық. Кеңірек ойлансақ, бұл поэма, Құлагердің трагедиясын бүкіл қазақ еліне молдау таратып қана қоймай, кең жалғанға паш еткен асыл қазына.

Көкшетау мен Жетісудың арасы шынында да бауыр елдердей жақындасып кетті. Ол жолды Біржан сал атамыз ақын Сарамең айтысу сапарында салып кетті. Әрі қарай Ілияс ағамыз «Құлагер» атты поэмасымен екі аймақтың туыстығын ұлғайтты, тек қуаныш емес, қайғы-мұңын бөлісуге жан тебіренісімен шақырды. Кеңестер Одағы ыдырап, зейнеткерлік жасымда Алматыда тұрғанда, Талдықорған облысының сол кездегі әкімі Серік Ақымбеков ерулікке шақырып барғанымызда қойылған концерттің тоқсан пайызы менің сөзіме жазылған әндерден құралыпты, қайда барсақ та «Үш арыс», «Жезкиік» алдымыздан асқақты дауыстармен қарсы алып тұрды. Сондағы ұққаным: жетісулықтардың көкшетаулықтардың шығармаларын ерекше қастерлеуі.

Сырымбеттің аруағын көтеріп, атын әлемге жеткізуде атап айтар бабаларымыз аз емес, сол көштің басында қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушы ақтаңгері, жиһанкездігімен атын әлемге жайған тұңғыш қазақ Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов тұрады. Сырымбеттің етегіне алғашқы елді мекеннің іргесін қалаған – Абылай ханның ұлы, қазақтың соңғы ханы Уәли еді. Бұл қонысқа себеп болған атақты Айғаным анамыздың әмірі. Уәли хан екінші бәйбіше етіп Айғанымға үйленгенде әрі сұлу, әрі ақылды жас қосағының жүрек тілімен айтқанын орындап, Сырымбетке Көкшетаудан хан ордасын көшіріп, атақты тау етегі, көл шетінде Сырымбет қыстағын бекітіпті. Уәли хан дүниеден озғаннан кейін, Ресей патшасы І Александрдің жарлығымен 1824 жылы, Айғанымның сұрауы бойынша, Сырымбетте ханзаданың шағын ордасы, Уәли хан әулетінің ата қонысы салынды.

Сырымбет тауы, шынында да, Саумалкөл, Шалқар, Құмдықөл, Жекөл, Ақбалшық, Тораңғыл, Қоскөл орап жатқан Сарыарқаның қайталанбастай сұлу белбеуінде орналасқан бұл алтын аймақтың балқаймағы дерлік шын нәзік сұлуы.

Құнарлы жаратылған күлгіндеу қара топырақта өскен ақ балтырлы

шоқ қайындар, қалың қапталдай алтын белді нән қарағайлар, сан түрлі шүйгін шөп өскен мырза аймақты Ақан сері бабамыз: «Бұл жерде Сырымбеттей тау бар ма екен, малға жай Жекекөлдей қау бар ма екен?» – деп тебірене жырлапты. Шынында да, Саумалкөлден Сырымбетке шейін жиырма бес шақырым жердегі жолдың екі жағындағы қарағай, қайың, көгілдір шырша, көк терек араласқан орманда бір ғаламат бар. Ақ қайындар қалыңдығын күткен сұлулардай сылана қалып, қарағайлары саптағы сарбаздардай аспанға бой жазып, бірінен-бірі қалмастай кеуделерін керіп тұр. Ақан сері айтқан «қау бар ма екен?» деуде де үлкен сыр бар. Сырымбеттің етегіндегі ақ қаудан өзге жердегі қаудандардан да әлдеқайда нәзік, аппақ күмістей көз тартатын керемет. Өйткені жылқы малына бұл қауданды қыста берсең, сұлы іздемейді. Талықсып тұрған кезінде жата кетсең, ақ мамықтай жұп-жұмсақ. Бұл қауданның күзге қарай жетіліп, дән таратар селеуі де Ақтотыдай әрі сұлу, әрі кербез өсетін. Ақселеу Сейдімбек ініме «Сен басқа жердің селеуі емессің, Сырымбеттің «ақ жібек селеуісің» деуші едім. Жуырда ғана дүниеден оқыс өткен ғұлама ғалым, асқақ әнші, шебер күйші Ақселеу маған Сырымбеттің үкілі ақ селеулерін елестететін. Біз ағалы-інілі адамдардай сыйлас едік.

Сырымбет аса биік тау емес, бірақ адамға жақын, жүрегі жылы тау. Жас күнімізде төбесіне талай шыққанда есте қалғаны оңтүстік-шығыс жағынан көгілдір Көкше көрінеді, одан бері Көкшетау жоталары сілемденіп Айыртау, Имантау, Шалқар, Ақанборлық болып дөңгелене шұбырса, тура солтүстігіне қарасаң, Жалғызтау көзге түсіп, өзге таулардан жақынырақ тұрғандай бауыр тартады. Сонда Сырымбетті көлдер де, таулар да, қалың жынысты ормандар да орап жатқандай бой тастайтын. Сырымбетке арнаған өлеңдерімнің бірінде:

Бірге оқыған көп балалар қасымда,
Талай тұрды сал Сырымбет басында.
Таза ауа, таза аспан мөп-мөлдір,
Мөлдір көзге құмар етті жасымда, –

дегенде де айнала көлдер мен тауларға, ормандар мен тоғайларға оранған жер жәннатының тазалығы, пәктігі, мөлдірлігі жан баураған екен ғой. Ойлап тұрсақ, табиғат пен адамзаттың бауыр басып үйлескен достығы осындай ғаламаттардан басталады екен. Сырымбетке сал-серілердің үйір болғаны да заңды құбылыс. Жаным таза, арым таза болса, ол да Сырымбеттің таза табиғатының бергені деп білемін.

Кеңес үкіметі кезінде Сырымбет елді мекені Казгородок деп аталып, Төңкеріс ауданының орталығы болғандығы бар. Сол атаумен Сырымбеттегі орта мектеп те «Казгородок» орта мектебі аталып, тағдыр сол әйгілі мектептің түлегі етті. Оқып жүргенде аса көп мән бере қоймасак та, уақыт өткен сайын өскен жерімізді, шыққан тегімізді, оқыған мектебімізді ұлағаттай түстік. Сырымбет маған бұл күнде А.С. Пушкиннің Михайловскоесі, Абайдың Қарауыл төбесі сияқты киелі ордам, құтты шаһарым, аруакты алтын бесігім болып көрінеді.

Кезінде Казгородокты туған жерім етіп көрсетуім де белгілі, әлі де көптеген ескі құжаттарда сақтаулы. Нақты туған жерім Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы «Еңбек» атты ауыл болса да, алғашқы паспортымда Казгородок сақтаулы. Оның себебі паспорт алу тек қана оныншы сыныпты бітірген кезде ғана қажет болды, оған шейін еске келмеді. Ал, әкем Айтахмет Салықовтың паспортында 1932 жылы Казгородокта туған делініпті. Шындығына келсек, бұл – менің екінші туған жерім және өз тағдырым үшін өте ыстық көрген асыл аймақ.

Сырымбеттің бауырындағы күндер естен кетпес қызық та, тәрбиелік маңызы да мол болатын. Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтың әндері жан әлемін биіктетті. Казгородоктан аудан орталығы Саумалкөлге көшіп, Айыртау ауданы атанды. Аудан екіге бөлініп, екінші жартысы Төңкеріс ауданы, кейін Октябрь ауданы болып Солтүстік Қазақстанда қалды. Айыртау ауданы 1944 жылдан бастап Көкшетау облысына жатты. Маған екі облыстың таласып жүру сыры да осында. Айтекең ауылдық кеңестің төрағасы кезінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші шақырылымының депутаты болып сайланды. Бала күннен саясаттың иісі мұрныма кіре бастағаны да сол шығар. Ол кезде «Казгородок» орта мектебінің директоры Нұржан Әуелбеков болатын, ал аудандық тұтынушылар кооперациясын Балахмет Хайыров атай басқаратын. Ауылдың үш ақсақалы сыйлас, сырлас болып кетті. Содан болар, Еркін Әуелбеков пен Қажохмет Балахметов те өз ағаларымдай тату-тәтті, қимас адамдарымдай болып кетті.

Біздің үйде тұратын Мұсаның апасы Ермек тәтем, өзі алтыншы сыныпта оқып жүріп, алты жасқа аяқ басқан маған қазақша оқуды үйретті. Қыз баланың жұмысы көп, оқуы да бар және кемпір-шалдар кешкі астан кейін оған кітап оқытатын. Міне, соңғы ауыр жұмыстан арылу үшін Ермек тәтем кітап оқуды үйретіп, өзі бостандық алды. Ол кезде латын алфавиті болатын. Оқитын кітаптар аса көп емес, бірақ Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романын оқу оңайға соқпайтын, оның себебі қазақ

үшін ол ұзақ дүние ғой. Мен атам мен әжеме «Жұмбақ жалауды» оқи-оқи шаршағанда оқымай-ақ жатқа судырлатуға жаттықтым. Кейін Сәбит ағамен кездескенде, «Сен осы мені қайдан білесің, шырағым?» демесі бар ма? Сонда баяғы «Жұмбақ жалауды судырлата тақпақтадым. Сәбен қатты разы болып, бірге фотоға түсті. Осы күнде қатты ойға батамын, баяғы кеңестің қызыл байрағын «Жұмбақ жалау» деп атауы дұрыс екен, кейін партия мен замана ағымына бағынып «Ботагөз» деп кетті ғой. «Жұмбақ жалау» иелері – большевиктер орнатқан империяның құлауының сыры сол әуелгі жұмбақтығында деп қаласың. Сәбит Мұқановтың бір кереметі – ол қазаққа роман оқытты. Сәкендердің жазғанын оқытпай тастады, Мұхтар ағамыздың «Абай жолы» атты ұлы романы кейін туды. Сондықтан да Сәбиттің даңқы үздік шығып тұрды. Шынын айтсақ, ұлықты қатты сынаймын деп, өзі де қатты соққыға түсті. Сәбит деген ұлы жазушы, ардақты есімнің лебізі жүрегімде осылай, мектепке бармай жатып ұя салған еді. Жүз жылдық тойын атағанда бір жинағымды арнадым, Алматыға ескерткішін орнатуға тікелей атсалыстым.

Казгородокке қайта оралуым көптеген жылдардан кейін болды. Сау-малкөлде тұрғанда соғыс басталды, тоғыз жастағы бала едім. Бір қызығы, оқуға бармай жүріп кітап оқығанымға әкем де өз міндетін қосты. Жұмыстан келген сайын барлық газеттерді – аудандық, облыстық, республикалық басылымдарды, әсіресе «Социалистік Қазақстанды» басынан аяғына дейін дым қалдырмай оқытатын. Сол ғадет бойға сіңді, орыс мектебінде біріншіден жетінші сыныпқа дейін оқысам да, қазақша газет, кітаптарды оқымайтын күнім болмады. Әкемнің газет оқыту сабағы өмірлік сабақ болып, саясатқа жас басымнан қанықтыра, таныстыра бастағандай болды да, қазақша шыққан барлық көркем әдебиет деген дүниенің қолға түскенін түгел білетін болдым. Оған қоса бөле ағам Мұса Асайынов үздік әнші, тамаша домбырашы болғандықтан, ол маған «Елім-айдан» бастап барлық әндерді үйретті, кейін әрі қарай осының барлығы қазақ өнеріне деген үлкен сүйіспеншілік тудырып, жақын етті. Төртінші сыныпты Саумалкөлде, бесіншіні Еленовкада, алтыншы мен жетінші сыныптарды Көкшетау қалалық ер балалар орта мектебінде бітірдім.

Жылдар жылжып, соғыс та өтті, соғыстан кейінгі заманды да көрдік. Әкеміз Көкшетау аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметінен сұранып шығып, өзіміздің үйреншікті Айыртау ауданына келді. Бұл ауданға оралу себебі – жалғыз қарындасы Ақық желкесіне ауыр зат түсіп кетіп, кенеттен екі көзінен айырылды, күйеуі әскерден оралмады. Аман-

гелді, Ақансері атты кішкентай екі баласымен мүгедек болып қалғанда қызметке осы ауылға сұранып, көшіп келдік. Кеңсесі көрші Бірлестік ауылында болса да, «Өскен» атты, қазіргі Үкілі Ыбырай ауылында бірге тұрдық. Шота Уәлиханов Мәскеуден жазғы демалысқа келгенімізде Ақық тәтемді көрді, қолынан дәм татты. Ол кісі мені құшақтап, үстімдегі поғоны бар формама риза болып: «Е, Алла жар болған екен», – деді.

Міне, ауылға көшіп келуімізге байланысты орыс мектебін тастап, Казгородоктегі қазақ мектебінің сегізінші сыныбына түсуге тура келді. Айтахмет Салықов бұл елдің депутаты болған атақты кісі ғой, мектеп директоры Мұсахан Қанапиянов Казгородоктің бұрынғы ауылнайын өте жақсы қабылдады. Маған тоғызыншыға бар деп те ұсыныс айтты. Мен бас тарттым, ұят болады дегенді сылтау етіп айтып қалып едім, мұғалім риза ниетпен: «Жарайсың, батыр, асықпай оқып, алдыңғы қатарда бол», – деп, мектептің интернатынан орын бергізді, Үкімет қамқорлығына толығымен алындым. Жас бала күндері көргендей емес, Казгородок те, Сырымбет те ерекше өзгеріп кеткендей көрінді. Мұсахан мұғалім Сырымбет төңірегін мектептің интернатының иелігіне беруді облыстан сұрап хат дайындатыпты. Хаты ұзақ һәм көптеген мағлұмат берерлік қосымша деректері бар екен. Директорым осы жазғандарын қазақшадан орысшаға өзінің кабинетіне отырғызып қойып аудартты. Аударып бергеннен кейін қатты қуанып, «Өзіңнің саясаттан хабарың мол екен, оны қайдан таптың, тумай жатып» деп күлді. Мен өмір бойғы ғадетім ретінде газеттерден қол үзбейтінімді, орысша, қазақша бірдей оқитынымды айтқанда, ол кісі: «Жарайсың, бақытты бол, керегінде пайдаланып тұрамын», – деді.

Мұсахан Қанапияновтың кереметтігі – ол кісі талантты оқытушы, өте жігерлі де байыпты басшы, фәлсафалы һәм инабатты сөйлесетін мәдениеті зор ұстаз болатын. Мектеп-интернаттың өз шаруашылығы болды. Сауын сиырлар, сойымдық қара мал мен қой, жылқысы аз емес-тін. Балалар асханасына етті өз қолындағы шаруашылығынан алатын. Көктемде барлық балаларды апарып орман отауға салатын. Отындыққа арналған қалың ақ қайыңды тоғай жарты күнде Чапаевтан қырылған ақтардай жерге құлап түсетін. «Тайдың мінгені білінбейді, баланың істегені білінбейді» дегендей, құлатылған ағаштың баршасын сол сұлатылған күйінде бұталарын балтамен алып тастап, жонға бөлек үйетінбіз. Бура сан ақ қайыңдардың қатар-қатар жалаңаш жатқандарын қозғамай-ақ, жатқан жерлерінде арамен шағын саржан боларлық, пешке сыярлық мөлшерде бөлшектеп тастайтынбыз. Келесі келгенде ересек балалар кескіленген

дөңбек шөркелерді тікелей жарып-жарып, текшелеп үйіп, саржанданған күйінде кептіруге қоятынбыз. Кішкене балалар мен қыздар үйіліп қалған бұталарды бөлшектеп, кескілеп, ол кесінділерді де даяр отын боларлықтай етіп жинап, кептіруге қоятын. Келесі жұмысымыз – осы отындық ағаштарды интернаттың базасына әкеліп қатарлап, қалқайтып үйіп беретінбіз. Қыстың күні шекесінен шекітіп ала берер қарындағы сары майдай саржанданған ағаштары жағуға ала беретін. Қысқы шөпті де Мұсахан ағай осылай дайындататын. Бұл жүйелі жұмыстар иесін тауып, келесі келген директорларға да үлгі болды. Есесіне «тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк» дегендей, бізді өте әдемі киіндіріп, Мүсекең өзі келіп фотосуретке түсірткізетін.

Мектебіздің іші-сырты адам таңғаларлықтай өте сәнді де мәнді болатын. Мәселен, үзілісте демалатын үлкен зал көсемдердің суреттерімен ғана безендіріліп қоймай, олардың сөздері қастарында жазулы тұратын. Мұғалімдер залы, директордың өз кабинеті, балалар оқитын сыныптық кластардың бәрі де көз тартқандай тамаша безендірілетін. Жалпы бұл еш жерде кездеспейтін майлы бояулы суреттерді соғыс жылдарында уақытша мекендеген Мәскеудегі үлкен театрдың суретшілері салып беріп кеткен екен.

Мұсахан мұғалімнің бір кереметі, өзі тарихшы болса да, қазақ әдебиеті сабағына келіп отырып, соңында өз ескертпелерін айтатын. Өз сабағында қазақ тілінің тазалығына мән беретіндігі соншалық, мысалы, Бекенов Еркін деген балаға біліп тұрған сабағын қашан мүлтіксіз, қыстырма сөзді және «вот», «так» дегендерді қоспай таза айтқанша төртбес рет қайталатқаны есімде. Сондықтан мұғалімнің сабағы дегенде айтарымызды бір-бірімізге қайталап, қоспа сөздерді алып тастауға тырыстық. Жер, су, ағаштардың, шөптердің, елдердің аттарын таза айтуға ұмтылдық.

Мектепте аса дарынды мұғалім Ғани Дәуітбаев ағай басқарған драма кружоғы жұмыс істеді. Ғанекеннің өзі де іскер де білімпаз кісі ғой, бірақ «генеральная репетицияға» директордың өзі келетін. Кей жерлерін түзетіп, Ғани аға өзінше орындағанда халық әртістерінен кем түспейтін. Осындайда Мұсахан аға «Жарайсыңдар!» деп қуанып кететін.

Мұсахан аға мұнтаздай таза киініп, әр аяқ басқан жүрісімен, сыпайы кербез тұрысымен таңғалдыратын. Ол маңғаз, кербез, өте көркем, жылы шырайлы кісі еді. Елдің бәрімен «сіз» деп сөйлесетін, ол сырлап қойған сыпайылық емес, табиғи ғадеті болатын. Кейін байқасам, біздің мектептің түлектері осы мінезді көшіріп алғандай үлкенмен де, кішімен

де «сіз» деп сөйлесу сыпайылығын ғадет етті. Бала кезде не қызықтырмайды, Мүсекең қос қарагерді жектіріп, ат тұрманын күмістеп тастап, өзі мінетін жеңіл шанасын қызыл сиырдың терісімен тыстатып, қасқыр тұлыбын жанына салып, тойға бара жатқан серілерше отыратын.

Бір күні директор шақырады деген соң, не болып қалды дегендей қысыла басып бардым. Тоғызыншы сыныптың оқушысы едім, бір жағымсыз қылығымды біреу-міреу жеткізді ме деп те қалдым. Мұғалім байыппен қарап, саспай сөйледі де, «Ержеткенде кім болсаң да басшылық жұмыстан қаша алмайсыз. Сіз оқуда да, күресте де, төбелесте де, драмкружокте де, домбырашылықта да алдасыз, маған конференсье болып сахнаны басқарғаныңыз да ұнайды. Осының бәрін ескере келе, мектептің «Оқушылар комитетін» басқаруыңызды сұраймын, қазіргі бала да жинақылық танытып жүр, бірақ орысшаға шорқақ және адамға жақындығы мен оқушылардың алдындағы беделі сіздей емес. Оған рақмет айтып, сізді қойғымыз келеді. Бұл үлкен қоғамдық жұмыс, мысалы, «Детский дом» бізге бағынбайды, ал балалары сіздермен оқиды. Бөтен екі елдей тайталастығымыз да таусылмайды, осының бәрін әдемі саясатпен, жүйелі дәлелмен түзетуге болады. Ретті деген тиісті жерде менің өзімді де сынға ала беріңіздер, сіздердің шешімдеріңізді қолдауға тырысармын. Көптеген даулы мәселелерді маған сілтей бергізбей, қақ жартысын сіздер талқылайтын боласыздар» деп тоқтады. Ол кісі қаншама байыпты да байсалды сөйлесе де, әр сөзі шоқтай тиіп, денемді қыздырды. Қысқа, қысқа да болса нұсқа сөздерде қаншама мәселелер жатты. Ақыры мен көндім. Мектепті бітіргенше «Оқушылар комитетін» басқардым. Кейін ойласам, шахта басқарсам да, партком мен горкомның, обкомның хатшысы болсам да Мұсахан аға берген сабақтар бойыма табиғи түрінде сіңген екен. Есімде қалғаны, алғашқы рет 7 ноябрь мейрамындағы салтанатты митингіде трибунадан көптің алдында сөйлеу қиынға түсті. Бірақ осы бір үлкен жолға алғашқы қадамым жасалған екен.

«Казгородок» орта мектебінің тікелей оқу бағдарламасынан басқа да бергені маған өте көп болды. Біріншіден, жетіжылдықты орыс тілінде бітіргеніме байланысты қазақ грамматикасын, әдебиет тарихын, қазақ тарихын қолымнан келгенше өзімше игеруге тырыстым. Бұл жұмыс мені өз бетіммен білімді ұстарта білуге үйретті. Қазақ әндеріне құштарлық күшейді, жасымда домбыра, мандолина тартушы едім, күйшілер кружоғында болдым, музыкалық барымды музыка кружоғын тамаша басқаратын жас мұғалім Хамит Нұрманов біраз жетілдірді. Әсіресе, әншілерді сүйемелдеу өнеріне машықтандым. Мектептің ең үздік әншісі

Жамал Ақбұзауова өзгенің емес, менің сүйемелдеуімді ұнатып, үнемі әйгілі әншінің қасында болдым. Осы мектепке келіп оқымай, орыс онжылдығын бітірсем, мүлдем өзгеше дүние болар еді. Мектебімізге Қызылжар, Көкшетау филармониясының әртістері жиі келіп концерт беретін, оның ішіндегі ең талантты үздігі өз бөлем Мұса еді. Әкемнің ағасы, халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы жиі келіп жүргенде, менен бір сынып жоғары оқитын баласы Сүният әкесіне менің өлең жазып жүргенімді, қабырға газетінен түспейтінімді баяндапты. Шал өте қуанды. Интернат балаларына келіп өлең айтқанда, қасына директорымыз – интернаттың бастығы Еспай ағай еріп жүретін. Әсіресе, Біржан салдың, Ақан серінің, Балуан Шолақтың өлеңдерін, Орынбай, Арыстан, Шөже сияқты айтыскерлердің шығармаларын жатқа айтып таңғалдыратын. Молдекең үйге келгенде сүйікті ұстазы, жазықсыз «халық жауы» атанған Үкілі Ыбырайдың өлеңдерін есік, терезені жапқызып тастап біздерге үйрететін. Ол өлең сабақтары да ғажайып мектеп болды. Сәкеннің «Көкшетауын» да ең алғаш жасырын түрде Молдекеңнен үйрендім, артынан интернатта бір бөлмеде жататын балалар бірінен-бірі көшіріп алып, түн ортасы ауып ел ұйқыға кіріскенде қосылып тұрып «Көкшетауды» хормен айтатынбыз. Күндіз домбыраға қосып машықтанып, ақыры Сәкеннің «Көкшетауын», Балуан Шолақтың «Ғалиясын», Үкілі Ыбырайдың «Қарақат көзді, сым саусақ» және «Гәккудің» бір-екі түрін жаттап алып айтып жүруші едім. Бұл сабақтар музыканың мәтінін шығаруға да, өз өлеңдерімнің кейбіреуін өз әніммен айтқызуға да жеткізді. Молдекең кейде арбаның үстінде келе жатқанда баласы екеуімізге тіл ұстарту тәсілдерін үйрететін, менің өлеңдерімді тындап, ақыл-кеңес беретін.

«Казгорородок» мектебінің Мұсахан Қанапиянов ұйымдастырған бір ерекшелігі, өзге мектептерден дәрежесі жоғары, оқу сапасы озық тұрғаны болды. Мұғалімдеріміздің бәрі де жоғары білімді үздік тұлғалар, кесек мінезді кісілер еді. Ғани ағай туралы аз да болса айттым ғой, ол кісі орыс драмаларын өзі аударып, мектеп сахнасына икемделген түрінде балаларға ойнататын. Өз басым әртістікке мығым болғам жоқ, мұғалімнің аудармаларын оқып, сол сияқты өзім де ептеп аударма мәселесіне кірісе бастадым. Ғани ағаның тілі өте бай, оқуға да, орындауға да ыңғайлы келетін. Ол кісінің Абайдың Пушкинді аудару тәсілдерін сөз еткені естен мәңгі кетпестей жан баурайтын. Фонвизиннің «Тоғышарын» өте ұғымды да әсерлі аударып, ойнаушыларды да, көрушілерді де мейлінше тапқыр аудармасымен таңғалдыратын. Тоғышардың бейнесін Шота Уәлиханов оның өзінен асырғандай етіп, ақылсыздығын да, есерлігін де, еркелігі

мен топастығын да тамаша ойнағаны соншалық, оны көшедегі балалар «Тоғышар, Тоғышар!» деп келекелеп жататын. Жалпылап айтсақ, Ғани ағай бұл өнерге ерекше берілген жан еді. Ол ақай-тоқай сандырақшыл дабылдан аулақ тұрған, тұла бойы таза лирикаға тұнған, көкірегі шырайлы асыл тұлғаның нағыз өзі болатын.

Орыс тілінен сабақ беретін ұстазымыз Ғабдұлхай Рамазанов – белгілі мемлекет қайраткері Аманолла Рамазановтың әкесі. Ол кісінің Абекеннен кіші балалары Бағұстар, Елұстар да тамаша өсіп келе жатыр еді, бірақ дүниеден ерте өтті. Елұстар менен бір сынып төмен оқыды, бірақ жап-жақсы достар едік. Ол оқуды бітіруіне екі жыл қалғанда дүниеден өтті. Ғабекен өте терең білімді кісі болғандықтан-ау, берген сабағы оқу бағдарламасынан әлдеқайда молырақ, кеңдеу һәм тереңдеу көрінетін. Мені ол кісі, орыс тіліне жүйріктігімнен шығар, өте жақсы көретін. Баласы Елұстармен досжар болуға да көп ықпалын тигізді. Мұғалімнің үйіне мен әуелде ұяла басып, кейінде өз балаларындай талай барып жүрдім. Ол жай барыс емес, маған да, Елұстарға да қосымша жүктемелер беретін. Елұстарға тапсырмасы мен үшін өте жеңіл болғандықтан септесуші едім. Ал, өз жүгім ауыр болатын. Ол кісі: «Сен өлең жазасың, қабырға газеттерінен оқып тұрамын. Енді бұл талабыңды жетілдіру қажет, Полонскийді өзім жақсы көремін, Лермонтовта мұң көп, эрине, бәрінен де Пушкинге жақын бол, сен оларды аудара баста» дегені бар. Мен үшін бір қызығы, Қабекен: «Тіл ұстартам десең, орыстың қара сөзін аудар, Пушкиннің қара сөздерін жатта» деуші еді. Сабақтағы жүйе бойынша «Капитан қызының» ішінен жаттауға бергенде менен бірінші болып сұрады. Мен мүдірмей «Я выглянул из кибитки, все было мрак и вихорь. Ветер выл с такой свирепой выразительностью, что казался одушевленным» деп әдемілеп айтып бергенімде, бес қойды да, «осы білгенің үлкен азық болады, ұмытпастай жатқа айтып жүр, тоқсанның аяғында тағы да сұраймын» деп қадағалағаны есімде. Қазір ұлағатты ұстазыма мың-мың алғыс айтып отырамын. Сол кездегі бастамалардан бастап, «Евгений Онегинді» аударуға жетсем, алғашқы сабақтардың тартымдылығы, қызықтырғыштығы деп білемін. Ұлағатты ұстазым ұлы данаға қол созуды үйреткен екен.

Мұсахан Қанапияновты біз тоғызыншы сыныпта жүргенде Көкшетау облыстық оқу бөлімінің бастығы етіп алып кетті. Оның себебі, мектебімізді ел аралап жүрген Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Жұмабай Шаяхметов көріп, риза болып, директорымызды жоғарылатқан екен. Мүсекеннің жұбайы Күләш апамыз да Саумалкөл-

де өскен, көршi болған жақын кiсi едi, iнiм деп сыйлап жүретiн, көшiп кеткендерiне қуанған жоқпын, мен ол апайды Ермек тәтемдей құрметтейтiнмiн. Ермек тәтем орта мектептi бiтiре алмай, дүниеден ерте өтiп кеттi, екеуi егiз қозыдай дос болатын. Күләш апай сабырлы да байсалды, кербез де өте сымбатты кiсi едi. Балалары Бақытжан, Ерұлан – бұл күнде елге белгiлi бiрi ақын, бiрi композитор, ақынжанды ата-аналарынан жұғысты болған дарынды жiгiттер. Жалпы, Мұсахан ағайдың бойында тәртiпке берiктiк пен мейiрбандық, тәкаппарлық пен ұстамдылық, кiшiпейiлдiлiк пен инабаттылық ұласып тұратын. Ол кезде бұл үлкен мiнездiң төркiнiн, сүйiктi ұстаздың зайыр-затын бiлмедiк. Мүсекеңнiң түбi төре, Абылай ханның немере ағасы Сұлтанбет сұлтаннан тарайды екен. Ертiс бойын билеген Сұлтанбет (Сұлтанмұхаммед) парасаттылығы мен айымдығы, батырлығы мен мемлекет iсiне дайындығы соншалықты, Абылайдың тiрi кезiнде орыс патшасы екеуiн тең ұстапты. Сұлтекеңнiң Ресеймен де, Қытаймен де арақатынасты бекiтуге атсалысқан Абылай ханның үлкен мәмiлегерлiк қызметiн де өте жоғары дәрежеде орындағаны тарихта мәлiм.

Мұсахан ағамыз басқа қызметке кеткеннен кейiн, ол кiсiнiң орнына көп кешiкпей Сәрсенова Нағима мұғалiм бекiдi, өзi физик, ал жұбайы Қойшы Бибулаев математикадан сабақ бердi. Бибулаевтың математикаға бiлгiрлiгi бiр төбе, балаларды мұқият зерттеуi күштi, үлкен тәрбиегер ұстаз болып шықты. Мен басқа сабақтың бәрiнен беске оқып, математикадан төрт алып жүрдiм, оның да өз себебi бар, бұрынғы Қаусыл Жәкенов деген мұғалiмнiң есебiн дұрыс шығарамын, бiрақ тақтадан оқи келгенде бөлшектi үштен бiр деудiң орнына, орыс тәртiбiмен «одна треть» деп, яғни бөлшектi керiсiнiше оқып ренжiтiп алған болатынмын. Кейде тақтаға шығарғанды оқы дегенде, есебiмнiң қатесi жоқ, бiрақ оқымаймын деп ызаландырып алатынмын. Тағы бiр хикая, күзгi сабақтың басталған кезi болса да, барлық балалар футбол не волейбол ойнауға кетiп, терлеп-тепшiп интернаттағы бөлмеге келсек, жалғыз ғана Еркiн Бекенов деген сыныптас досым отыр екен. «Оу, Еркiн, саған не болды, көп қызықтан қалдың ғой» десем, ол: «Даурықпа, ертең математика», – деп қорқытты.

Сонда мен басқа балалардың көзiнше «Ей, бейшара-ай, радио тыңдамайсың, газет оқымайсың, математиканың негiзгi заңы өзгердi ғой. Мысалы, $2 \times 2 = 4$ деушi едiк, ендi екi де екi бес болды, бәрi – бiр алақанда» едiм.

Балалар түсiнiп, айтқанымды қолдай кеттi. Еркiн тосырайып бiраз

отырды да, Қайрош деген ағасы бар еді, содан сұрады, дұрыс па дегендей. Қайрекең қыздыра түсіп: «Ертең үр жаңа математика басталады, жаңағы Кәкімбек айтқандай, тәртіппен бәрі жаңарып кетті, әйтпесе доп теуіп жүрер ме едік», – деп түйді. Әрі қарай шыдай алмай Еркін бөлмеден шығып отырды. Сол кеткеннен Қаусыл мұғалімнің үйіне бір-ақ барыпты. «Жәй ма, шырағым, кеш болып қалды ғой?» десе, «Жәй емес» деп менен естіген «жаңалықты» айтып беріпті. Қаусыл ағай Отан соғысының мүгедегі, таяқпен жүретін майдангер, Қазан университетін бітірген қатал кісі болатын. «Жарайсың, шырағым... Математика орнында, бірақ Салықовтың сандырағын өте дұрыс деп білемін: екі де екі төрт, сол қылжаққа сеніп маған жүгіріп келген сенімен бес» депті.

Осы әңгімелерді жаңа мұғалім Қойшы Бибулаев естіп алыпты. Ол кісі бір күні мені сабақтан кейін қалдырып, оңаша әңгіме-дүкен құрды. Келісімен мұғалім уақытты көп созбады. «Қалқам, оқуға жақсы, ынталы бала екенсің, бірақ ақындығың қысып, математиканы қалжыңға салатын көрінесің, адам боламын десең оны қой, «Есеп білмеген есек», – деп бір түйді де, – енді тәртібіңді өзгерт, математиканы білмейтін оқушы емессің, алда әлі екі жыл бар, егер математикадан бес алып отырсаң, алтынға таласасың», – деді. Басқа да біраз мысалдар келтіріп, сау бол деп босатып жіберді. Мені бұл үлкен ойға салған кездесу болды. Математика сабағына назар аударып, бұрынғыдан қолға мығым ұстап алға бастым. Үш тоқсан біткеннен кейін төртінші тоқсанда Қойшы мұғалім шымқай өткенді қайталаумен, соңғы жылдары емтиханға келетін есептерді қайта шығартумен бәрімізді сақадай сай етіп дайындады. Мен Мәскеудегі Түсті металл және алтын институтына барғанда математикадан да, начертательная геометриядан да ешқандай қысылмадым. Ал, біздің ең босандау Бекенов Еркініміз Алматыдағы ҚазМУ-дің математика факультетін бітіріп, әрі математик, әрі көп жылдар көрші ауылда мектептің директоры болды.

Бірсыдырғы жылдардан кейін Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы кезімде Бурабайда демалдым. Бір жолы Сәбит Мұқанов ағамызға сәлем берейін деп «Оқжетпес» шипажайына келсем, бұрынғы директорым Нағима Сәрсенова, ол кезде Көкшетау облыстық атқару комитетінің орынбасары кезі, Қойшы ағай екеуі Көкшетауға аттанғалы жатыр екен. Мұғалімдерім қасымдағы жұбайым Мәриямды көріп қуанышқа бөленді. Бұл кездесу шын мәнінде де бір серпілдіріп тастады. Жатқан бөлмелеріне қайта оралып кіріп, жинап қойған шабаданды ашып, Нағима апай басталған бір үш жұлдызды коньякты ашуға

ыңғайланып еді, Қойшы ағай: «Қойыңыз, Нәке, өмірі үш деген баға алып көрмеген оқушымыз ғой, аш «Бес жұлдызды», – деді. Нәкең: «Ол да дұрыс екен, аттың басы, атанның қомы болды дегендей, асығыстық қой», – деп армянский бес жұлдызын ашып, үстелге шақырды. Коньякты талай жыл ішіп жүрміз ғой, тап осы жолы дананың алдында тұрған баладай селк етіп қатты қысылдым да, ұстазымның алдында ащыны татып көрмеп едім деп, әрең ғана тіл қаттым. Қойшы ағай: «Ей, қалқам, өзің де ел басқарған үлкен азамат болдың, рұқсат, бақытты бол», – деді. Сырымбеттегі балалық шақ оралғандай қатты қуандым. Дәл сол 1949 жылы «Қазақстан пионері» газетінде Сталиннің жетпіс жасқа толған тойына арналған өлеңімді басқандағы директорымыз Нағима апай мен Қойшы ағайдың интернатқа кештетіп келіп құттықтағандары есіме түсті. Шәкірттерінің қуанышына шын шаттана білетін тамаша ұстаздар ғой, ұмытпаған екен: «Баяғыда генсекке өлең арнап Сырымбеттің атын шығарып едің, партия жұмысында жүрсің, құтты болсын, Алла Кремльге жеткізсін» деп батасын берді. Нағима апай да шын сүйсіне қарап: «Қарақтарым, бақытты болыңдар!» – деп, екеуі бізді Сәбит ағай мен Мәриям апайдың жатқан жеріне апарды. Онсыз да қоштасып шығамыз деп отыр едік, балаларымыз келіп қалды деп, мұғалімдеріміз бізге де, Сәбеңе де үлкен құрмет көрсетті.

Мұғалімдеріміздің бәрін де жазар едім, әттең, сөз созылып кете ме деп қорқамын. Мен үшін Казгородоктегі ұстаздарымның барлығы да періште іспеттес көрінеді. Ол кісілерден алған білім мен тәлім-тәрбие, көзіміз көрген өмір сабақтары есімнен ешқашан да кетпек емес. Жасымнан аздап домбыраға әуестігім бар еді, тұңғыш ұстазым да Мұса Асайынов. Ал, Казгородокке оқуға келгендегі бір зор табысым – Хамит Нұрманов деген жас жігіт тарихтан сабақ берді және домбыра кружогын ашты. Бұл үйірме сәтті болды, күй тартатынбыз, ішекті аспаптардың күшімен әншілерді де сүйемелдеуші едік. Әйгілі әнші қыз Жамал Ақбұзауова «Сырғақтыны» шырқағанда мандолинмен менің сүйемелдеуімді ұнатып, аудандық, облыстық сайыстарға қатынасып жүрдік. Ұлан Ементаев екеуіміз бірге тартып, күйден де Көкшетаудың бас жұлдесін алып едік. Домбыра жан серігім болып, ән шығаруға да жаттықсам, сол Хамит ағайға алғысым мол.

Бұрынғы директорымыз Мұсахан Қанапияновтың соғыстан кейінгі енгізген бір дәстүрі – жыл сайын оқу бітіретін оныншы сыныптың балаларының көмелеттік аттестат алуын үлкен тойға айналдыратын. Ат шаптыру, балуан күресі, басқа ойындар өтетін де, алыс-жақыннан келген

ағайындар бар өнерін көрсететін. Біз оқу бітіретін жылда да сол дәстүр жалғастырылды. Атақты халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы өлеңмен құттықтап, ақ батасын арнады. Айыртау ақсақалы атанған «Шолақөзек» колхозының бастығы Тоқыш Рысбековтың да айтқан сөзі есте қалды. Тойдан кейінгі ас үстінде Молдекең: «Қалқам, Кәкімбек, қай оқуға барасың?» – деді. Мен ақын болам деп, Алматыдағы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне деген жауабымды көп кідірмей тік айттым. Шал қатты қарқылдап күлді. «Өй, сен онсыз да ақынсың ғой, ақырғы сынақтағы әдебиет пәніндегі шығарманы Торайғыровтың «Қамар сұлуына» арнап өлеңмен толғанып, атыңды Есіл-Көкшеге паш еттің, енді не керек?» деп, қарт ақын ойлы қалпымен салмақты айтты. Содан кейін бір бұрылып: «Халық ақыны болып атанып, ел тілегін ақтап жүрмін ғой, сонда мен қай оқуды бітірді дейсің. Ақынға оқу керегі жоқ, өмірге араласу керек, ол іштен оқып туады, анасының ақ сүтімен берілген нәсібі бар. Саған ақындықты еш адам үйреткен жоқ қой, оған бес жылыңды шығындама» деп, пиғылын білейін дегендей Тоқыш ақсақалға қарады. Тоқаң «басқа оқуды ойла, бұл оқуды қой, шырағым» дегендей нышан білдірді. Мен ендеше лесник болайын деп салдым. Оған ақ басы жарқырап Тоқаң сақ-сақ күлді де: «Оны қой, қалқам, «өлмесең обещик боласың» деген сөз бар, ол сөзде жасырын тәмсіл жатыр, оған да оқу керегі жоқ» деп түйіндеді. Сонда тойда отырған ақын Мұса ағам: «Бота, қайда барарын өзіңіз айтыңыз» деп Молдекеңе қарады, ол кісіні ел-жұртымыз «Бота» дейтінбіз.

Молдекең соғыс жылдары (1943) Нұрқан Ахметбековтен Алматыда айтысып тең түскенін әңгімелеп берді де, айтар сөзін үр жаңа бастап кетті. «Сол жолы біздерді – он алты облыстың ақындарын Жамбыл ақсақалмен қосып Қаныш Сәтбаев үйіне қонаққа шақырды. Баршамыздың сұрағымыз бойынша Қаныш кен барлау жұмысын қызғылықты етіп айтып берді. Жезқазғанды мысалға алып, елді қалай байытудың жолын сөз етті. Сен, Кәкімбек қалқам, үміт күткен өз баламсың, ақылың жетсе, Қаныштың оқуына бар. Көкшенің толып жатқан таулары әрі-сәрі, анау Жалғызтауда, мына тұрған Сырымбет пен Айыртауда ештеңе жоқ дейсің бе? Олай емес, Қаныш қалай Жезқазғанды жарқыратты, оның болашағын айтқанда біз таңқалдық. Соғыстан жүдеп шыққан ел жаңа ғана есін жинап келеді, сен ер жігіт болам десен, Абай айтқандай атаңның емес, Отаныңның баласы болуға тырыс. Қаныштың оқуына бар, жол ақысын өзім төлеймін», – деп тоқтады. Бәріміз ұйып тыңдап қалдық. «Көндім, Бота» дедім. Сол кезде Тоқыш ақсақал жарқ етіп, сөзге қайта кірісті. «Өзің өлгеннен сөзің өлген жаман» деуші еді, жарайсың, қалқам, Молдекеңнің

дуалы аузынан шыққан құдіретті сөзін жықпағаныңа рақмет. Ақылды сөз арнасын тапты. Алла саған Қаныштың өнерінің жалғасын берсін», – деп ақ тілегін білдірді. Мәскеудегі Түсті металл және алтын институтының шақыру қағазын газеттен қиып алып қойып едім, сол бойынша кен барлау факультетіне барлық документтерімді, орта мектепті күміс медальмен бітіргеніме сүйеніп, Мәскеуге жібердім.

Әрине, оның бәрі тегінге түскен жоқ, алыста жатқан меңіреу, сұрғылт, жабайы ауылдан қыж-қыж қайнаған, есің кетердей жайнаған Мәскеуге – ел төріне қалай барамын, оқуына үлгеру қалай болады деген де секем ойлар келді. Бірақ ақын атам айтқан асыл есім – Қаныш Сәтбаев жарқын жұлдыздай алыстан қол сілтеп, дем беріп тұрғандай тәуекелге шақырды. Құлагершіл мінезім сол тәуекелге сеніп, ішкі намысты ұлғайтты. «Қош бол, Сырымбет, саған рақмет!» – деп кете бардым.

Шота Уәлиханов Мәскеудің архитектура институтына түспекші болды. Тағы бір сыныптасымыз Айша Біркенова мен баратын институттың металлургия факультетін таңдады. Ақыры осылай болды да, Молдекен шығарып салуға келгенде қолыма жүз теңгелікті ұстатты. Туғалы поезға мініп көрмеген қазақтар – Айша екеуміз Мәскеуге тура кеттік. Шота Алматы арқылы оқуға алынды. Осылай Сырымбеттегі мектебімнен Мәскеуге жол түсіп, балалықпен қоштасып, жастық шақпен достасып, сәтбаевшыл инженер боламын деп жоғары оқу сапарын бастадым.

Қайда жүрсек те Сырымбеттегі мектебім болашаққа жаққан меже шамдай қасиетін ұмыттырмады. Үш жыл оқыған тамаша оқу орнының, оның мұғалімдерін, балаларды тәрбиелейтін қызметкерлерін түгел айттып тауысуға болмайды, ал айтпай кетуге сыймайтын бір мәселе – бұл өмірлік рухани азықтың үлкен бөлігі және қанша жасқа келсең де, қатарласа тілектесіп жүретін бірге оқыған достар, сыныптас қыздар. Сегіз ер бала, сегіз қыздан тұратын біздің сынып Казгородок, қазіргі Сырымбет қазақ орта мектебінің тарихына өшпестей етіп жазылды. Олай дейтінім, сыныптастарым өңкей өрім өнерпаздар, талпынуға жалықпайтын жас таланттар болатын. Мысалы, суретшілер Шота Уәлиханов, Еркеш Айтмағамбетов, Нұртас Айтбаев аудандық, облыстық дәрежедегі сайыстарда алда жүрді. Жас ақындарға келсек, мен бар, Шота бар, Уахитов Нығметжан өзгелерге дес бермеуші едік. Айша асқан математик, Зейнікеш тамаша биші, Әгір тарихқа жүйрік болатын, Зина мен Мағи, Бәкөш та осал емес. Айта берсек, бәрі де жақсы оқитын орнықты да ойшыл келген ақылды балалар еді. Балалықтың базарлы кезін соғыс жылдары жұтқан тірнектер орта мектепке келгенде іріктеліп, ақыл қонар қалыпқа

түсіп кетіпті. Оңашада отырып кей мәселелерді талқылай келгенде бәрі де тыс қалмайтын жігер-қайраттары мол жастар-тын. Кейбіреулерімен өмір жолында дәмдес-тұздас болдық, қайсыбіреулерін көптеп көрмесек те, өзара хабар үзбедік. Шота Уәлиханов қырық жасқа толғанда:

Әй, Шота, келіп қалдық қырық жасқа,
Ақтарар енді саған сырым басқа, –

деп желдірмелете келе:

Қалғанда балалық шақ Сырымбетте,
Мәскеуден біздің жастық бір-ақ шыққан, –

деп ақиқатты дерек етіппін. Парталас досым Шота бұл күнде Тәуелсіз мемлекетіміздің ұлы рәміздерінің бірі – Елтаңбаның авторы, әйгілі суретші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Алматыдағы Шоқан ескерткішінің екінші авторы, Тәуелсіздік алаңындағы монумент – бүгінгі Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханның төл еңбегі. Мен үшін өте қымбатты дүние – Семейдегі полигонның зардабына арналған ескерткіш заман сырын айтып берген ғажайып дүние. Шота әрі ақын, әрі драматург, үлкен оқымысты, мәдениет ғұламасы ретінде Сырымбетте, Мәскеуде оқығанын ғана емес, Шоқан бабамыздың немересі ретіндегі парызын ақтай білген азамат. Шотаның бойына біткен талантын мұқалмайтын ынта-жігері мен жанкешті еңбекқорлығы шыңдап келеді.

Достарымның осалы жоқ, ал қыздарға келсек, Айша Біркеновамен Москвадағы Түсті металл және алтын институтында бірге оқыдық. Мен кеншілік жолында Сәтбаев тапқан кендерді қазып, жер астынан алып беремін деп ұмтылсам, ол металлург болды, кейіннен ғылым кандидаты атағына жетті. Әттең, дүниеден ерте кетті. Өзге қыздардың бәрі де ЖенПИ-ді бітіріп, ұстаздық құрумен болды. Сол қыздардың төртеуі Көкшетауда, біреуі Саумалкөлде тұрып жатыр. Оларды жиі көріп тұратын да күндер болды, сондай кездесулердің бірінде айтқанымдай:

Ақ шашты желбіретсем тарамай кеп,
Ұмыттым өткен күнді санамай көп.
Қорқамын
бірге оқыған сұлуларға,
Қайтадан ғашық болып қалам-ау, –

деп әзілге бұрсам да, бір үйде өскен балалардай ыстық тартып тұрады. Қазір қырық жас дегенді еске алмаймыз, қайран алпыс! – деп тақап қалған сексенге сері күнде сергек жетсек дейміз.

14.01.2010.

Астана




БІРІНШІ БӨЛІМ
ТУҒАН ЖЕР, СЕНСІҢ МЕНІ ТАҒАЛАҒАН...

*Емес қой жастық ермегім,
Қаламым менің қолдағы.
Елге ұнаса еңбегім,
Мақтаныш қой ол-дағы.*

*Ауылдың ақын қарттарын,
Жалғауға жастар мол дайын.
Ән-күй мен домбыра баққаным,
Мен қалай ақын болмайын?!*

*Жалықпасын өңдеуге,
Келгенінше қолымнан.
Соңыра мен өлгенде,
Кетпесін құрып соңымнан.*

*1949.
Сырымбет*



АҚ ҚАЙЫҢ

Көрсем-дағы ақ қайың
Алатаудың бауырында;
Тұрғандайсың әрдайым
Біздің ауыл маңында.

Қарағайлы жас орман
Қоюлана қалмапты.
Алтын шұғыла тек саған
Төккендей бар жарықты.

Өткен сайын қасыңнан,
Көз алмастан қараймын.
Бірге өскен жасымнан
Ауылдасқа балаймын.

Жүрек жүгін ақтарып,
Кейде есіңе аларсың.
Мен кеткенде аттанып,
Қимай қарап қаларсың.

*1954.
Текелі*

* * *

Ауыл жатты,
Ай батты.
Сай-саланы
Түн жапты.
Тұрмын әлі,
Елден әрі.
Өзі қайда?
Жетті әні.
Келер шығар,
Көңіл тынар.
Бір басылар
Бұл құмар.
Тостым ұзақ,
Кеттім ұзап.
Жүректе жоқ
Еш сызат.
Жарқ етті ол,
Ұсынды қол.
Туды мезет
Рахаты мол.
Шын күрсіндім,
Кеш түсіндім.
Алдағаны-ай
Түсімнің.

1954.

Текелі



ЕСКІ ҮЙ

Өзі шаттық, өзі мұң,
Қасірет-қайғы шеккен үй.
Тірісінде көзінің
Әкем салып кеткен үй.
Шат-шадыман көңілді,
Құтты үйлердің бірі еді.
Анам барда сол үйдің
Іші қандай нұр еді?!
Ел шетіне жеткенде,
Елжіретті-ау көңілді.
Еске сап өткен-кеткенді,
Көзіме ыстық көрінді.
Шатырда пештің мұржасы
Ұқсайды жүдеу жетімге.
Көзімнің ыстық бір жасы
Еріксіз тамды бетіме.
Не дерсің осы тағдырға,
Есіктер қалған қуарып.
Жаздайғы жауған жаңбырдан
Кетіпті үйді су алып.
Албыртқан жаным күйініп,
Кеудеме қонды күз менің.
Іздедім үнсіз түйіліп,
Анамның басқан іздерін.
Іздедім, бірақ таппадым,
Тағдырдың ауыр заңы бұл.
Балалық бұлдыр ақ сағым
Оралды маған тағы бір.

1954

СТАРЫЙ ДОМ

Перевод Г. Колесникова

И вот
Опять на край села
Меня дорога повела,
Где наклонился старый дом,
Уже зачисленный на слом...
Мне этот дом давно знаком,
С волненьем в сердце подхожу,
И, со слезами на глазах,
Я долго на него гляжу.
Его построил мой отец
Пред тем, как уходить на фронт.
У дома песни пел скворец,
И цвел душистый огород.
И полон был веселья дом!
И улыбался мир семье.
Гостеприимством и добром
Дом был известен на селе.
Блеснули окна над кустом.
Гляжу я с трепетом в груди,
Как будто детство впереди,
Как будто
Ожил
Старый дом.





МҰСАҒА ХАТ

Жүрмісің есен-сау,
Құрметті бауырым?
Өткеріп қатал жау
Қазаның ауырын.

Мәңгілік сапарға
Ұзаттың анаңды.
Жаныңа батар да
Жоғалту пананды.

Сөздің жоқ қарасы,
Айта алса бала сыр.
Шешемнің апасы,
Қайда ондай жанашыр?!



Мұң келдi кесекпен,
Өшпестей таңбасы.
Сол едi кеше өткен
Анамның жалғасы.

Айтты ғой неше сан:
– Шын жәрдем берем, – деп.
– Үйленсең, Кәкіжан,
Қолыңа келем, – деп.

Бейнесін сезінем,
Кең толғап көсілген,
Балапан кезімнен
Аялап өсірген.

Көз жасың бұлама,
Ер мінез көр шыдап.
Сен, Мұса, жылама,
Отырмын мен жылап.

*1954.
Текелі*



МЫҢ БЕЛГІ

Жалынды жылдар жаңылып,
Жалғастырды біздерді.
Көктем толы сағыныш,
Қоштастырып күз келді.

«Сүйдім» деген хаттарың
Бір келмеді, жүз келді.
Бәрін де соның сақтадым,
Жазулы қалды жүз белгі.

«Сүйдім» деген хаттарың
Жүз келмеді, мың келді.
Бәрін де берік жаттадым,
Жадымда қалды мың белгі.

Сәтсіз-сәтті өзіңмен
Ойға алар талай күн келді.
Сен сыйласқан кезіме
Жасап өтем мың белгі.

1955

ЕЛЕСТЕУ

Жидек пісіп,
Мойыл, шие толғанда,
Егінге ерте,
Шөп шабылып болғанда;
Не көрмейсің,
Не түспейді есіңе,
Сырымбетте санаулы күн болғанда?!

Жас қайыңдар
Назданып көз байлайды,
Сандуғаштар
Сағыныш ән арнайды.
Бір ескі жол топырағында таныс із,
Ирелеңдеп елес көшін жалғайды.
Бұл екі аяқ
Қайда сонда бармайды,
Шолып қайтам
Жақынды да шалғайды.
Үндеместен біреу қарсы келердей,
Сол ескі жол көз алдымнан қалмайды.

Шаңқай түсте
Сөнген жұлдыз аққандай,
Жалт қараймын,
Анамды іздеп тапқандай.
Иығына күйентесін іліп ап,
Құдық жаққа кетіп бара жатқандай.

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер, сүйем сұлу тауларыңды,
Самал жел, жұпар ауа – бал-дәріңді.
Өзіңе қарай-қарай үйреніппін,
Әлемде сұлулыққа таңдануды.

Сүйемін шалғы сілтеп шөп шабуды,
Оянда жидек, шие көп табуды.
Желпінген өзен бойлап тал түбінде,
Бастап ем қаламқасқа көз қағуды.

Қыс келсе өзен бойлап, қолда қармақ,
Сүюші ем отыруды балық аулап.
Қыздарға суға келген сауға беріп,
Алушы ем жүректерін жалғыз жаулап.

Құт мекен, ана сүтін емген жерім,
Есен жүр ер болар деп сенгендерің.
Жуырда бір сұлуға көзім түсті
Мәскеудің қақ төрінде кербез-керім.

Домбырам сүйсіндірді тәкаппарды,
Ақ сөзін ақылды қыз атап қалды.
Бере бер ақ батаңды, атамекен,
Бітуге оқуым да тақап қалды.

1955



МОЛДАХМЕТ ТЫРБИЕВКЕ

Біржан сал, Ақан сері қиялындай,
Үкілі Ыбырайдың тұяғындай;
Бөлеген Көкше өңірін ән мен күйге
Молдеке, сізді өлімге қиямын ба-ай?!

Асқақ ән тік шырқауы қайырылды,
Отты жыр өр жалыны майырылды.
Ел-жұртың «Бота» дейтін атыңызды,
Ақбура ботасынан айырылды.

Туған ел, ардағыңа жетті тұзақ,
Тарлан ер – ақын ұлың кетті ұзап.
Жалғызтау шоң қабағы омырылып,
Есілге құба жартас кетті құлап.

1957

ЕСКІ ДӘПТЕР

Сүйсінбейді жілік алған сәтке кім,
Аз емес-ау ауыз күйген «әттеңім».
Соның бәрін қаз-қалпында сақтапты,
Бала күнгі өлең жазған дәптерім.

Балғын көңіл ашық жатыр әр шағым,
Көрініпті Ай, аспанда жай шығатын.
Ақбоз үйде мені іздеп жүргендей,
Аққұба қыз қолына ұстап май шамын.

Айдалаға сыймай жүрген құр аттай,
Көрінгенге қоймаппын-ау сын артпай.
Көрші қызды Күнге теңеп мақтаппын,
Жасқандырса бір қарауға шыдатпай.

Тұңғыш өлең түзетпедім сөз әнін,
Шексіз үміт, сездім аңғал оспағын.
Шағын дәптер көп әуресі тебіреніп,
Елестеді ең алғашқы достарым.

Ескермедім көркемдік пен көлемін,
Ойлантпады жеткен жері өренің.
Оқып-оқып, соңғы өлеңге жеткенде,
Қарақат көз мөлт еткенін көремін.

1958

АҚБҰЛАҚ

Ауылымның ырыс құты Ақбұлағым,
Тереңнен телегей боп сарқырадың.
Кеудесін қара жердің тесіп шығып,
Жыр болып жүрегімде жарқырадың.

Бұл күнде сенен шалғай жүрсем де алшақ,
Бір жұтым ынтығамын суыңды аңсап.
Кетпейді көкірегімнен тәтті күйдей,
Ойнақы, наз еркелі күлкің сақ-сақ.

Қымбат қой туған жердің топырағы,
Жасыл бел, тау саясы, көл құрағы.
Бірақ сен тірі жандай тіл қатушы ең,
Содан ба, ішім саған көп бұрады.

Сағынып келіп кейде сайрандаймын,
Бойыма өршіл қуат алғандаймын.
Сарқылмас өміріңнің сырын ұғып,
Өзіндей бола алсам деп армандаймын.

1958

ӨМІРІМ МЕНІҢ, КӨҢІЛІМ МЕНІҢ

Менде ме, менде, досым,
Құрдастар көп,
Ақынжанды,
Ақ ниет сырластар көп.
Солар күтіп жүргендей
Сезінемін,
Қашан тағы кезекті жыр бастар деп.

Кімім көп бұл өмірде?
Қанаттас достарым көп,
Ұшар сәтін тұратын
Қоштағым кеп.
Достарым көп,
Қасым аз болғаннан ба,
Есік қақпай кіретін қостарым көп.

Сыйлап жүрер өзімді,
Әрине, інілер көп.
Дәріс сұрап, алдыма жүгінер кеп.
Бастан өткен ғадет қой,
Олар-дағы
Бізді сырттан айтады-ау «ірілер» деп.

«Ірілік» жоқ
Менде әсте, кішілік көп.
Қиналма, інім,
Сыр бүкпе қысылып тек.
Біздің үйдің есігі күнде ашық,
Дидарласып көр-дағы, түсініп кет.

Еркелейтін алдымда
Ағалар көп.
Тың өріс, ой орманын аралар кеп.
Ағалар-ай!
Арыстар!
Барың жақсы,
Өмір нарқын сендерсіз
Шамалар ма ек?!
Аға, іні,
Достарды көпсінбеймін,
Тек жақсылық жанымнан
Өрсін деймін.

1959



КЕЗДЕСУ МЕН ҚОШТАСУ

Қуансақ та есен деген хабардан,
Кездесуде, жүздесуде бар арман.
Тірліктегі тату-тәтті ғұмырың
Кездесу мен қоштасудан жаралған.

Кездескенде қуанамыз бәріміз,
Қоштасарда қиналады жанымыз.
Кездесу мен қоштасудың арасын
Жалғастырып жатады екен сағыныш.

Кездесуден қоштасулар қалмайды,
Кезектесіп бірін-бірі жалғайды.
Кездесуді аңсамаған адамдар
Бірін бірі өмір-бақи алдайды.

1960



КҮМІСТІ ЕР

Арман асу,
Ұшан күз биіктерге,
Жетем десем ойға алған үміттерге;
Көзім менің түседі ата мүлік –
Босағада ілулі күмісті ерге.

Кейде аңсап
Көруге тұлпар шаңын,
Бала жастан дүбірге іңкәр жаным.
Ерді көріп ойлаймын көп болса деп
Құлагердей, Абсенттей тұлпарларым.

Ұлым, тыңда,
Айтарлық саған мәнін,
Сұңқар, тұлпар сипаты маған мәлім.
Атты күткен атақты адамдар бар,
Сәйгүлікпен сәндеткен дала сәнін.

Кер бестіні
Мен-дағы баптап жүрмін,
Тұлпар болар тілекпен сақтап жүрмін.
Бәйге салып, жұлде алса жануарым,
Ер қанаты осы деп мақтап жүрмін.

Жүйрік күтсем,
Ер тозбау сылтауыма,
Ерге мінсем мінемін бір тауыма.
Айға барып салт атпен жүрмесем де,
Тастап кетем осы ерді ұрпағыма.

1962

СЕДЛО

Перевод Г. Колесникова

Оставлено дедом на память,
Расшито седло серебром.
«Взлетать на коня и не падать,
Лететь над степями орлом!» –
Таков был наказ аксакала.
И я выполнял тот наказ.
Не раз
Моя юность скакала
Под блеск удивительных глаз!
Седло над землей возвышало.
И, как на вершине горы,
Душа моя ветром дышала,
И радовал сердце порыв.
С мальчишеских лет
Моя слабость –
Все кони
Различных мастей.
Они украшают и славят
Казахскую вольную степь.
Живу на земле я оседло.
Зачем мне по свету кружить?
Ращу Кулагера, Абсента,
Чтоб первым джигитом
Прослыть.
Пусть в космос летят!
Пусть неловко
Писать про коней и село.
И все ж оставляю потомкам
В серебряном звоне седло.



АТА ҚОНЫС

Жылдар жылжып,
Келсем кейде ауылға,
Ойымда тек балаша асыр салу ма?
Сағынышты баспақ түгіл, ұлғайтып,
Барып қайтам от боп лаулап жануға.
Осындай бір сапар тартып тағы да,
Келіп тұрмын біздің үйдің маңына.
Ал үй қайда?
Қайда кеткен, япырмау?
Күтпеген бір қаяу түсті жаныма.

Ескі жұртты – біздің көне қос үйдің
Қара орын деп айтуға да шошимын.
Дүниеден тым ертерек өтіпті
Маған қымбат пенделері осы үйдің.

Толқып кеттім, бірақ денем қызбайды,
Қызу қайда, тұла бойым мұздайды.
Қарт солдаттың жарасындай оқ тескен
Жаным қатты ауырады, сыздайды.

Ескі үй жайлы өзімді-өзім қинатпай,
Үнсіз ғана кете бардым тіл қатпай.
Анашым-ау!
Ескі үйді мен әкетем
Шаңырағын сол күйінде қиратпай.

Қимастықтың қиындығын жеңерміз,
Біз тұрамыз ескі үйде деп сенерміз.
Туған жерді аңсағанда жол түсіп,
Қара орынды бір көруге келерміз.

1966

АТА-КОНЫС – ЗЕМЛЯ ОТЦОВ

Перевод Г. Колесникова

Когда я пью вино или кумыс,
Когда я веселюсь среди друзей,
То всей душой с тобой, Ата-Коныс,
Я сын твоих озер, твоих степей.
Пусть судьба забросит далеко,
Пусть осенний дождь
В окне повис –
Я всей душой с тобой, Ата-Коныс,
И потому моей душе легко.
Не для потех, а сердцем погрузить
Я часто прихожу к земле отцов.
Не каждый узнает меня в лицо,
Но каждый
Просит дольше погостить.
Наш старый дом уже давно снесли,
И молча я стою на месте том,
Где мы под небом солнечным росли,
Где улыбался окнами наш дом.
...Земля горька от материнских слез,
А мама вечно спит в тени берез.
Сказал бы маме я:
«Не унывай.
Я старый дом наш сердцем перенес
В другой такой же солнцеликий край».
Я видел кедр и стройный кипарис.
Но где бы ни был я, в конце концов
Я возвращусь к тебе, Ата-Коныс,
Я поклонюсь тебе, земля отцов.

САРҚЫЛЫП САҒЫНЫШЫМ ҚАЛМАС ПА ЕКЕН?!

Жүрегім
Жүзі қайтпас алмас па екен?
Жарқылы жыр жетелеп бармас па екен?
Құрметті бір қонағың әнімді айтып,
Әуреге ойда жоқта салмас па екен?

Білем, сен ішқұса боп өкінесің,
Суынып, жұрт көзінше бекінесің.
Тыңдай бер жүрегіңе жылы тисе,
Ем іздеп енді кімге өтінесің?
Аңсатпан көктен жұлдыз әперем деп,
Тамсантапан отырғандай Меккеден кеп.
Тебірентем,
Тебіренемін,
Қимас күндер
Біразын көз алдыңа әкелем деп.

Ол күндер –
Ұмсындырған арман күндер,
Ауылда – артымызда қалған күндер.
Тұңғыш гүл –
Тұншықтырған дәру иісі,
Көрген түс, көктем сағыз –
Жалған күндер.

Жүрегім
Жүзі қайтпас алмас па екен?
Жарқылы жанарыңмен жалғас па екен?
Өзендей көл шетіне жете алмаған,
Сарқылып сағынышым қалмас па екен?!

1966

ІНІМЕ ХАТ

Сапаржан, ауыл аман ба?
Сағынып жүрмін, қайтемін?
Наз айту қағаз-қаламға,
Бола да бермес жай-тегін.

Барам деп талай жиналам
Ағайын – ардақ қауымға.
Қол тимей, бірақ, қиналам,
Жол түспей туған ауылға.

Қоскөлге қарап күлімдеп,
Қос қызға ғашық жігіттей,
Тұр ма екен Сырымбет,
Тұлғасы толы үміттей?

Жатыр ма гүлге тұншығып
Шалғыны қалың қаудан бел?
Толқыны толғап тіл шығып,
Сұрай ма мені Саумалкөл?

Туыстар сырттан көп сөгер,
Жатбауыр дер ең кемі.
Аз келіп жүр деп сөгер,
Ата-анамыз кеткелі.

Сағынғаны – сөккені,
Тіл тартпан байтақ бауырға.
Парызым, назым көп те еді,
Бармасам соғар ауырға.

Құрдастар, қайда құрдастар,
Жарасар шаттық ұласып?



Әзiлмен мәзiр кiм бастар,
Сәлемнен бұрын сынасып?

Әр үйде той жасалып,
Әбiгер ауыл мейрамдап.
Жас күнiм келiп жасарып,
Сауығар ма ем сайрандап?!

Орансам тәттi сезiмге,
Қобалжу, толқу көбейсiн.
Алаңдап жүрмiн өзiм де,
Келем деп айтты дегейсiң.

Сапаржан, ауыл аман ба?
Аз күнге соғып өтпедiм.
Сыр-сұхбат құрып саған да,
Ағалық айтып кетпедiм.

Суыспай жиi келуге
Жiбермей қойды қалың iс.
Жуыспай жүре беруге
Жетер де емес халiмiз.

Ағалар қайда iлгерi,
Отырар сәнi ұнасып?
iнiлер қайда iргелi,
Қыздырар қызық құрасып?

Мiнезi тарпаң ақдауыл,
Жан едi жарқын, гүл дейдi.
Көршiнiң қызы тәп-тәуiр
Мұғалiм болып жүр дейдi.

Бiлемiн, бәрiн түсiнем,
Бұралаң жолдар бағынар;



Саңғалсыз жұмыс ішінен
Бір сәтті саңылау табылар.

Жүрекке тиіп әр сәлем,
Жылуы таныс қолдармен;
Өтермін өсіп мәртебем,
Әкеміз басқан жолдармен.

Келермін аққу-қаз даусын
Сызылтып көлге түскенде.
Келермін елге жаз маусым,
Жидек-шие піскенде.

Әйтеуір бір дәм тартады,
Жетермін науқан жоғында.
Келермін қазы-қарталы,
Сүйкімді қысқы соғымға.

Бал-шекерін баптасып
Қадірлі біздің жеңгелер;
Сағынышына орап сақтасын,
Есептеп күнді мен келер.

1967

ПИСЬМО БРАТУ

Перевод Г. Колесникова

Я давненько
В ауле родном
 не бывал.
Как всегда,
Не пустили заботы,
 дела.
Слышишь,
Брат,
Вся Россия от снега бела.
Небеса
 над Россией
Чисты,
Как Байкал.
Я скучаю
По нашим раздольным
 степям,
Снятся мне
Улытау,
Залиты луной.
Еле-еле
 тоску по аулу
 стерпя,
Я шагаю с работы
Вечерней Москвой.
Старики
 скоротечным часам
 знают счет.
И бранят:
Дескать,
 парень зазнался совсем.
Пусть бранят.



Это значит,
Что помнят еще.
Как там слева сосед?
Как там справа сосед?
Ох,
 приеду –
Пойдем по родным,
 по друзьям.
Ох,
 пройдемся с тобою
По струнам домбры.
И, как в детстве,
Поскачем
 по нашим
 степям,
Заночуем с тобой
У подножья горы.
Вспыхнет утро в горах,
Синевою звеня!
Будет плавать
 в траве
Золотистый
 табун.
И волеет в меня
 юность
Старинный
Аул.



ЕСІЛГЕ

О, туған жер!
Торғын тоғай Есілім!
Өр толқының – сәби күнгі бесігім.
Сен жатпасаң өлеңіме бөленіп,
Өзіме-өзім етпес едім кешірім.

Есілді айтсам,
Жаңылғандай есімнен,
Бала болам,
Бір сүңгуге шешінген.
Ой сандығын астан-кестен ақтарып,
Өзен болам,
Еркін толқып көсілген.

Есілім-ай!
Сабырлысың, қызбайсың,
Атамекен, ескі арнаңды бұзбайсың.
Сарыарқаны төркініндей аралар,
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсың.

Ақ қайыңдар
Алқалаған Есілім,
Жағалауға тал қалаған Есілім.
Алтын арпа, ақ бидайдың өлкесі,
Сенен алған миллиардтар есімін.

Тыңға тіккен ең алғашқы қостардың,
Есілісің тоқсан ұлтты достардың.
Палаткалар тұрған жерде – қалалар!
Жұлдыздары қонды жерге аспанның.

Көз алдымда қиқу салған аққуың,
Көз алдымда шәлкес мінез шат күнім.
Ұрпақтарға ұштастырғым келеді
Қараторғай қалқуын,



Үкілі Ыбырай «Гәккуін».
Мамық төсек – қазотылы жас құрақ,
Зәмзәм еді-ау салқын саумал тас бұлақ.
Құлшынушы ек Құлагерге мінгендей,
Ағаш атқа жайдақ мініп шапқылап.

О, туған жер!
Торғын тоғай Есілім!
Өзің аштың маған өмір есігін.
Тоса білген майдандағы ардағын,
Анам болған бір ардақты жесірің.

Біздер содан
Есен қалған аманат,
Естімедік олар жайлы жаманат.
Ақ сүтпенен бойға сіңген арман бар,
Болып өту өзің сүйген азамат.

Қайда жүрсем,
Есіл, сені сағынбай,
Шыдар ма еді сезгіш жүрек жарылмай?
Бір бөлшегін бүтін сақтап қойыпты
Қызылжардың құлан өтпес жарындай!

Қайда жүрсем,
Көп үзбеймін қарасын,
Жыл мезгілде жылы сәлем аласың.
Сағынышым құс жолындай жалғайды
Жалғызтау мен Ұлытаудың арасын.

Қимас жанның қайталауға есімін,
Жетпей де жүр кейбір кезде кесімім.
Қарақат теріп жүргенімде жағанда,
Қарақат көздің естіп едім шешімін.

1967

ҚҰС САЙРАН

Көлдің беті әсем әнге тұнады,
Қаңқылдасып құстар сайран құрады.
Екеу-екеу би билесіп масайрап,
Жылжи алмай төс тақасып тұрады.

Сарғайтса да сағыныштың тәттісі-ай,
Қуанышқа толып терең жатты сай.
Күз қоштасып күңіrentіп өтсе де,
Жаз келгенде кездесудің сәттісі-ай.

Көз алдымнан құстар қалқып өтеді,
Толқындатып көңілім көл боп кетеді.
Шұбатылған ақ көйлектен аумады
Су сипаған ақ қанаттың етегі.

1968

КҮЗ

Тау беткей қара шоғыр ыстаныпты,
Еменнің бойы әнтек қысқарыпты.
Ақ қайың жапырағы алтын сары,
Теректің үсті-басы мыстаныпты.

Саумалкөл айқын көкшіл
Ніл болыпты,
Сұр жартас тақырланып піл болыпты.
Ой, алла-ай, балбырағын ақ науаттар –
Аңқыған иіс қайтып, гүл солыпты.

Қарағай жасыл желкен өң бермейді,
Күрең тал кәрі шалдай өңмеңдейді.
Қаусаған кемпіріндей жиде жұтаң,
«Әрі тұр, от қызуым сөнген», – дейді.

Кер шілік көк жорғадай тепеңдейді,
Күз түгіл, қысты аттап өтем дейді.
Сыңсыған сыбытқымен сыбырласып,
Жез киік жылы жаққа кетем дейді.

Аспанда қайтқан құстар қиқулайды,
Қоштасып салған әні сиқырлайды.
Тірліктің әр қияны еске түсіп,
Жүрегін осындайда бір тулайды.

1968



СУСЫН ЖҰТШЫ, АҒАТАЙ

Нәр татпай жүзің жұқарып,
Қалыпсың жүдеп мұқалып.
Сағынып, аңсап келгенде,
Сағынтқан ұлың бергенде,
Сусын жұтшы, ағатай.

Зәмзәм тосып жалынып,
Келінің отыр қамығып.
Інілерің иіліп,
Зәрудей сұрар қиылып,
Сусын жұтшы, ағатай.

Құрдастарың келіпті,
Біздерге бермей ерікті.
Бұйырады ішсін деп,
Төсектен жерге түссін деп,
Сусын жұтшы, ағатай.



Күрең ат тұр елеңдеп,
Өзінді қашан көрем деп.
Жалынышпен жан ұғар,
Кісінейді жануар,
Сусын жұтшы, ағатай.

Ауылдың көл, су, бұлағы
Бір жұтсын деп тұнады.
Есіркеп Есіл, Қамсақты
Мөлдірін тосып аңсапты,
Сусын жұтшы, ағатай.

Жетімдер сені сүйетін,
Батасын қарттар үйетін;
Саулығыңды тілейтін,
Ауырлап қалсаң жүдейтін,
Сусын жұтшы, ағатай.

Балдыз-бажаң басыңда,
Жездейлер тұр қасыңда.
Жаутаңдап бәрі қарады,
Жалыныш еткен талабы –
Сусын жұтшы, ағатай.

Қос немерең сұрайды,
Ішпесең олар жылайды.
Ішпесең жауым сынайды,
Ішпесең тауым құлайды,
Сусын жұтшы, ағатай.

1969

ГЛОТОК ВОДЫ

Перевод Г. Колесникова

Нет, совсем не проста
В нашем ауле
Вода.
А – прозрачна,
Чиста
И чудодейственна.

Ты в пути
ослабел,
Недалеко
до беды.
Сын
склонился
к тебе:
«Выпей
Глоточек
Воды!»

Степь от зноя
желта,
И облака не видны.
Умоляет жена:
«Выпей
Глоточек
Воды!»

Падать духом
Нельзя.



Будь же сильнее
судьбы.
Приказали друзья:
«Выпей
Глоточек
Воды!»

Были дни
нележки.
К щедрому
Люди добры.
Говорят старики:
«Выпей
Глоточек
Воды!»

Прожил,
Горы любя.
Вырастил детям
Сады.
Просят внуки тебя:
«Выпей
Глоточек
Воды!»

Конь храпит
у плетня,
Конь
подходит
к воротам родным.

Ржет,
Как просит тебя:
«Выпей
Глоточек
Воды!»



Завернула река
И поворотом волны
Просит издалека:
«Выпей
Глоточек
Воды!»

Нет, совсем не проста
В нашем ауле
Вода.
А – прозрачна,
Чиста
И чудодейственна.



АҒАТАЙЫМ
Айтахмет Салықовқа

Күлімдеп күн артынан күн шығады,
Ақ сәуле төгіледі нұр шуағы.
Жер, аспан, орман, көлдер көріктеніп,
Қуанған тіршіліктен үн шығады.

Жайқалса бәйтерек боп бала қайың,
Ол – сенің өз ұрпағың, ағатайым.
Фашисті жеңіп едің...
Дерт жеңді ғой,
Өмірден ерте аттандың жазатайым.

Өсірдің үйелме мен сүйелмеден,
Көп шаттық қарт күнінде үйем деп ем.
Сен үшін жан қисам да аз деп білем,
Сараңсып дәнеңем жоқ үнемдеген.

Сені айтсам түзер өлең сөзім өңін,
Сақтаушым, жебеушім де өзің едің.
Бауырыңа аштық жылы басқан бала,
Алдыңда мың борышты сезінемін.

Асылсың ұя болған балапанға,
Баулыдың салып құтты алақанға.
Өзіңді әлі күнге елестетем,
Ақ ниет аттанарда жаңа таңға.

Адамға ғажап еді-ау жақындығың,
Сол мінез бойға қонды батыл бүгін.
Жан едің шын мейірбан, мырза қолды,
Сол мінез жеңілдетті ақыл жүгін.



Жан-жаққа жақсылықтың септiң гүлiн,
Заң еттiң қайда жүрсен көптiң үнiн.
Болғаның ең алғашқы сен депутат,
Мол едi кем-кетiкке сепшiлдiгiң.

Бастасам үлгi көрiп өмiр көшiн,
Бiлемiн ұядан жан бөлiнбесiн.
Ел-жұртқа адалдығың аңыз болды,
Арманшыл биiк қиял төрiмдесiң.

Өлi де есiмiңнен қарқын алам,
Арыссың жас ұрпаққа салты ұнаған.
Мәрмәрлап бейiт тасқа белгi орнатсам,
Өзiңсiң мен бiлетiн алтын адам.

Ардақты жеткен жансың мұратыңа,
Жыр жаздым сол шындыққа илантуға.
Жұмақтан Алла саған орын берсiн,
Келiп тұр шөберелер зиратыңа.

Не болар едi сенсiз тiршiлiгiм,
Жайқалды үмiт артқан гүл-шыбығың.
Ешкiмге бас игiзбей өсiрiп ең,
Алдында бас идi деп бiлшi бүгiн.

КӨКШЕТАУ

Көкшетау өзге таудың тәубесіндей,
Қызығы құмартқан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айналып жатқан екен,
Жұмбақтас суға белден батқан екен.
Ақбура шөлі қанып дөң асқанда,
Қай сотқар көзі қиып атқан екен?!

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,
Сал бойын сандықтастар дестелейді.
Сыры мол ел аралап аңыз болған,
Қазағым еркелетіп «Көкше» дейді.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.
Ақ балтыр ақ қайыңдар жарқ еткенде,
Тал ойнап, қамыс басы желкілдескен.

Тас бұлақ тау ішінде сарқыраған,
Еркелеп елге таныс ән құраған.



Мөп-мөлдiр көкшiл таза су түбiнде
Құмқайрақ сары алтындай жарқыраған.

Көрген жан тамашаға берiледi,
Екi аяқ аттауға да ерiнедi.
Аспаннан күн сәулесiн қуа келген,
Ақ жаңбыр жалт-жұлт етiп себiледi.

Аққу-қаз екеу-екеу ойнайды екен,
Нәзiк жан махаббатқа тоймайды екен.
От құшақ күйдiрсе де шер тарқамай,
Сақ қыран шүйiлсе де қоймайды екен.

Жан-жаққа бас айналып жаутаңдайсың,
«Ат үстi» келсең-дағы қайта алмайсың.
«Әу» десең орман-тоғай жаңғырығып,
Аузыңа түскен сөздi айта алмайсың.

Күлiмдеп күмiс шырша кеңес дейдi,
Ну орман тыңдай қалып, жел еспейдi.
Жалғызтау Үкiлi Ыбырай сырын айтса,
Сырымбет анам болып елестейдi.

Не деген сүйкiмдi ауа,
Әсем көрiк?!
Барады көрген сайын әсемденiп.
Айыртау Ақан, Бiржан сияқтанса,
Оқжетпес қарай қалды Сәкенденiп.

Көңiлдi кең далаға бұра бердiм,
Құмарттым толқынына құба белдiң.
Тербелген ақ бидайдың арасында
Ор болып iзi жатыр Құлагердiң.

Ән десең «Гәккулеткен» әншi дайын,
Күй десең «Көкейкестi» күйшi дайын.

Би десең біздің ауыл қыздарындай,
Бұрандап шыға келер биші қайың.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,
Екі көз шыр айналар тостағандай.
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,
Көкшетау әудем жерге тастағандай.

Тау – қорған, атам қазақ жалауы бар,
Тау – көсем, «Абылай хан алаңы» бар.
Тау – дана, Шоқан өскен баурайында,
Тау – батыр, Мағжан айтқан Баяны бар.

Тау – сері, сексен көлі етегінде,
Барады сексен сұлу жетегінде.
Япырмай, соның бәрін қияр ма екем,
Соңыра көз жұмылып кетерімде?!

1969.

*1971 жылы осы өлеңге
автор өзі ән жазған*

ҚАЙСЫҢА БҰРЫЛАЙЫН, БАР АҒАЙЫН?

Отырам кейде аспанға ұшып кетiп,
Бiр ыза, бiр өкiнiш қысып кетiп,
Оралам бiздiң ауыл көшесiне,
Есiме өткен күндер түсiп кетiп.

Барлаймын базары көп балалықты,
Шарлаймын ширек ғасыр аралықты.
Жас өскен туысқандар тосырқайды-ау,
Жол iзiн салмай жүрген қалалықты.

Аралап өмiрдiң кей кезеңдерiн,
Келедi жан жарасын тез емдегiм.
Ауылға әдейiлеп барып қайтсам,
Жан анам, келгенiмдi сезер ме едiң?

Жалғызтау, қайың менен қарағайың,
Қарсы алар туған ата-анадайын.
Ат басын тiрейтұғын жер iздесем,
Қайсыңа бұрылайын, бар ағайын?

1969

ТУҒАН ЖЕРГЕ

Әні Марат Түсіпбековтікі

Туған жер, нұрың көп пе, сырың көп пе?
Қарайсың назданып та, күлімдеп те.
Әуресін қуаныштың баса алмаймын,
Жүрегім лүпілдеп те, дірілдеп те.

Ақ бұлақ қол сілтейді биік қырдан,
Ақ марал жаутаңдайды шығып судан.
Ұқсайды жас күніме – ескерткішке,
Қарағай ақ қайыңды сүйіп тұрған.

Еркелеп сағынышты кеміттірген,
Қымыз жел қытықтайды желіктірген;
Лебі сал бойымды қыздырады,
Құшаққа қуанышпен келіп кірген.

Жарқ етсе суаты мол күміс көлің,
Жартаспен көрдім толқын түйіскенін.
Жағаға жалғыз аққу жақындаса,
Келіп тұр маңдайынан иіскегім.

* * *

Туған жер, сенсiң менi тағалаған,
Бар-жоғым, аш пен тоғым саған аян.
Ұяда көргенiмдi ұмытқам жоқ,
Тiрлiкте жаққан шығар саяң маған.

Өзiңе алғысым көп ойымдағы,
Ойлантты артық кеткен ойын-дағы.
Көз жасын сүрттi көйлек жыртылғанда
Құба тал Қамсақты өзен бойындағы.

Бәрiн де түгел, тегiс бағаладым,
Сақтармын тiлегiңнiң ақ-адалын.
Алдыма iнi келсе жәрдем күтiп,
Құба тал пәк қылығын жаңаладым.

АҚҚУҒА НАЗ

Қоскөлдің айдыны –
Көз тартар айбыны.
Аққулар қарсы алар,
Барсам да қай күні.

Көз алмай қарайды,
Мені дос санайды.
Сылқым құс, су – айна,
Не деген арайлы?!


Қараймын күнімен,
Тыңдаймын түнімен.
Сұлулық тамсantты
Махаббат үнімен.

Жыр болып баурайды,
Маған ән арнайды.
Көгілдір жас аққу
Өзіңнен аумайды.

Аққу құс, кел деймін,
Қос құлаш сермеймін.
Құшақтап аялап,
Жүректі емдеймін.

Саңқылда, аққуым,
Көбейсін шалқуың.
Шіркін-ай, болады-ау
Осыған зар күнім.

1970



ЛЕБЕДИ

Перевод Г. Колесникова

Хожу на озеро Косколь,
Где в травах блещут
Росы летние.
Гляжу на озеро с тоской,
Когда не прилетают лебеди.
Но вот
На голубую рябь
Легко садится стая белая,
И разгорается заря,
И шелестит камыш у берега.
И я встречаю лебедей
От радости глазами влажными.
И лебедь та,
Что всех белей,
Что всех красивей и нежней,
Плывет ко мне
По глади радужной.
Я в гордой птице узнаю
Твои черты,
Моя любимая.
Любовь далекую твою
Напомнит нежность лебединая.
Вот почему гляжу с тоской,
Когда не прилетают лебеди.
Всю жизнь
Ходить мне на Косколь,
Где безмятежны зори летние.



ҚИМАЙ КЕТЕМ ДИДАРЫН

Әні Абай Әбдіғалиұлынікі

Елге барам
Қуануға, шалқуға,
Ескі досқа
Егіле сыр айтуға.
Әдейі барам анашымның басында
Тұрып қана қайтуға.

Елге барам,
Жер кеңейе жаз шығып,
Естіп қайтам,
Көріп қайтам жақсылық.
Ал, қуаныш-қайғы шеккен үйлерге
Ырым етем бас сұғып.

Елге барам
Сырымбетті сағынып,
Орман кезем,
Аңшы құрдас табылып.
Саумалкөлге армансыз бір шомылам,
Ой жүгінен арылып.

Құрбыларым
Сөзбен түйреп қағытар,
Жеңгелерім
Әзіл кілтін ағытар.
Бәрі дұрыс,
Тек анашым жоқ болып,
Толғандырар, сағынтар.



Татып қайтам
Ағайынның сый дәмін,
Бiлем олар
Жата түс деп қинарын.
Аттанарда ата-анамды көргендер
Қимай кетем дидарын.

1970



ҒАЖАЙЫП ҚАНДАЙ НҰРЛЫ КҮН?!

Ғажайып қандай нұрлы күн?!
Шақырмай шабыт келгендей.
Жан-жаққа бас шұлғыдым,
Ел-жұртқа сәлем бергендей.

Беу, шіркін, деймін бұлтқа да,
Жаңбыры жерге жабысқан.
Ақ бидай күлді жұптана,
Жел тербеп иық қағысқан.

Дөң асып нөсер тыйылды,
Қарағай, қайың балқып тұр.
Дайында, ақын, сыйыңды,
Ауылдың иісі аңқып тұр.

Деп сонда өзім-өзіме,
Жыр жазар ниет бұрмадым.
Жырланып жатыр өзі де,
Бұзбайын дедім ырғағын.

1972

КҮЗГІ ОЙ

Өзгертті түсін ағаштар,
Қарағай ғана сақталып.
Орнады қимас сағаттар,
Қайтқан құс әні жатталып.

Кілт тауып ашар кіл таза ән,
Отырам жүрек ақтарып.
Сондайда ғашық жыр жазам,
Аспанға бірге аттанып.

Орманның шеті жапырақ,
Қалды ғой жерде топталып.
Ұшады байғұс қалтырап,
Түседі қайта тапталып.

Мән берсем сондай салқынға,
Күдіктен көңіл ақталып,
Қарағайдай артымда
Өлеңім қалсын сақталып.

1972



ОЙҒА ТҮСТІМ МЕН-ДАҒЫ

Ақын деген
Кінәмшіл, ойшыл халық,
Ойға түстім мен-дағы толқып-жанып.
Көзбен көріп,
Көңілдің түйгені бар,
Шыққамын жоқ базарға ол-пұлды алып.

Мен алыспын
Біреуге қастандықтан,
Кезім де жоқ жақсыны жасқандыртқан.
Жақын деген адамың жалт беріп жүр,
Өз кінәсін сезініп сасқандықтан.

Сенгіш, нанғыш
Сырыңды біліп алып,
Мін тереді ішіңе кіріп алып.
Мінекей деп қолына берер ме еді,
Арам өтін залымның сылып алып.

Көз алдыға – төріңе ту байлайды,
Көзден тайса, күңкілдеп сумандайды.
Ол білгенді біз білмей жүр дей ме екен,
Сөйтіп жүріп о, байғұс кімді алдайды?

Кімді салмас таразы халқы сынға,
Көп мәніс бар әр күннің тартысында.
Бәрінен де еңбегің жүрген жаман
Дым білместің дәйексіз талқысында.

Қажымаспын ондайға алаң болып,
Жамандыққа жасамаң жалаң жорық.
Көз жасындай кіл таза арманыммен,
О, туған ел! Өтермін балаң болып!

1972

АДАМДАР, АҚҚУЛАРДЫ АТПАҢДАРШЫ

Аққу құс айдын көлді паналайды,
Қарайды бермен қарай, қарамайды.
Көлдегі қамысты емес, құрақты емес,
Ол менің жүрегімді аралайды.

Әніне мезеттер бар тебіренетін,
Құштарлық тұла бойды меңгеретін.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Көрмейік ару құсты көлде жетім.

Мамық төс, ақ тамағы бұлғақтайды,
Маңайды көзбен шолып тіл қатпайды.
Көлде емес, көңіл теңіз толқынында
Жүргенін біліп-білмей сырғақтайды.

Аңсаймын, асыл құсқа асығамын,
Орнайды онсыз жерде басыма мұң.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Сақтайық мәңгілікке ғашық әнін.

1974



ҚҰЛАГЕРГЕ

Беу-беу, шiркiн,
Қайран Құлагерiм-ай!
Терең көл кеппей жатқан терiң-ай.
Бүкiл қазақ
Аңыз етiп сақтаған,
Топырақтағы ай таңбалы мөрiң-ай.

Сұлулардай
Қарғап өткен көрiктi,
Оза бiлген мал да зорлық көрiптi.
Жүректерге жүлде салған
Жануар
Бiр сотқардың сойылынан өлiптi.

Арқаланып
Ел шуына көтерген,
Ақырғы рет мәреге есен жетер ме ең?..
Болсам егер
Ат айдаушы Бөрiбай,
Сенi сақтап,
Өзiм мерт боп кетер ме ем?!

1975

ДАЛА КӨРКІ

Тай жарыста
Тұлпар әсте шаппайды.
Жабылардан жеңіл жүлде қақпайды.
Дүлдүлдерден қалмауды ойлап, ойқастап,
Шын сайысқа жарар күйін сақтайды.

Желден жүйрік жез қанаттың бәрі өтіп,
Ел қиналса,
Қосқан аттың зары өтіп;
Жүйткіп шығар соңғы айналым жеткенде,
Құлагердей жануары дара өтіп.

Нағыз қыран
Бір-ақ рет іледі.
Оны залым қызыл құйрық біледі.
Қарайғанға тура тартып жол кесіп,
Киік қана еркін заулап жүреді.

Түлкі сайда сылаң қағып қашқанда,
Күлкі қайда қатер көріп сасқанда?!
Тіл тартпайды,
Тіліп түсіп аспаннан,
Әккі қыран балағына басқанда.

Көзбен тойлап
Таңғажайып ер ісін,
Тез айырып бүлдірместей терісін.
Ауыл жаққа аттанасың олжалы,
Желіккен ат әрең басып желісін.



Дала көркі
Осынау істің бәрі де,
Көз қанықты бала жастан кәніге.
Тұлпарлар мен
Сұңқарларға құмартып,
Ауыл жаққа қарай берем әлі де.

1975

САУМАЛКӨЛ

Еркін Дуелбековке

Әні Мәриям Қожахметованікі

Саумалкөл баяғыдай мөлтілдейді,
Көңілім неге бір сәт серпілмейді?
Самал жел өзіндей боп аяласа,
Лүпілі жүрегімнің еркіндейді.

Қайырмасы:

Саумалкөл бір көруге асыққаным,
 Барады асыққаннан тасып қаным.
 Қайтадан бозбала боп көрейінші,
 Кездесе бала күнгі ғашықтарым.

Көл жатыр бойдағы ыстық
 сезімге ермей,
Басылмас сағынышым өзің келмей.
Үңілем суретінді судан іздеп,
Төңіректе тірі жанды көзім көрмей.

Қайырмасы.

Жол жатыр сыңар аяк сүйретіліп,
Көзге ыстық бұрымындай иретіліп.
Асаудай жүген-құрық калжыратқан,
Келемін сағынышка үйретіліп.

Қайырмасы.

САУМАЛКОЛЬ

Перевод А. Жовтиса

Родное озеро – Саумалколь –
Горит на солнце, водой сверкая.
А в сердце медленно тает боль...
Брожу по берегу.
Привыкаю.

Ищу тебя, а тебя все нет.
Смотрю на озеро то и дело,
Как будто гладь его
 твой портрет
С тех пор далеких запечатлела.

По кромке берега за скалу
Уходит тропка. Прозрачны дали.
Как конь, который привык к седлу,
Я привыкаю
К своей печали...



АҚАН СЕРІГЕ

I

Ақиық алғыр қыран тұғырдағы,
Сұм тағдыр қанша соқса жығылмады.
Құлагер, Қараторғай, Ақтоқтының
Мұң-назы болды мәңгі ғұмыр бағы.

Қайғыға қалың елді салмас бекер,
Жүйрікке қай ант атқан жармасты екен?!
Шаң көрсем әлі күнге дәмеленем,
Құлагер мәреге озып бармас па екен?..

Айтпайды ақсақалдар арыз бекер,
Сыры көп ел жаттаған аңыз етер
Жарысқа Құлагерді қосқан күнін.

Жүлдеге алғыс айтса мархабатпен,
Шешті Ақан жұрт алдында салтанатпен
Берілген күң мен құлдың бостандығын.

II

Дананың зұлымдыққа дұшпандығы,
Ол – заңғар асуларға ұшқандығы.
Заманға нәлет айтқан сияқтанды,
Мерт болған Құлагерді құшқан күні.

Кім сезбес әйтеуір бір өлетінін,
Ақ тірлік, адал тірлік – сенетінім.
Өлімі Құлагердің нұсқап берді,
Залымның ту сыртыңнан келетінін.

Арманым биік болса жетем деген,
Саласын Сырымбеттің мекендеген
Мың алғыс алсын бізден ата-бабам!

Жасымнан құлшындырса құлагерлік,
Өзіңе еліктірді мұрагерлік,
Бір сырлы, сегіз қырлы Ақан ағам!

1976



ҚАМСАҚТЫ

Ауылымның өзені алдымда,
Ол келді, әлде мен бардым ба?
Балалық базары аңсатты,
Жағанда қалдырған Қамсақты.

Таусылмай айтар наз іңірден,
Ұрсады-ау апам деп жүгірген.
Өзіңдей қарайлап жан-жақты,
Жүгіріп барады Қамсақты.

Алғашқы кездескен кезімдей,
Жүректе жылт еткен сезімдей.
Сүйіскен толқындар тамсантаы,
Сыбырлап ағады Қамсақты.

Сен берген ақ түбіт бөкебай,
Секілді желбіреп өтеді Ай.
Сағындым, сағыныш шаршатты,
Жағаңа жетсемші, Қамсақты.

1976

ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

Ақ бiлек, жасыл кiйлек қызыл қайың,
Оралды сенi кiрiп қызық жайым.
Ауылымның ақ маралы әншi қыздай,
Тұлғаңа қалай ғана қызықпайын?!

Қыз-елес баяғыдай еркелейдi,
Қайтейiн, ойда жоқта келсе мейлi.
Қызбысың, қайыңбысың кiз алдымда,
Сағыныш айтар сiздi келтелейдi.

Қыз бейне қызыл қайың жас аралым,
Келiп тұр қуанышта басар әнiм.
Барғандай алыстағы ауылыма,
Қосылсаң жаңа әнiме жасарамын.

Еске алдым тұрған сәтгi кiркiн кiрiп,
Түбiне ақ қайыңның ертiп келiп.

1976



ТУҒАН ЕЛ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Туған ел, асыл бейнең көз алдымда,
Көрмесем сағынышқа төзе алдым ба?
Арманым тіршілікте болмас еді,
Ақтасам парызымды өз алдыңда.

Қайырмасы:

Жүрсең де қайда,
Жүз ойлап табынбайтын;
Туған елін
Жүрек жоқ сағынбайтын.

Ғажайып туған елдің жаңа таңы,
Лүпілін жүрегімнің санатады.
Самал жел сипап өтсе, елестейді
Анамның аялаған алақаны.

Қайырмасы.

Ұмсынсам көлде аққудың аппағына,
Құлшынсам өрде киік шапшаңына;
Мың мәрте алғыс айтам осынау жерде
Адал жар, асыл достар тапқаныма.

Қайырмасы.

Тың өлке, ғарыш жолы – Қазақстан,
Өзіңмен жаным бірге жаралыстан.
Шалғайда шарықтасам аумайды екем,
Аңсаған өз ұясын бала құстан.

Қайырмасы.

Туған ел, жетсе үнім құлағыңа,
Ұқсар ем сарқылмайтын бұлағыңа.
Алатау аясы мен сексен көлді,
Жер-көктің қимай кетем жұмағына.

1976

МҰСАҒА

Әні Юра Айтжановтікі

Қапылыс сөзге
Қиналдым сеніп қалуға.
Келді ғой хабар қайғыға шексіз салуға.
Көкшетауда
Жоқ дейді кербез бауырым,
Ауыл жаққа қиналып жүрмін баруға.

Сенгендей жаның
Қолдағы жалғыз қаруға,
Іздеуші ем аңсап, ағалап ақыл алуға.
Сексен көлде
Жоқ дейді сері бауырым,
Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.

Жан еді дарқан,
Жаралған лаулап жануға,
Ән-жырдың асқақ, асылын сақтап қалуға.
Жалғызтауда
Жоқ дейді жалғыз бауырым,
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

1976

КӨКШЕ ҰЛЫ
Мұса Асайыновқа

Жалғызтау қалың бұлт жамылыпты,
Сырымбет сылқым ұлын сағыныпты.
Қайтсін-ай, қамыс құрақ көңіл айтып,
Қамсақты тоқтай қалып қамығыпты.

Ақ бура жүдеп өңін ескіртті,
Сұрша қыз қолаң шашын кестіртті.
Сыңсыған аққу-қаздар гәккумен,
Сексен көл Оқжетпеске естіртті.

Бауырым, салтанатты сауығым ең,
Ауылымды әнге ораған тәуірім ең.
Туған ел сақтарындай сақтады ғой,
Бір емес, жиырма бес жыл ауырып ең.

Молдахмет, Нұрқандармен бірге ән салдың,
Балқыдың базарында күй-кәусардың.
Жез таңдай, күміс көмей қалдығы едің
Ақанның, Үкілі Ыбырай, Біржан салдың.

Он жастан атыңды атап ертеке етті,
Көкшетау, Есіл, Ертіс еркелетті.
Аялап алақанға салып алып,
Ойламас келер күнді тентек етті.

Сын ермес бүгін көңіл сынығым көп,
Айтпаймын бәрін жеңіл ырымым деп.
Тек қана көз жұмарда ұқсаң болды,
Көкшенің ұмытылмас ұлымын деп.

1976

САҒЫНЫШ САЗЫ

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам,
Өзімнен өзім дел-сал да.
Аз ғана күндер
Сағынбай жүрген болайын,
Одан да менің
Көңілімді аулап сен де алда.

Алғысым мол ғой
Саулығымды ұққанға.
Сағынышымның сырын тінтпе,
Сұқтанба.
Көрсен ғой, шіркін!
 Ұлытаудың етегін,
Қызыл-сары, қаракөк гүлдер
 шыққанда!

Қырмызысы – қызыл ішік
 киген қыз,
Сарғышы – бізді
Білдірмей сырттан сүйген қыз,
Қаракөгі...
Көрші ауылдан емес пе?..
Бір мені ойлап,
Айықпас күйік үйген қыз.

Байқамаппын
Биылғы жаздың келгенін,
Жезкиіктің
Із тастап жолда желгенін.
Қоскөлге барып,



Аққуға қарап отыру,
Елестеп кетті қисапсыз
қызық ермегім.

Шомылар еді-ау,
Алдыма жайып қос қанат,
Өзеурер еді-ау,
Өзгеден артық дос санап.
Телміртер еді-ау,
Көз алдырмай еріксіз,
Тәуелсіз етіп,
Айдалаға бос қамап.

Елжірер, шіркін,
Мейірімді жүзбен аялап,
Қалғып та кетер,
Рахат тауып саялап.
Сондай сәтте суға келген жезкиік,
Күн қайда, шіркін,
Жатсынбай бүйір таямақ?!

Көре алмай қалдым
Өртеңге шыққан көгіңді.
Тере алмай қалдым
Тотылар төккен көп үнді.
Аңсады жаным
Майсалы дала қымызын,
Балбырап тұрған Майсары жеңгей,
Масайрап күлген лебіңді.

Көрдіңдер ме
Биылғы дала жауынын?
Саф таза ауа,
Толағай тоғай бауырын?
Естідіңдер ме
Кісінегенін құлыншақ,



Қоңырау дауысы
Сұранып бие сауынын?

Шұркырар еді-ау,
Жүректі көкке ұшырып,
Дүниені бүкіл
Көз көрімнен ысырып.
Ұмтылар еді-ау
Жалғызына кер бие,
Өзімді еске,
Анамды еске түсіріп.

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам,
Өзімнен өзім дел-сал да.
Аз ғана уақыт
Сағынбаған болайын,
Одан да менің
Көңілімді аулап, сен де алда.

1976



**НЕ ТРОНЬ
МЕЛОДИИ РОДНЫЕ**

Перевод В. Туркина

Не пой, красавица, при мне...

А.С. Пушкин

Не тронь мелодии родные,
Не пой, красавица, при мне...
Итак, я болен ностальгией
По той, аульской, стороне.
Итак, грущу сыновним взором
О глади лебединых вод,
Где юрты водят по озерам
Свой неподвижный хоровод.

Итак, грущу по колыханью –
По зелени – ковыльных трав...
Итак, дышу – в свое дыханье
Всех птичьих песен не вобрав.
И запахом кумыса свежим
Я не наполнил грудь свою,
И смех женгей не слышен нежный –
Смех, что звучит в родном краю.

Не довелось следить мне взглядом,
Как летом, в утреннюю рань,
С оглядкой пробежала рядом
Медносеркающая лань.
Осталось лишь воспоминание,
Лишь только вспоминать дано,

Как я за той бегущей ланью
Когда-то наблюдал давно...

Не тронь мелодии родные,
Не пой, красавица, при мне...
Итак, я болен ностальгией
По той, аульской, стороне.
Не пой, красавица, а смолкни
И тишиною увлеку...
Избавь меня хоть ненадолго
От ностальгической тоски.

АУЫЛҒА ХАТ

I

Сәлемімді ал,
Тел өскен құрдастарым,
Ауыл жолын талай жыл бір баспадым.
Қолдарыңа тиді ме шағын кітап,
Тірлігімді баяндар жыр-дастаным?

Сәт түспей жүр,
Барар ем жылда ғана,
Сағынышым самғайды жырда ғана.
Жазбай-жазбай жарқ еткен бұл хатымды,
Құрдастар-ау, бір емес, мыңға бала.

Не жаңалық бар біздің Бірлестікте,
Көп жыл өтті?
Сыр сарқып, тілдестік пе?
«Қырық қыздың ауылы» атанып ек,
«Қыз» дегенді бұрмаңдар білместікке.

Өзімізбен көтерді бірге жүкті,
Әкелерді майданнан бірге күтті.
Сол қырық қыз ғажайып көрік берді,
Жеңіс тойы,
Бар тойға бізге құтты.

Есіркесем жастық шақ мәжілісін,
Сөз айтпаймын мәз болар әзіл үшін.
Жігіттер-ау,
Сыртыңнан хабарым бар,
Ал, қыздардың білмедік әдрісін.

Балапанға қызықпас ұяда кім,
Еске түсіп кетті ғой қиядағым.
Отыз тоғыз қызды айтпай,
Бірін айтсам,
Ұмытқам жоқ, тек қана ұяламын.

Жігерлі еді,
Ән сүйгіш екпіні бар,
Ақ тотыдай ажары етті құмар.
Тостаған көз, ақсары, орта бойлы,
Қыз еді ғой әдемі секпілі бар.

«Оқып көріп хатымды таң қала ма?
Қой, өлеңім, жүректі жаңқалама», –
Дегім келіп,
Дей алмай қиналамын,
Қайда ғана жүр екен қалқа бала?!

II

Иә, солай! Сәлемім басталады,
Қызды айтпаса жыр жолы аш қалады.
Жырлай-жырлай махаббат бар әуресін,
Ақындар да қара жер жастанады.

Хат сөздерін әр саққа алып ұштым,
Есіркедім, естелік балын іштім.
Ауыл шеті алыстан елестейді,
Үлкені де сол шығар сағыныштың.

III

Су мол ма екен қылышбел Қамсақтыда?
Жағасында жүруші ек «жан шапқыда».
Қол шалғыға шаршаса құлын білек,
Майдандағы әкені аңсатты да.

Болмасақ та балыққа аса қарық,
Қармақ салдық қамысты тасаланып.
Насыбай үккен шалдардай отырушы ек,
Бір-бір үлкен мұз тесік жасап алып.

Көктемде де ақ боран ұра беріп,
Сиыр жеккен соқаға шыдап едік.
«Ала кетер ала мал» деген сөзге,
Ала бие өлгенде жылап едік.

Жұт тасыған не деген желік күшті,
Көктемде де қиналдық көріп қысты.
«Ала малдың» иесін оқ шалыпты,
«Қарақағаз» үш үйге келіп түсті.

Қиындығы бұйырған дәміменен,
Артта қалды ол күндер сәніменен.
Шана сырғып өтті ғой, өгіз аяң,
Ыңырсыған қысқы кеш әніменен.

Үшбұрыш хат кеудесін бүтіндеген,
Әжем де өтті мәз болмай күтім деген.
Ақ түбіттей арқасы тозып еді,
Пеш алдында сипаған түтінменен.

IV

Есті жидық.
Ескі шер тарқайды ғой,
Бала деген құрбылар марқайды ғой.
Оралмаған соғыста солдатты ойлап,
Мағрипа апай ауылда қартайды ғой.

Қос жанары төрт болып тосуменен,
Менің де анам көз жұмды осы уменен.
Сарғайтса да, шіркін-ай,

Болмады ғой,
Кей боздақты үйiрге қосу деген.

Жеңiл бастап сайымас ауыр әнiм,
Айтып-айтып, өзiм де сауығамын.
Бiр жиналып даурығып отырар ма ек,
Баяғы бiр қайталап ауыл әнiн.

Күзгi орақта сүмбiле жауындаса,
Бас қосушы ек қаражат қабылдаса.
Ешкi етi таңдайда қатушы едi,
Семiз тоқты сернелiк табылмаса.

V

Сәл кiдiрiп, ес жиып алайын да,
Хал-жайымды айтайын ағайынға.
Москвада бұл күнде қызметiм,
Кеңсем тақау Кремль маңайында.

Жүрген жерiм ардақты Қызыл алаң,
Лағыл жұлдыз жарқылын тiзiп алам.
Iзгiлiкке құштарлық ұлғайтады,
Ағалардың алдымда iзi маған.

Өздерiңе жүрегiм алып ұшқан,
Жырым жетер жетелеп әнi қысқан.
Пешенеме жазымыш несiбем ғой,
Жаралыппын мен шексiз сағыныштан.

Әкелердiң бейнесi, елесiмiн,
Жолым ашық,
Жайдары келесi күн.
Қайда жүрсем қастерлеп, ардақтаймын
Қазақ деген кең-байтақ ел есiмiн.

1976

ЕРКІНДІК

Ақ бұлақ шеті тың құрақ,
Өзенге қарай өрлейтін.
Күмістей ашық сыңғырлап,
Бал кәусар үні сөнбейтін.

Сыбыры өшіп жатады,
Бастауы сөнген бұлақтың.
Рахатқа шексіз батады,
Ашқандар көзін ұзақ күн.

Құпия қызық дем берген,
Жүрердей таңсық жыр етіп;
Тіршілік шықты сол жерден,
Ашқанда көзін шыр етіп.

Жабылып қалған бұлақтың,
Не жетсін көзін ашқанға?!
Кетті ғой кернеп құлақты үн,
Бал кәусар күміс шашқанда.

Сылқылдап ақса сарқырап,
Ойы жоқ баяу іркілмек.
Ақ маңдайы жарқырап,
Ақ бұлақ жатты бүлкілдеп.

Күміс кәусар атқылап,
Жарқ етсе біз де серпілдік.
Аспанға кәусар шашқылап,
Бұлаққа бітті еркіндік.



КӨКШЕТАУМЕН СЫРЛАСУ

Көкшетау, таңғажайып қарлы етегің,
Көрінер қысы-жазы сәнді екенің.
Мұз басқан сексен көлді көзім шалып,
Сағынып өткен жазды әндетемін.

Қарағай дыбыс бермей қасарады,
Ақ қайың енді қашан жасарады?
Жастық шақ еске түсіп толғанамын,
Лүпілін жүректің кім баса алады?

Біздің ел кең жазықты ойлауда екен,
Оппа қар қалың тоғай қойнауда екен.
Алдында есігінің ізім жатыр,
Тағы да бір келер деп ойлай ма екен?

Сырымды, сері Көкше, білсең кейін,
Таңсығым дүниеде бір сен деймін.
Шілдеге шідер салып қоя алмаймын,
Қаңтарда өзіңе ұқсап жүрсем деймін.

1977

ТУҒАН ЕЛ КӨРІНІСТЕРІ

Теңесем туған елді ақ қайыңға,
Демеймін ескі әдепті сақтайын да.
Түбінде сол қайыңның бейіт жатыр,
Жазылған анам аты тақтайында.

Көкірек ойда жоқты қиялайды,
Көзге ыстық көп көрініс ұялайды.
Сағынып кетем кейде қыз сыйлаған,
Бессаусақ жұқа түбіт биялайды.

Бір ән бар ауылдастар шуылында,
Бір сән бар ауыл қызы бұрымында,
Бір мән бар аттанарда қоштасқанда,
Қолының қолда кетер жылуында.

Жанданам құйын, желдің алдында да,
Таңданам аңсыз жатса қарлы дала.
Шөп шапқан шалғы сілтеп бала кезде,
Құмармын бұйра толқын шалғынға да.

Көп сыр бар алғаш ашқан әліппеде,
«Отан» деп сөз құраған әріпте де.
Бәрін де сыйғыза алмай ойда бардың,
Қараймын өлеңіме кәдіктене.

Дейді кім: «Әй, шырағым, осың бекер»,
Жеңіл сөз неге керек өшіп кетер?!
Ей, достым, машинаңды баяу жүргіз,
Көлдегі жалғыз аққу шошып кетер.

1977

АУЫЛҒА ОРАЛ, ЖІГІТТЕР!

Жұлдызға жанған үміткер,
Жаһанды біз де кезіп ек.
Алыста жүрген жігіттер,
Ауылға орал тезірек.

Кездесу деген ғаламат,
Адамның асыл арманы.
Табады жаның қанағат,
Ұмыт боп дертке салғаны.

Тез оралсаң қинатпай,
Сол шығар құдай бергені.
Аспаннан жауған құймақтай,
Күтпеген бақыт келгені.

Бөлінбес сырды бөлгенде,
Өмірге сендей бар ма ерке?
Аңсаған жанды көргенде,
Орнайды қызық жәрмеңке.

Қобалжу, толқу әкелер,
Қоштасу – тағдыр бұйрығы.
Аспаннан жұлдыз әперер,
Кездесу – өмір сыйлығы.

Не көрмейді өз басың,
Аңсаған тойын құрып бер.
Атамекен тозбасын,
Ауылға орал, жігіттер!

19.05.1978



* * *

Ауыл барда сағынышым сарқылмас,
Күй күмбірлеп, саңқыл қаққан ән тынбас.
Беу, қалқатай! Құшақ жайып қарсы алшы,
Бір сырым бар өзге жанға айтылмас.

Ауылымда атамекен жұртым бар,
Құрбы-құрдас, «ақсүйекшіл» ғұрпым бар.
Беу, қалқатай! Жүгіре шық алдымнан,
Жабық сырды дәл өзіндей кім тыңдар?!

Ауылымда ата-анамның ізі бар,
Табиғат бар толғанысын біз ұғар.
Жүрек шетін жұлып алар көргенде,
Көшеміздің сендей сұлу қызы бар.

Бір кездесіп жадырайық бәріміз,
Сарқылмасын, сарқылмасын сағыныш.

1978



ТУҒАН ЖЕРГЕ

О, туған жер!
Анамдай өбектесең,
Бөбексініп өзім де көмектесем.
Өйтпес едім,
Бауырыңнан ұзағанда
Сағынышпен сарғайтып төл етпесең.

Қиял құсы жадымда ғажап ұшқан,
Болып келем жолдаушы жаралыстан.
Ауыл шеті төрімнен басталады,
Басталады ауылымнан Қазақстан.

Бар жақсылық – жан анам бастамасы,
Бақытымның отбасы – астанасы.
Құрбы достар, туған ел бар әміршім,
Тірлігімнің жоқ айтар басқа бәсі.

Келіп қалған есептеп жыл аяғын,
Бір ісінді тындырсам тыңаямын.
Ақ қайыңның жапырағын жел түсірсе,
Ішім ашып біртүрлі мұңаямын.

1978

КҮЙ

Көргем жоқ тірі пенде сүймегенін,
Дуалы әуен екен күй дегенің.
Сенімді дос сияқты сырласамын,
Кең дала пәк мінезін үйренемін.

Көкірек көзін ашар түйсік еніп,
Қорқыттың зарын ұғам күйшіге еріп.
Өмірдің кейде ерсе желісіне,
Кейде мәрт тіліп түсер қисық келіп.

Туған жер елестейді өзен-көлі,
Ойлантар одан басқа сезем нені,
Күніренем қоңыр күмбір күйшіге еріп.

Көрінер күй тыңдасам «Жезкиігім»,
Бабаммен жалғасыпты өз күйігім,
Мәскеуге жазғы дала иісі келіп.

1980

АУЫЛДАҒЫ БҰЛАҚҚА

Маңайында маз болып, ақ бұлағым,
Ағаш атқа салт мініп шапқыладым.
Сезуші ем сылдыр қағып күлгенінді,
Тірлікте содан болды сақ құлағым.

Ауылым сені болды ғой күтімдегіш,
Сарқылмаушы ең сабадай күпілдегіш.
Жер жүрегі сияқты бүлкілдеуші ең,
Содан болды-ау жүрегім лүпілдегіш.

Қай сырынды тәмамдап жазар едім,
Ел жиналған ерте-кеш базар едің.
Тап-таза едің, көпшіл ең, содан болар
Дос іздегіш ниетім таза менің.

Тәлімің көп, Ақбұлақ, ұлға берген,
Қыздармен де таныстым суға келген.

* * *

Неге сүйем десем сені, ауылым,
Көрмеппін ғой өзіңнен жер тәуірін.
Қандай қызық жарқын көлге құс қонып,
Базарлатса Жалғызтаудың бауырын.

Бәрін айтып жазар едім мың дастан,
Жұлдыз қайда мен ең алғаш сырласқан?
Қандай қызық әдейілеп серуендеп,
Мен келді деп жәрмеңке ашса құрдастар.



ҚОЛШАЛҒЫНЫҢ СЫҢҒЫРЫ

Шіркiн-ай, бiр түспептi мың жырыма,
Деушi едiм ол еңбектiң бұлбұлы ма?
Құлаққа соғыс жылдар сiңiп қалған,
Құмармын қолшалғының сыңғырына.

Бала едiм таңғажайып өнер тапқан,
Атам да сiлтеушi едi менен шапшаң.
Өзендi өрлей өскен қою шалғын,
Қызығы-ай, өлеңдетiп өлең шапқан.

Самал жел сипап қана өттi менi,
Сай-сала маужырап тұр кешкi лебi.
Сан жылғы сағыныштың әнiндей боп,
Сыңғыры қолшалғының естiледi.



* * *

Тыңды өлкеде ескі жолдар жоқ бүгін,
Асфальт жатыр меңзеп өмір шоқтығын.
Әр ауылдың арасында мың жолмен
Өгіз аяң шөп тасыған өтті күн.

Қарап тұрмын ауылға егін жағынан,
Қуанышта жарылайын ағынан.
Тербетілген көп егінге сүйсінсем,
Бала күнгі жолдарды мен сағынам.

Ыстық сезім, жақсы елестен мені үзбе,
Қызықтарым қаратады мені ізге.
Жолдар жатыр көкірегіме көрініп,
Кеме ізіндей жасырынып теңізде.



САҒЫНДЫМ СЕНІ, ТУҒАН ЖЕР

Әні Иран Ильяшевтікі

Көкшетау Сарыарқаның қақ төсінде,
Салдық бар қос тұмары өркешінде.
Ей, қалқа! Сексен көлді араласақ,
Жұқарған жүрек сырын шертесің бе?

Қайырмасы:

Ажары айдай,
Ләззаты балдай,
Қаракөз жүрек тескен жер.
Бабамның елі,
Сағындым сені,
Кір жуып, кіндік кескен жер.

Қазақтың тарихы бар әр тасында,
Жаңғырды Ақан әні жартасында.
Жалындай Құлагердің желкілдейді,
Көшкен бұлт көкшіл таулар арқасында.

Қайырмасы.

Орнатты Саумалкөлге бабам шатыр,
Жалғызтау етегінде анам жатыр.
Қанша ақын болсам-дағы тілім жетпес,
Бұл жерге түгел сыйып ғалам жатыр.

Қайырмасы.

1991

ТУҒАН ЕЛ

Әні Мұбәрәк Шәкіровтікі

Қара жерге бәйтерек
Жайғандай терең тамырын,
Келемін саған еркелеп,
Ауылым – майса мамырым,
О, туған ел!

Қайырмасы:

Көркем көл,
Қамар бел,
Сағындым жетпей сабырым,
О, туған ел!

Қымыз иіс, қыз иіс,
Жусаны жұпар кең дала.
Біткенше демге үзіліс,
Құмарым менің сен ғана,
О, туған ел!

Қайырмасы.



* * *

Қарсы толқын жимаса да айылын,
Қалт етпейдi оған өлең-қайығым.
Құшағымда – елге берер жыр гүлi,
Одан басқа жоқ қой ешбiр айыбым.

Қатерлi бұлт жоқ әйтеуiр көгiмде,
Сырым ашық түсiмде де, өңiмде.
Ескегiмдi есiп-есiп алайын,
Бойда қуат, күш-жiгердiң көбiнде.

Ынталанып етсем қарқын құштарлық,
Емес бойда соқыр сезiм, күш барлық.
Тiрi сезiм, ыстық сезiм жүректе,
Ол, туған ел, бiр өзiңе құштарлық.





ЖАЛҒЫЗТАУ

Жалғызтау, сүйсем сені ғашығымдай,
Көкіректе шабыт селі жатыр тынбай.
Үңілем түйір тасқа үміттеніп,
Жоғалтқан бала күнде асығымдай.

Дарқан жер – ата-баба сайран белі,
Себеп сол, сүйем десем қайдан сені;
Үкілі Ыбырайдың төл мекені,
Төрлетіп Мағжан қанат жайған жері.

Сылқым жер,
Қайың, терек, бал қарағай,
Жай тұрмас
Жапырағынан ән тарамай.
Көкшенің көп тауынан дара тұрсың,
Өте алмас келбетіңе жан қарамай.

Толғантқан Үкілі Ыбырай «гәккулері»,
Тебіrentкен Ақан, Біржан ақ тілегі.
Өзіндей бір ананың жалғызымын,
Өмірдің бауырында өткен тәттірегі.

Дарыған тұла бойға бай талабың,
Мен де бір түлегің деп айта аламын.
«Жалғыздың жары құдай» деген сөзді
Өзге емес, саған қарап қайталадым.

1991

СЕРІ БАБАМ

Атыңнан айналайын, Сері бабам,
Сен бар деп құлшынады сеніп адам.
Тағдырға ризамын көп өнерге,
Үлгі етіп жалаулатқан сені маған.

Заулатып өтсең өрде Құлагермен,
Ән салар Балқадиша құба белден.
Туған жер әніңді естіп елтігенде,
Серісің аспаныңда қыран өрген.

Биікке жеттің заңғар жетем деген,
Ел үшін парызың жоқ өтелмеген.
«Құлагер», «Қараторғай», «Сырымбетің»
Ақтангер атағыңды бекемдеген.

Ұлғаяр есіміңе назар әлі,
Туған ел дұшпаныңды жазалады.
Қоштасып «Қараторғай» қалықтаса,
Ертеңге қос қанатын жазар әлі.

1991

АҚАН СЕРІ

Әні автордікі

Ұқсаған тұлпарға да, сұңқарға да,
Болғаны қандай жақсы атаң дана?!
«Бір сырлы, сегіз қырлы» бар қазақта,
Атасы серіліктің – Ақан ғана.

Сұлу саз, асыл жырдың аққан селі,
Кемеңгер әншіліктің ақтангері:
Саятшы, бапкер, ұстаз, ел ағасы,
Жан досы Құлагердің – Ақан сері.

Жын емес, пері де емес тақсыр күлген,
Тозған ел дүлдүлі еді бапсыз жүрген.
Жасқантқан Жәңгір ханды Исатайдай,
Сарыарқа патшасы еді тақсыз жүрген.

Аспанда шарықтаса «Қараторғай»,
Сырымбет сырласады дара толғай.
Дүниеден Құлагер мен Ақан өтіп,
Қызыққа қалды біздің дала толмай.

1992

СЫРЫМБЕТКЕ

Сырымбет, таусың қайың-қарағайлы,
Сейілер сені көрсем нала-қайғы.
Мектептес қыз-бозбала көзге елестеп,
Құрдастар баяғыдай қамалайды.

Сан түрлі жемісіңе жерік едім,
Соларда дертке дауа менің емім.
Секілді қызыл шиіе тәбет тартар,
Қызара піскен қызды көріп едім.

Сұңғақ-ты, жас аққудай аппақ еді,
Мас етер бойға қаулап алған демі.
Мен саған басқа тілек айтпас едім,
Сол қалқа көл шетінде тапса мені.

Сырымбет, таусың тұрған мас құшақта,
Орнатқан ескерткішің жастық шаққа!

1992



АУЫЛҒА СӘЛЕМ

Ассалаумағалейкүм, елі-жұртым!
Сағыныш селі жеңді дүркін-дүркін.
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Салтымен жетеледі мені ғұрпың.

Ақындық Көкшетаудай парнасының,
Сарқылмас дария-толқын арнасымын.
Бастаған Мағжан, Сәкен, Сәбит, Ғабит,
Ұлы көш кейінгі ұрпақ
жалғасымын.

Келдім ғой көптен көрмей қапаланып,
Есейдім «Ата» деген атақ алып.
Тебіренсем жан анамның ізін көріп,
Сүйейін қара жерді жата қалып.

Басталған Сырымбетте оты өнердің
Лаулады, Ұлытауда өршелендім.
Тербетші жыр бесігін, ауылдастар,
Келіп тұр алдарыңда бөпеленгім.

Есімнен, ерке күнім, кетермісің,
Келіп тұр құз-қияға жетер құсың.
Ардақты қариялар – дариялар,
Көргендер ата-анамды есенбісің?!

Жүрсем де қолым тимей жоламай көп,
Есінде жолдағының жорамал көп.
Сескенем жай отырып мен де бір күн,
Ауылдың ең үлкені
болам-ау деп.



Біржан сал сөзі қалды көкейімде,
«Сұм дүние келтенелер өтерінде».
Ағалар, алшаң басып жүре берші,
Немере-шөберелер жетегінде.

Шабысым бәсендемес жараудамын,
Кеңейтем тар дүние шар аумағын.
Құрбылар, қартаймандар, мен әлі де
Сендерге қыз күніндей қараудамын.

Туған жер – сұңқар сүйгіш
 күс алаңым,
Төсіңнен биік шыңға ұша аламын.
Баяғы ұстаздарға сәлем берем,
Жүзінен өткендей боп ұстараның.

Демеймін тақ пен төрден түсіп барам,
Самғап жүр бел-белесте ұшып балаң.
Мектебім – Меккем менің, үміт үзбе,
Қолымнан қалғанынша түсіп қалам.

Сұлу саз, сәтті өлеңге ән қосқаным,
Өмірде осы еді ғой бар жоспарым.
Өздерің үйреттіңдер, сұлу қыздар,
Құрдастар, туа сырлас
жан достарым.

Сөзімде замандастар арманы бар,
Әнімде шерлі көкірек салмағы бар.
Бәрі бар, бәрінен де еңбек көбірек,
Елді ойлап тозған жүрек зардабы бар.

Ақ шашты желбіретсем тарамай кеп,
Ұмыттым өткен күнді санамай көп.
Қорқамын бала күнгі сұлуларға,
Қайтадан ғашық болып қалам-ау деп.

Гүл көрдім, көзге ыстық бұта көрдім,
Мен де бір алыстағы бұтағы елдің.
Қияда жүре-жүре сағынып ем,
Ауасын туған жердің жұта келдім.

Айтарым досым түгіл, дұшпаныма,
Келмейді құтты ұясыз құс бабына.
Мың алғыс тағдырыма айта келдім,
Бір күнде осы ауылдан ұшқаным.

1992



* * *

Ауылым менің – алғашқы старт алаңым,
Сөре берді нелер жолын жаңаның.
Жетер кезде ең жүлделі мәреге,
Мәриям-ау, саған ғана қарадым.

Жүрегіңмен жалғасқанда жүрегім,
Ескі дерттен ес жинадым, түледім.
Сұлу құштым деп қуаныш айтар ма ем,
Өзге қыздан кемдеу болса гүл-өңің?

Жаның бір ғой, ортақ бөбек, жыр-сауға,
Өзіңді-өзің тіл барар ма жырлауға,
Өзіне-өзі болар ма адам өкпеші?

Әр сөзімде бір өзіңмен тілдесем,
Жазар ма едім сырыңды мен білмесем,
Арнау жырлар аз жазды деп сөкпеші.

КӨКШЕТАУ – ДАРҚАН, ДУМАН ЖЕР

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Тау жетпес Көкшетауға жер бетінде,
Сөз жетпес теңеу болар келбетіне.
Саясы сексен көлдің жаралыпты,
Жүректің жұқа жерін емдетуге.

Қайырмасы:

Даналар елі,
Құлагер өрі,
Абылай алаң құрған жер.
Көгілдір көркем,
«Гәккулі» өлкем,
Көкшетау дарқан, думан жер.

Көк мұнар көсем таулар кербез, асқақ,
Ту тіккен бар қазаққа ұран тастап.
Оқжетпес, Сырымбеттер туған екен,
Өтуге сұлулықтың көшін бастап.

Қайырмасы.

Қазақтың тарихы бар әр тасында,
Жаңғырды Ақан әні жартасында.
Жалындай Құлагердің желкілдейді,
Көшкен бұлт көкшіл таулар алқасында.

Қайырмасы.

1992

ЖЕТІСУ МЕН КӨКШЕДЕЙ

Тамсантақан алтын арай таңыменен,
Сүйсінткен жан баураған сәніменен.
Көкшетау Жетісумен жалғасып тұр
Біржан сал, ақын Сара әніменен.

Балқаштың ғашық болып ақ түніне,
Алатау сәлем беріп ақ гүліне.
Оралған сексен көлден аққу қаздар,
Салады Үкілі Ыбырай «Гәккуіне».

Тойлы ауыл Сырымбеттің саласында,
Көз салса оза тартқан қарасынға.
Құлагер шауып жүрген секілденер
Көкше мен Жетісудың арасында.

Жаңғырса Ақан сері арман-әні,
Есінен бар қазақтың қалмағаны.
Ақындық Құлагері Ілиястың,
Тамаша ел мен елді жалғағаны.

1993

САУМАЛКӨЛ
Бәйкен Әшімовке

Әні автордікі

Саумалкөл, айналайын келбетіңнен,
Сендей көл көрмей келем жер бетінен.
Шомылсам көк толқынға құндақталып,
Жатқандай сәби болып тербетілем.

Алыстан бір көруге асыққаным,
Барады асыққаннан тасып қаным.
Қайтадан бозбала боп кетейінші,
Кездессе бала күнгі ғашықтарым.


Саумалкөл, көңіл толқып сырласқаным,
Жол тосып жүрген шығар құрдастарым.
Жағанда жастық шақтың ізі жайнап,
Төгілер айтылмаған жыр-дастаным.

Белгілі шаттығым мен саған қайғым,
Сағыныш салған дертті баяндаймын.
Күлімдеп айдыныңа ай қонғанда,
Қаракөз жарқ етер деп алаңдаймын.

1993

*Кемеңгерсің, атың аңыз, Айғаным,
Абылайдың шаңырағын шалқытқан.*

Айғаным ханымның қонысы



*Сен орнатқан ақ сарайдың бірінде,
Мәңгі орнықты іргесі құт мектебім.*

АСЫЛ АНА – АЙҒАНЫМ

Ерен бақыт – текті туса алғаның,
Азып-тозбас ертең артта қалғаның.
Атығай мен Қарауылдың асылы,
Сондай салтты құрып өтті Айғаным.
Уәлі ханның ол ең кіші жұбайы,
Үздік сұлу аппақ гүлдей шырайы.
Көкшетаудан Сырымбетке көшірген,
Осал емес Ақ Орданың Күн-Айы.
Құт қондырса ұлы адамды жар тұтқан,
Елге аян жесір күнің зар жұтқан.
Кемеңгерсің, атың аңыз, Айғаным,
Абылайдың шаңырағын шалқытқан.
Сен көрсеттің кереметін сәулеттің,
Салып кеттің кең ордасын әулеттің.
Ақ патшаға өтті айбынды ықпалың,
Сал Сырымбет құтты етегін сәнді еттің.
Шымқай ғажап жер бетіне еккенің,
Есіміңе мың тағзым етті елім.
Сен орнатқан ақ сарайдың бірінде,
Мәңгі орнықты іргесі құт мектебім.
Басын құрап өзің салған ғажаптың,
Есімінді қайта оралтты азат күн.
Туған елдің сен билесең бір шетін,
Аңсағаның дербестігін қазақтың.
Бой көрсетсең бодан күнгі мұнарда,
Ұқсап едің шыңда жалғыз шынарға.
Сен болмасаң, ұлың Шыңғыс не болмақ?
Жұлдыз болып Шоқан өрге шығар ма?!
Түлкі-өмірдің табамын деп қай бабын,
Ауыр күнде белді бекем байладың.
Желбіреткен Абылай ханның ақ туын,
Мәңгі жаса, асыл ана, Айғаным.

1994

ШОҚАНҒА

*«Дмитрий Ивановичке
сәлемімді жолдай көріңіз...»*

*Шоқанның А.Н. Бекетовке
хатынан*

Кең зерттеді ақиқат пен болжалды,
Ер Едіге, Манастарды қолға алды.
Жер шарына Қашғарияны паш етсе,
Қазақ үшін зор атаққа жол салды.

Сезім қандай шын сыйласқан сөзінде,
Достоевскиймен дос боп өтті кезінде.
Ол Семенов-Тянь-Шанскийді таңдантты,
Қарапайым жай Семенов кезінде.

Көшпенді елдің Колумбы еді алғашқы,
Даналармен «аққан жұлдыз» жалғасты,
Таң қаларлық ғажабы осы ғажаптың.

Менделеевке болса сәлем жолдаған,
Жүрек қозғап көрсетіп тұр ол маған
Тағы да бір дана досын қазақтың.



ҮКІЛІ БАБАМ

Ақындарда қызық көп ақын ұғар,
Татымым бар ойлы сөз затын ұғар.
«Сүймегенге қиянат қылма» деген,
Үкілі Ыбырай сүйікті нақылы бар.

Жастық шақтың ынтық зар шақырды үні,
Шақырды үні, көрерсің мақұл мұны.
Сүймегенге құрмалдық бола қалу,
Ақымақ етіп көрсетер ақылдыны.

Әйел – зады естияр, дана халық,
Барға көнер жүрегі жана қалып.
«Сүйдім» десе жарқырап жан базары,
Шын ғашығы жүрсе де мазаны алып.

Айдын көлге қонғанда аққу келіп,
Толқып кетем «Гэккуді» айтқым келіп.

1996

ЖАҢҒЫРЫҚ

Әні Мұбарәк Салықовтікі

Біз төліміз отыз екінші жылдардың,
Мен мың өліп, мың тіріліп, шыңдалдым.
Жаңғырығы көз жұмғанша өшпейді,
Қазақ кешкен сол алпауыт мұң-зардың.

Өмір – тартыс дабыл қаққан мәңгілік,
Жаным күйді жабық сырын ән қылып.
Соғыс жылдар алай-дүлей ұшқыны,
Көкіректе қалды мәңгі жаңғырып.

Ауылдағы бауырлардың бүгінде,
Қаяу-мұң бар күңіренген үнінде.
«Шамы сөнді... Малы азайды...»
деген сөз,
Жаңғырады жүрегімнің түбінде.

Тоналғанда қолындағы бар мүлік,
Жоғалғанда кейде жөні бар ғұрып.
Кей ағайын жарға соқса шар басын,
Шырт ұйқыдан оятады жаңғырық.

Тар кезеңде жол іздесем мәңгіріп,
Кісінейді жонға қарап сәйгүлік.
Күн күркіреп, жарқ еткенде найзағай,
Тау жаңғырып, көкірегімде жанды үміт.

12.07.1997

АУЫЛДАСТАР, АРМЫСЫҢ?!

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Келбетіңнен, туған жер, айналайын,
Сағынышқа дәруің бар ма дайын?
Басқан ізін анамның бір көрсем деп,
Жан-жағыма төгемін жан арайын.

Қайырмасы:

Ауылдастар, армысың?!
Бауыр, достар, бармысың?!
Сағынышым самғатты
Туған елге жан құсын.

Ауыл шеті алыстан қарай қалған,
Алтын күмбез асып тұр сарайлардан.
Аққу-қаздар айдында сырнайлатса,
Елестейді баяғы арайлы арман.

Қайырмасы.

Елти бердім, шіркін-ай, елти бердім,
Ата-анамды білгеннің кейпін көрдім.
Құрбы-құрдас, ағайын араласқан,
Бәрі осында әлемде мен сүйгеннің.

Қайырмасы.

Салқын өңім әу демде шырайланды,
Көңілімде ән толқып, жыр байланды.
Қайран жүрек жарылып кетер ме екен,
Елді көріп шар басым шыр айналды.

Қайырмасы.

ЖИЕН АҒА, БАҚҰЛ БОЛ!

Кәкімбек Жақыпұлына

Бақұл бол, аттас аға, жиен аға,
Жасымда сүйеу болған киелі аға.
Өлеңім – ескерткішім өміріңе,
Қазаңа жаным қатты күйеді, аға.

Рақымбек, Хамит аға, Кәкімбегім,
Сыйлайтын «нағашылап» татымды едің.
Сырымбет етегінде шәкірт күнде,
Өзгеден, аттас аға, жақын да едің.

Шақ киім бозбалаға әс көрінді,
Ешқашан қайтармадың жас көңілді.
Барарда қызды ауылға киюші едім,
Ең тәуір сенің қымбат костюміңді.

Мейірімді, мерейлі едің, бауыры кең,
Бір өзің мырза, байтақ ауылым ең.
Ішінде көп ағайын жанашырым,
Ақжолтай тілегі құт тәуірім ең.

Көз жасым тамып жетсе ағын жырға,
Бейнеңді бөлей берем ағын нұрға.
Шіркін-ай, бұл жалғаннан ерте кеттің,
Бақида қос ағанды сағындың ба?!



Толғанып Алатаудың етегінде,
Сый-құрмет есіміңе етемін де,
Торқалы топырақ пен иман тілеп,
Отырмын қимастықтың жетегінде.

Толғантсаң ауыр мұңмен нала қалың,
Тұлғалы туысым деп бағаладым.
Жәннаттан Алла жайлы орын берсін,
Атыңды өшірмесін балаларың.

19.10.1997



ЕСІЛ МЕН КӨКШЕ

Ерке Есіл, кербез Көкше әлімсақтан,
Егіз ел қоныс тапқан бір құшақтан.
Қыз беріп, қыз алысқан ағайын ел,
Абылай, Кенесары дәм-тұз татқан.

Жайласақ Есіл өзен алты алқасын,
Бірге айттық Сегіз сері «Ғауһартасын».
Құлагер өліміне бірге жылап,
Екі көз бірге сүрттік аққан жасын.

Бодандық белгі орнатып бел-белеске,
Ел бөлген қай қылығы келмес еске.
Қайтадан көгілдір ту аясында
Қосылды ерке Есіл, кербез Көкше.

Арамыз неге, достым, ыдырайды?
Бәріміз қуат еттік бір Күн, Айды.
Бөлмейміз Сәбит, Ғабит, Мағжандарды,
Бөлмейміз Ақан, Біржан, Ыбырайды.

Ақ қайың, қыз-қарағай оқалымыз
Жұлдыздай ортақ дана Шоқанымыз.
Татумыз барлық ұлттың баласымен,
Дербес ел Қазақстан – Отанымыз.

Көш бастап жаңа тілек алға бұрса,
Жөптедік болашаққа жанған нұрша.
Бірлесіп, білек қосып, бірге өсейік,
Бір қазақ жер бетінде қалғанынша!

1997

КЕРБЕЗ КӨКШЕ КЕЛБЕТІ

Келбетіңе қараймын, сері Көкше,
Сал табиғат жаратты сені ерекше.
Күндік жерден Сырымбет сылаң қақты,
Бой жазғандай Құлагер бел-белесте.

Оқжетпестің Бурабай етегінде,
Шақырып тұр Жұмбақ тас екеуін де.
«Алтын қайық» секілді күймелеген,
Қоскөл жаққа Ақтоқты кетерінде.

Қандырады табиғат сырға қандай,
Ару қайың алдымда тұр таранбай.
Ақын Сара секілді жаутаң қақты,
Ақ мандайын Біржан сал сипағандай.

Торғын желің толқыған самал төксе,
Дертті жүрек сауығар аман жетсе.
Үкілі Ыбырай өткендей «Гәккулетіп»,
Ғашық күнді қос аққу салады еске.



Көрген адам тамсанып қарағандай,
Ақ бураны құлатты жара қандай?!
Кенесары жатыр ғой үңгір тасы,
Ақ тайлақты аңсаған қара нардай.

Күн кешпейді Жалғызтау дараланбай,
Мұңаяды жанында жара бардай.
Ел-жұртты ойлап тебіреніп Есіл жақтан,
Мағжан ақын Көкшеге қарағандай.

Қоңыр кеште ырғалып самал ессе,
Жекебатыр Баянды салады еске.
Жұмбақ дүние, көгілдір жұмбақ өмір,
Мың құбылған келбеті қалады есте.

1997



КЕРБЕЗ КӨКШЕ

Әні автордікі

Сал Көкше, ерке Көкше, сері Көкше,
Жер-ана жаратыпты сені ерекше.
Көз арбап көк мұнардың арасында,
Ақ бура айға ұмтылған қалады есте.

Қайырмасы:

Көгілдір орман – көркем жер,
Абылай қонған сеңсең бел.
«Гәккулеткен»,
«Аққу жеткен»
Кербез Көкше, сексен көл.

Құлагер бой жазғандай бел-белесте,
Қиядан бөлеп қойдың нұрлы елеске:
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Әндетіп қарсы алғандай Оқжетпесте.

Қайырмасы.

Сексен көл Көкшетауды сырнайлаған,
Секілді сексен сұлу күй байлаған.
Ақ балтыр ақ қайыңдар билегенде,
«Қош» деуге аттанарда қимайды адам.

Қайырмасы.

1997

КӨКШЕТАУҒА

Көкшетау, төбең биік мұнар ма еді?
Қайғы-шер екеумізге құмар ма еді?
Сұм жалған қайта-қайта сынатпаса,
Мұң шалған ән жүректе тұнар ма еді?

Көк тұман Оқжетпеске төгіледі,
Екі көз мың елеске бөлінеді.
Тұрғандай Кенесары, Наурызбаймен,
Айыртау қос өркеші көрінеді.

Қона алмай «Қараторғай» қара жерге,
Қалықтап көңілі тоймас барады өрге.
Өн қосты Ақан сері ақ маржандай,
Төгілген қолтығынан қара терге.

Жел тербеп қоңыр кеште самал ессе,
«Жезкиік» Құлагерді салады еске.
Шошимын жазатайым мерт болар деп,
Құлшынып саяғынан дара кетсе.

Күрсінсем көңілде өшпес сағым бардай,
Тау іші жаңғырықты сабыр қалмай.
Аққу-қаз қоңыр кешті күңіrentті,
Үкілі Ыбырай әнін сағынғандай.

Ажалға ең асылды қалағандай,
Жабылды жазықсызға пәле қандай?!
Көзіме ақын Мағжан елестейді,
Атылған ақ бураға қарағандай.



Мекені Біржан салдай қыран ердің,
Қайғысын көрдің талай мұрагердің.
Жасымнан оза шығып соққы көрген,
Өзім де біреуімін Құлагердің.

Келмейді бәрін тізіп айта бергім,
Төбеңде қара бұлтты қайта көрдім.
Ұмытып кетер едім
Көз жұмғанша,
Бақыты жанса дербес байтақ елдің.

16.07.1997



ЖҮРЕКТІҢ ҚОС МЕКЕНІ

Шоқан басқан асыл ізден нәр алдым,
Ақан сері әнін жаттап таралдым.
Құлагер жортқан құба жонда ізі бар,
Аққулы елде, «Гәккулі» елде жаралдым.

Тағдыр қосты дос-жаранның тәуірін,
Тыңдай білдім құстар әнін, тау үнін.
Қыздары әнші, ұлдары ақын, сауықшыл,
Жайлап өстім Үкілі Ыбырай ауылын.

Сол ауылда жаздым тұңғыш өлеңді,
Жас жүрекке желіктіргіш жел енді.
Сол ауылдың әнші қызы үйретті,
Жер бетінде махаббат бар дегенді.

Қаныш жүрген құт әкелді Жезқазған,
Кенші болдым, өлең де көп мен жазған.
Араладым Ұлытауды, Қоскөлді,
Тыныс алып, отты күннен кен қазған.

О, кең дала! Сен қандырдың құмарды,
Бауыр бастым көк сағымға мұнарлы.
Серпіп қалған қабағында көп сыр бар,
Сонда көрдім адасып жүрген ұларды.

Тез құлаймын ес білгелі ғажапқа,
Сұлу көрсем шын сұқтанбау азап та.
Мөлдіреген қара көзі таңданып,
«Жезкиік» боп сыр ақтардым қазаққа.

Көзден көшкен сол елестер желбіреп,
Жалғасады киік-дала, кең жүрек.
Көкшелетіп Ұлытауға бір соқсам,
Сауығамын сағыныштар селдіреп.



БІЗДІҢ АУЫЛ

Біздің ауыл – Үкілі Ыбырай ауылы,
Қойны ырыс Жалғызтаудың сауыры.
«Гәккулеткен»
Аққулы өлкем осында,
Осынау жерде қыз-бозбала тәуірі.

Көрші жатыр Ақан сері мекені,
Орынбайдың еліне әнім жетеді.
Күлизатпен қосылғанда Елемес,
Сексен көлдер... төңкеріліп кетеді.

Аққу-қаздар солқылдатса сырнайды,
Ұмытылар мың қасірет, мың қайғы.
«Жезкиікті» құмарлана шырқасам,
Сұлу Көкше мұнарлана тыңдайды.

Толқындайды Саумалкөлім шүпілдеп,
Тебіренеді орман-тоғай шүкір деп.
Ақ қайыңдар билегенде қарсы алып,
Жүрегімді бір аламын бүтіндеп.

Бала күнді, болашақты зерлеймін,
Үнсіз ғана:
«Қайран, туған ел», – деймін.
Беу, ағайын, шынымды айтсам,
Баспа-бас
Жалғызтауды Алатауға бермеймін.

Елестейді кешкен тағдыр жасымда,
Бабам ізі жатыр тау мен тасында.
Мен Меккеге табынғандай тебіренем,
Жан анамның тұрып қайтсам басында.

1998

КӨКШЕГЕ НАЗ

Көкшетау, таңғажайып қарлы етегің,
Көрінер қысы-жазы сәнді екенің.
Мұз басқан сексен көлді көзім шалып,
Сағынып өткен жазды әндетемін.

Қарағай дыбыс бермей қасарады,
Ақ қайың енді қашан жасарады?
Жастық шақ еске түсіп толғанамын,
Лүпілін жүректің кім баса алады?

Біздің ел кең жазықты ойлауда екен,
Аппақ қар, қалың тоғай, қойнауда екен.
Алдында есігінің ізім жатыр,
Тағы да бір келер деп ойлай ма екен?

Сырымды, сері Көкше, білсең деймін,
Жер бар деп сенен артық бір сенбеймін.

1999



АБЫЛАЙ

Есіміне ел сиынған асылым,
Ала тулы ала құйын жасыным,
Абылай хан –
Азаттықтың жаршысы,
Жасап өткен өз дәуір, өз ғасырын.

Болды өзінің батырлары ардақты,
Бар қазақтың салмақтысын таңдапты.
Ақыл қосып билерімен білікті,
Ақындарын ақиықтай самғатты.

Ел тонағыш басқыншылар, жымысқы,
Абылай ханның аруағынан ығысты.
Қырғын жұттың,
Ізі өшіп «ақтабан»,
Құт жайлады ақ дастарқан ырысты.

Әділдігі таң қалдырды халықты,
Өзі бастап, ел негізін салыпты.
Ат жалында өскен қазақ ел даңқын
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Жан аямай қорғап байтақ даланы,
Саңлақ зерде
Оятты ұлттық сананы.
Ерлік пенен серілікті тең ұстап,
Әулиедей аты алашқа тарады.

Азаттықтың Абылай түпкі тірегі,
Арпалыста жолбарыстай түледі.
Оған тартқан

Еңіреп туған елім деп,
Кейінгі ұрпақ кетті ұласып тілегі.

Мағжан ақын мезетте оқтай атылған,
Медет көріп Абылай рухын шақырған.
Абылайлап жауған оққа кірмесе,
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.

Аруақ сыйлар таңдайымда бар татым,
Өсті осылай үрім-бұтақ, зәузатым.
Сын сағатта Абылай ханға табынды,
Күн көшінде – Тоқтарым мен Талғатым.

Кеше атына салынса да тыйымдық,
Титім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.
Қаны қазақ
Қай қияда жүрсек те,
Абылай ханға ант бергендей сиындық.

17.02.2000

* * *

Қызық екен қияда өткен жалын күн,
Қанаты көп алып ұшқан жанымның.
Саған қарай ұшқан құсқа қызығып,
О, туған жер, мен өзіңді сағындым.

Болса-дағы бүгін менде көп күтім,
Ойламаңдар жүрегімді деп бүтін.
Бір зиратта жатыр менің қос анам,
Екеуі де кешірсе екен ақ сүтін.

Сағыныштың неден десем азабы,
Кімнен таптым десем асыл «жазаны».
Көкшетаудың аспанында туыпты,
Мен білетін таңғы шолпан ғажабы.

Елді ойлап баяғы жас балаша,
Көз алдымда елестейді тамаша.
Ынтық көзге Ұлытау мен Көкшеден
Гималай да көрінеді аласа.

СӘУІРДЕГІ КӨКШЕТАУ

Көкшетауды аңсап келіп тапқандай,
Ақша бұлттар ағындайды ақ маңдай.
Елестейді пейіштегі Құлагер,
Тау үстімен шауып бара жатқандай.

Ақша бұлттар – желбіреген ақ тулар
Алып келген
Айналамда шалқу бар.
«Гәккулеткен» дәуір туды сәуірде,
Сексен көлге қонып жатыр аққулар.

Бұлттар келсе басылады тау мұңы,
Ақ жаңбырдың ақ күмістей жауды үні.
Көзге оралды
Жеңіс күнгі ауылда
Жан анамның шашу шашқан жаулығы.

Ақша бұлттар тау үстінде аунаған,
Көктем дертін алып келді сау маған.
Қырқа бойлап бара жатыр қызғалдақ,
Қызыл көйлек киген қыздан аумаған.

Аққу қонса шаттық жырын айта алам,
Аңсаған құс, аяулыма ән табам.
Ақша бұлттар жылы жаңбыр төксе де,
Қар жаумаса жарар еді қайтадан.

*9.04.2000.
Көкшетау*

ЕРМЕК ТӘТЕМ

Ермек тәтем
Ерте кеткен өмірден,
Еркелеттің кетпестей боп көңілден.
Ең тамаша үлесің бар, бауырым,
Мен биіктен болсам бүгін көрінген.

Ғажабы сол тәлімгерлік ғажаптың,
Әулиедей алып берген азат күн.
Мен мектепке бармай жүрген кезімде,
Сен үйреттің әліппесін қазақтың.

Кемпір-шалға кітапты көп оқыдым,
Шұлғи тыңдап, шықпаушы еді тосын үн.
Саған, тәте,
Мың-мың алғыс айтамын,
«Жұмбақ жалау» сөз болғанда осы күн.

Алты жаста
Көріндім бе ірідей,
Көп оқытты-ау атам жаным сірідей.
Ботагөздің сипатына келгенде,
Кейбір жерін жаттап алдым тірідей.

Мен дегенде оң қабағың ашылған,
Тәрбиешім болдың қымбат жасымнан.
Інішегім деп
Дос-құрбыңа паш еттің,
Қайда барсаң тастамадың қасыңнан.

Дәл он беске жетер-жетпес құладың,
Сонда шектiм
Сұм жалғанның сынағын.
Қара жерге көмбеңдер деп денеңдi,
Шыр-шыр етiп
Жан түршiге жыладым.

Емiс-емiс қалды сол күн жадымда,
Жылдар өттi. Түстiм талай ағынға.
Тәте, сенiң үлесiң бар, рухың бар,
Мен қаулатқан өлең-жырдың бағында.

Бүгiн таптық сенiң бала бейнеңдi,
Тiршiлiктiң кем-кетiгi теңделдi.
Бiр тамшы жас ыршып түстi көзiмнен,
Қос жанарың жас күнiмдей дем бердi.

17.08.2000.

Бурабай – Алматы



* * *

Сүйемін, Көкше, сыйлағыш
раһат салтыңды,
Тебіреніп кетсем, төгіліп өлең, ән туды.
Құшаққа алып екі беттен өпкендей,
Ниетің таза, мейірімің неткен тартымды?!

Сексен көлде жаз бойы құстар тойлаған,
Қаңқыл да саңқыл базары қайтты ойнаған.
Күз келсе де маңайдың бәрі тамаша,
Сыңар аққу, қарашы, нені ойлаған?..

Ақ қайың ғажап, аумайды таныс арудан,
Желпініп қарап болады мұңға салынған.
Қоштасарда ақ білегін кең жайып,
Сездірмейді жүрегін қаққа жарылған.

Сыйлаймын, Көкше,
күз келсе қоңыр салқынды,
Сеземін сергек бойымда жаңа қарқынды.
Қысың да жақсы аязды аппақ қарымен,
Бақыт деп білем өзінде өткен әр күнді.

09.08.2000.

Бурабай



КІНДІК ҚАНЫҢ ТАМҒАН ЖЕР

Жанға жылы нұр еккен,
Жолға шырақ жаққан жер.
Үнің шығып шыр еткен,
Анаң сені тапқан жер.

Оған еш жер жетпейді,
Ол – киелі арман жер.
Көкейіңнен кетпейді
Кіндік қаның тамған жер.

Құрбы-құрдас табыстық,
Аялады аққан жел.
Туған жерде бәрі ыстық,
Ата-бабаң жатқан жер.

Ауылда жүр барымыз,
Көз ашқалы құмартқан.
Шықтық ұшып бәріміз
Сол тамаша жұмақтан.

25.11.2001





ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚЫМБАТЫ

Жерден жер артық жаралар
Сәнімен, алтын дәнімен.
Көлден көл артық саналар
Аққу-қаз салған әнімен.

Ескі үйден артық үй қайда,
Шыр етіп сонда мен туған.
Киіктей өскен бір сайда,
Көшеміз құтты сен туған.

Ауылдың маңы нұр жұмақ,
Ұмытпан көркем көктемін.
Бір жүгіріп, бір құлап,
Есімде жылдам өскенім.

Ата-анамды көргендер,
Ағайын-туыс осында.
Қиналсам көмек бергендер,
Бауырым, жегжат, досым да.

Ер жігіт ұзап кетсе де,
Жапанда жалғыз септейді.
Кісі елі құрмет етсе де,
Туған жер, саған жетпейді.

Бабалар бізге сүйінсін,
Тілектің осы қымбаты:
Көз жұмғанда бұйырсын
Ауылдың ескі зираты.

21.02.2002.

Алматы



* * *

Осы ауылда жаралдым,
Түлетті анам,
Кәрі-жасы арнады тілек маған.
Бүгін ауыл қабағын қырау шалса,
Оқ тигендей жүректен жүдеп қалам.

Жүдеп қалам,
Толғанып, мұңаямын,
Мұңайғанда қозғайды жыр аяңын.
Ел жүрегін тебіrentсе жақсы өлеңім,
Күш аламын, қайтадан тыңаямын.



ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ҚАЙДА ЖАТЫР ЕКЕН?

Айтқызбас жан азасын ойым бекер,
Бір күнде ас пен мерейтойы да өтер.
«Гәккуін» Күләш шырқап, әлем білген,
Үкілі Ыбырай қайда қойылды екен?

Елеңдеп Жалғызтаудай кербез мекен,
Келер деп болды жылдар сенген бекер.
Құс салып сексен көлді дабылдатқан,
Үкілі Ыбырай қайда жерленді екен?

Ардақтап атамаймын атын бекер,
Жетпісте жолбарыстай батыл екен.
Атылған ел қырылған аштықты айтып,
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?

2002

МОЙЫЛ ТАЛ

Сақталды мәңгі есімде
Саумалкөлдің қаласы.
Көп орыстың көшінде
Өсіп ем қазақ баласы.

Терезенің түбінде
Мойыл тал ғажап гүлдеді.
Мүлтік жоқ әншіл үнінде,
Торғайлар сансыз түрлі еді.

Соғыстың кезі, біз жаспыз,
Інім бар менен кішкентай.
Қаршадайдан сырласпыз,
Секілді егіз күйкентай.

Таңертең ерте бір күні,
Масқара көрдім даладан.
Қалмапты мойыл бір гүлі,
Қол жетер жерге тараған.

Шырылдаған бозторғай,
Үнінен шошып шығып ем.
Терезеге көз салмай,
Ұйқыға тәтті бұғып ем.

Тәртіпке берік атанған,
Ол үшін болдым өтімді.
Сонда да інім Сапаржан
Гүлдерді жоқтап өкірді.

Не десем де мен оған,
Шығарды үлкен қорысты.
Аяусыз гүлді тонаған,
Боқтады қазақ, орысты.



Салыппын тоқтау ініме,
Жетер деп бізге қалғаны.
Дақ түспей өзге гүліне,
Мойыл тал тірлік жалғады.

Күз келгенде қап-қара,
Қаулады мойыл биікте.
Қайыспас қайсар жас бала,
Тауып ем амал күйікке.

Шатырдан шығып, мойылды
Асықпай мол ғып жинадым.
Өзімше жасап тойымды,
Ініме бәрін сыйладым.

«Уралап» тентек қуанды,
Көргенде піскен мойылды.
Шоқ гүлдер үшін жұбанды,
Өксігі ескі жойылды.

Сүйсінді шешем бірақ та,
Деді: «Өссін, балам, мәртебең.
Түспе енді ондай сынаққа,
Құласаң тайып қайтер ең?

Қазаға оқыс көп себеп,
Жоғалтсаң көзден қараңды,
Ажалынан ертерек
Өлтіресің анаңды».

Сұмдықты көзбен көргендей,
Селк еттім батып ұққаным.
Мойылды бұлттар тергендей,
Шатырға қайтып шықпадым.

25.04.2002



КИЕЛІ АЙМАҚ – САРЫАРҚА

(Әні бар)

Сарыарқа десем жаным тебіренеді,
Құлын-тай шұрқыраған дем береді.
Сексен көл сексен әуен оятқандай,
Көкірек ауыр дерттен емделеді.

Қайырмасы:

Сары жайлау – самал жел,
Қарағай, қайың, қамар бел,
Атына көркі сай алқа.
Сал-серілер жайлаған,
Құлагер жұлде байлаған,
Абылай қонған хан алқа;
Киелі аймақ – Сарыарқа.

Сақтаған қорған болып баяғылар,
Ақбөкен желдеп келер сая құмар.
Қандай жер Сарыарқаға
жетер дейсің,
Көкшетау, Қарқаралы, Баяны бар.

Қайырмасы.

Арқада өскен аппақ қыз баланы,
Аспанда жұлдыздар да қызғанады.
Аязда алаулатып бір сүйгенде,
Қып-қызыл ақ бетінде із қалады.

Қайырмасы.

Болмаған адал досқа күдіктері,
Жалғасқан байтақ елмен үміт, шері.
Әрі ақын, әрі әнші, әрі мырза,
Сал-сері Сарыарқаның жігіттері.

Қайырмасы.

12.12.2003.

Астана



ЖЕЛДІ СҮЙЕМ

Мен өмірде ақ қанат жыр аулаймын,
Көк майсаға еркелеп бір аунаймын.
О, адамдар! Желпінткен желді сүйем,
Желсіз жерде тымырсық жүре алмаймын.

Жел алыстан мені іздеп қол бұлғайды,
Қарсы аламын қаулардай онсыз қайғы.
Желде бар ғой жусан мен тобылғы иісі,
Жел жұпары көңілді тоздырмайды.

Дала сүйгіш болмаса менде тыным,
Бергені бар сыбырлап жел өтінің.
Киік көрсем жүректен жыр қозғалар,
Мен ардақты Жер-ана перзентімін.

Сарыарқа деген ғажап жерді сүйем,
Жан қалқа, сендей ерке желді сүйем.

2003



САРЫАРҚА

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Сарыарқа – сайын дала даңқың асқан,
Аққу-қаз айдын көлде мауқын басқан.
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Сайрандап, сал-серілік салтын ашқан.

Қайырмасы:

Туған ел жайлап
Жатырсың жайнап,
Сарыарқа – алтын аймақ.
Ақбөкен көшкен,
Самал жел ескен,
Сағынттың кетпей сен естен.

Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы,
Ақ маржан аспанынан ән тамады.
Сексен көл сырнай-керней қарсы алғанда,
Адамның аялайды аңсағаны.

Қайырмасы.

Жамылған торғын тоғай киелі өлкем,
Табылмас жер ғажабы сенен көркем.
Құба бел қыз төсіндей жан баурайды,
Құлагер құс қанатты жүйткіп өткен.

Қайырмасы.

Атағың Абылай қонған дастан-аңыз,
Жалғасты дербес елде салт-санамыз.
Есілге Алатаудан ел көшкендей,
Төсінде құлаш жайды Астанамыз.

Қайырмасы.

20.02.2004. Астана – Алматы



САРЫ-АРКА

Перевод Г. Колесникова

Послушай песнь мою,
Сары-Арка,
Ты –
Родина красавиц и певцов.
Твой ветер оведал мое лицо.
Я пил нектар из твоего цветка.
Здесь рос Ахан,
И здесь мужал Сакен.
Здесь, как джигит,
Вознесся Сырымбет.
Сары-Арка,
Тебя красивей нет.
Земля певцов,
Послушай мой сонет.
Душой я по планете кочевал,
Нар золотой мне чудится во сне.
Сары-Арка,
Твой гордый Кокчетав
И дедушка Баян
Добры ко мне.
Услышь меня,
Услышь издалека.
Пусть песнь моя
Всегда летит к тебе.
Ты –
Родина певцов,
Сары-Арка.
Я рад тому,
Что ты в моей судьбе.

ЕЛ ШЕТІНДЕГІ ЕЛЕСТЕР

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Жасымнан жан сарайын алаулаған,
Көлдері Қорғалжынның жалау маған.
Шоқ қайың, күрең жартас жарқ еткенде,
Елестеп кетті талай қалаулы адам.

Қайырмасы:

Бел-белеске қарасам,
Ұққан сырым орасан.
Жауды жеңіп тоқтаған,
Тауды бабам деп қалам.

Өнер төрі дарынды ел,
Барыңды айтты сағым бел.
Сыбырлайды әжемдей,
Сарыарқада самал жел.

Көңілдің көзін ашып сымбаттаған,
Туған жер, әр дыбысың қымбат маған.
Кезім жоқ сайда бұлбұл сайрағанда,
Рәбиға ән салғандай тіл қатпаған.

Қайырмасы.

Сары бел, күміс көлдер бар айналам,
Жарқырап көз тартады шарайнадан.
Үкілі Ыбырай мен келе жатқан
Ілияс күйші ме деп қарай қалам.

Қайырмасы.

Әндетіп Балуан Шолақ серіменен,
Қосылып кербез дала желіменен;
Алыстан Дәулет күйші аңыратты,
Қобызы бозінгендей еңіреген.

Қайырмасы.



АҚҚУДЫ КӨРІП ҚАЛЫҢДАР

Аққуды көрші, балалар,
Бір қонбай көлге өтпейтін.
Құс патшасы саналар,
Өзге құс оған жетпейтін.

Жаттап қалшы саңқылын,
Құлын-тайды билетер.
Айтқандай саған бар сырын,
Ән шырқауды үйретер.

Құстарға көңіл бөлесің,
Тойлаған құтты мекенін.
Өз көзіңмен көресің
Сұлулық не екенін.

Әп-сәтте у-шу қалды ойын,
Ғажайып мезет туады.
Алтын тұмсық, ақ мойын,
Аппақ төсін жуады.

Құс көруге барыңдар,
Біріне-бірі бәрі ынтық.
Аққуды көріп қалыңдар,
Кетеді ертең сағынтып.

25.05.2004.

Алматы



САҒЫНЫШ – МЕНІҢ ТІРЕГІМ

Сағыныштармен аралас туды бар арман,
Сағыныш сырын ұғындым асыл анамнан.
Содан кейін тап болдым саған жасымда,
Бір мені мәңгі сағыну үшін жаралған.

Аспанда көрсем қияға ұшқан қыранды,
Қосамын бірге көкейкескен бір әнді.
Өзіңнен аумай кең далада «Жезкиік»,
Сол әнім болып көз алдымда бұралды.

Осының бәрін айтты деме жаңылыс,
Ұқсаған саған сұлуға етем бағыныш.
Сана мен сезім ақыл мен ойды билеген,
Тұла бойым булығып тұрған сағыныш.

Мұң орандым ес білмей жатқан кезімде,
Сағыныштың ізі бар екі көзімде.
Сағынарым жоқ болса осынау жалғанда,
Үндемей тыныш өтер едім өзім де.

Аңсау мен сусау қолтықтап бірге жүремін,
Үзіліп кетер әйтпесе нәзік жүрегім.
Сағынғандар желеп-жебеп жүреді,
Сағыныш – менің тірліктегі тірегім.

2004

АҚҚУ КЕЛДІ

Аққу келді оралып өскен жерге,
Ақ қанаттар сән берді көркем көлге.
Қаңқыл-саңқыл көбейді кең далада,
Тыңдай қалшы, ән салды ескен жел де.

Кең айдыңға төккендей ақ гүлдерді,
Аққу келді, аймаққа аққу келді.
Қай жағыма қарасам бәрі сұлу,
Қуанғаннан мен де өлең айтқым келді.

Ақ қанаттар қараймын жарқылына,
Шын қуаныш қосады жан сырына.
Көктем келсе жер мен көк әндетеді,
Қосылғандай аққу-қаз саңқылына.

Жүрсең-дағы естисің тым алыста,
Әндетеді өзен де тың ағыста.
Ән салыңдар, балалар, балдырғандар,
Қосылайық көктемгі қуанышқа.

25.05.2004.

Алматы

* * *

Жарық күннің ата-анам жолықтырған,
Сәулесі үшін өтер ем болып құрбан.
Табиғатта шаттық бар, шапағат бар,
Мейірбандық ізетке толып тұрған.

Қасиетін нұр шашқан бұл маңайдың,
Қалай ғана сүйсініп, құндамаймын?
Өзің салған әндерді қайталап тұр
Бозторғайы сәскеде Бурабайдың.

Сәуледен – ән, желден – жыр тілегенім,
Туған жермен жақсылық бірге егемін.
Іздегенім табылса, көл шетіне
Кешке қарай тағы да бір келемін.

Орман-тоғай таулармен үндесіп тұр,
Мен де айтамын сен жайлы бірлесіп сыр.

2005

БІЗДІҢ АУЫЛ

Біздің ауыл – елікті жер, көрікті,
Бұланына бұлғындары еріпті.
Сай сағалап қоян қашса бүркіттен,
Айдын көлде аққу көзді телітті.

Біздің ауыл қарағайлы, теректі,
Тау шақырар көкірегі зеректі.
Тал түбінде телміріп тұр жас марал,
Қос жанары айтып жанға керекті.

Біздің ауыл – ақ қайындар мекені,
Жидек, шие, бүлдірген-ді етегі.
Шие терген құрбыларға кездессең,
Өзіңді де бірге тере кетеді.

Бәрі ғажап, көрсең көзің тоймайды,
Туған жер-ай, сағындырмай қоймайды.

20.01.2005



ТУҒАН ЕЛГЕ

Келеді жан баураған ғашық өлең,
Сенеді жүрегімді ашып өлең.
Туған ел, ақ бұлағың болып тусам,
Шапқылап жарысамын ғасырменен.

Сөнбейтін жанартаудай жалын ішім,
Өнбейтін талабым жоқ арым үшін.
Тағдырмен арпалысып келемін ғой,
Арналды келешекке сағынышым.

Аңсадым атар таңның тез келгенін,
Адамның адал дедім кез келгенін.
Ұл-қызым көбейтер деп үмітім зор,
Аз болса туған елге өз бергенім.

АУЫЛ ДЕСЕМ...

Әр әулеттің ауылда алтын ұясын,
Әспеттейді көңілімнің күйі асыл.
Ауыл десем ақ дидарың жарқ етіп,
Көкірегіме ғашық әуен құясың.

Әне, сонда аққу көлде үн қатар,
Тоқсан толғап тоты әнін тыңдатар.
Жағалауда шырылдаса көп қызғыш,
Тыңдай қалмай үркітуге кім батар.

Өлең айтпас біздің елде қай кісі?
Ақан сері әні – жанға жайлысы.
Біржан сал мен Үкілі Ыбырай әндерін
Жалғастырды Құлагердің қайғысы.

Елге барсам, соғыс жылғы балалар
Жұрттан бұрын өктем төстеп қамалар.
Еске түсер азалы әнге салғаны,
Қара қағаз алған шерлі аналар.

Болды жылдар ауыл жаққа көп келмес,
Сағыныш сазы,
Дерт қаулатты өртпен дес.
Елге оралып, есті жиып, көз ашсам,
Бар айтарым осыменен шектелмес.

Ауылым менің зәулім биік Манхеттен,
Меккем де сол шын жұмағы
таң шеккен.

Бар өнерім ауылымның бергені:
Өлең жазсам, кейде баяу әндетсем.

Ауыл десем ашылады тұнығым,
Түпсіз терең қазақ үшін бұл ұғым.
Өн мен жырдың арқасында ауылдан
Үзілген жоқ алшақ өткен ғұмырым.

03.04.2005



ДАСТАРҚАНЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Көңiлшек көзден жас кетпес,
Қуанса да жылайды.
Арайлы төрден ас кетпес,
Ел-жұрттың басын құрайды.

Қазы-қарта тұздалған
Дастарқан көшiн қосады.
Келердей күйеу қызды алған,
Сүрленген төстiк тосады.

Қымыз бар сусын сұраса,
Орнайды қызу тәуiр шақ.
Келердей сылқым құдаша,
Сағына күтер бауырсақ.

Бұйырар жеткен бабына,
Бал құйрық, тәттi бауырмен.
Татасың бәрiн сағына,
Қарсы алған аңсап ауылмен.

Сақтайды үлкен талаппен
Ғажабын жеңгем ғажаптың.
Парижден келген шарап пен
Қып-қызыл сүрiн қазақтың.

Қозының етi балбырап,
Қазанда пiссе бүлкiлдеп;
Сүрiне басып қалжырап,
Келiндер жүр ғой күңкiлдеп.



Қайтсін-ай, бөлеп бал құндақ,
Отыра алмайды ән тыңдап.
Кезегі ән-би жеткенде,
Есесін алар қарқындап.

Ауылға келіп жол күтпен,
Жыр оқып, ойлы наз арттым.
Жасай бер осынау молдықпен,
Дастарқаны қазақтың!

2005.

Еңбек ауылы



САҒЫНЫШ НАЗЫ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Ән салма, қалқа,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам
Өзімнен өзім дел-сал да.
Көре алмай қалдым
Көктемде жайлау келбетін,
Аққулы көлге
Жағалай қонған ел барда.

Көре алмай қалдым
Өртеңге шыққан көгіңді.
Тере алмай қалдым
Тотылар төккен көп үнді.
Аңсады жаным
Майсалы дала қымызын.
Майсары жеңгей,
Масайрап күлген лебіңді.

Ән салма, қалқа,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам
Өзімнен-өзім дел-сал да.
Аз ғана күндер
Сағынбай жүрген болайын,
Саябыр жасап,
Көңілімді менің сен де алда.







Көкшетаудай кербез еді ұстазым



*...Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы.
Абай*

Өмірдің балалық шақтағы қым-қуыт бұрылыстарына, заманға сай құбылыстарына бағынышты күн кешіп, мен жетіжылдықты орыс мектебінде бітірдім. Оның соңғы екі класы Көкшетау қаласындағы ер балалар мектебінде өтті. Бұл әлі де қуанышы мен ауыртпалығы аралас соғыстан соңғы екі жыл еді. Ер балалар мектебі дегенің – нағыз өңшең тебеген сәуіріктердің жиналған жері. Ондағы шәкірттердің ақылы мен тілінен жұдырығы жүйрік, қиян-кескі арпалыспен тағдыр шеккен қаланың қатыгез заңын бұлтармастан орындайсың. «Өмір деген – нағыз айқас алаңы» аталатын қағиданы сол күндер қатты үйретті. Ойынымыз да «ақ» пен «қызыл», күрестің де аяғы шикі төбелеске жалғасып жүре беретін. Соның бәрі де қара нанға сары май жаққандай, үйреншікті үрдіске айналатын.

Міне, осындай білімі мен шылымы, оқтасуы мен боқтасуы, тәлімі мен төбелесі аралас мектептен кейін, үй жағдайына байланысты, Айыртау ауданындағы «Казгородок» қазақ орта мектебіне оқуға баруға мәжбүр болдым. Ата-анамыз Көкшетаудың түбіндегі Красный Яр деген аудан орталығынан ауылға көшулерін қаншалықты ауыр көрсе, менің қазақша оқуға баруға мәжбүр болғанымға өзімнен бетер қиналды.

Құдай оңдап, жас күнімде, әлі мектеп есігін ашпай жатып, Ермек де-

ген әпкем қазақшаны үйретті. Онда менен тезірек ғалым әлде әдебиетші тусын деген жоқ. Бесіншіде оқып жүрген қыз баланың үйде бес минуттік тынысы болмайтын. Ол ыдыс-аяқты жуады, мал сауысады, шай қайнатысады, ет пісіріседі. Соның бәріне қоса, кешке арабшадан басқаны білмейтін шал-кемпірге жаңаша кітап оқиды. Осы кітап оқудан құтылу үшін әпкемнің әрекеті мені үйретуге әкеліп соқты. Ол кезде түсінбесем де, кейін марқұм Ермек тәтеме өмірлік алғысымды арнап келемін. Ақылды, абзал жан соңынан ерген інісін оқытып кеткен екен. Маған әдебиетке құштарлықты да осы бір үйдегі мектеп, өмірдің өзі үйреткен секілді. Ермек тәтем мен әйгілі ақын Мұса – менің бөлелерім, ал тұрмыс жағынан бір үйде өскен балалар едік.

Амал нешік, қант, кәмпит сияқты сый-сияпаты аз болмаған соң Ермек тәтемнің айтқанына бас иіп, латынша оқуды игердім. Ермек тәтем көзі өткір, бидай өңді, жүзі жылы бойшаң қыз еді. Кейін сегізінші класта жүргенде туберкулезден қайтыс болды. Ол күндер біздің үй көл-көсір қайғыға толды. Ол кезде кітап аз болатын. Ең дөкейі – «Жұмбақ жалау». Бұл – Сәбит Мұқановтың басты романы және сол кездегі ел ішінің қызығып оқитын кітабы. Мен үшін Сәбең қазаққа роман оқуды үйреткен жазушы көрінеді де тұрады.

Қайта-қайта көп оқытыным соншалық – кейін кей жерін оқымай-ақ, оқығандай етіп жатқа айтып, суылдата беретінмін. Үлкендердің үкімімен бастап, ақыры көп оқуға өз бетіммен дағдыланып кеттім. Кейін орыс мектебінде оқып жүрсем де, қазақша әдеби шығармалардың қол жеткенін құтайтпайтын әдетке табыстым, ақыры әдебиетке деген ішкі құмарлық мәңгі серік болып кетті.

Қазақ мектебін игеріп кетуіме сескенген емеспін. Неге десеңіз, әкем оқығанымды үйде айтқызып үйретті. Оған қоса киноға беретін ақшаның ақысын өтеу үшін, үйге оралғасын киноның бар мазмұн, желісін тәмамдап бересің. Ал сәл есейе келе қай артист кімді ойнады деген пәле сұраққа да ұшырайтын болдым. Қазақ мектебіне барасың дегенде, бір қорқатыным – қыздардың алдында тұрып, тақта алдында мұғалімге жауап беру. Көздері бақырайып, тесірейіп қарамаса екен деп тіледім. Екінші қорқыныш – математиканың есептерін шығарғаннан кейін оқып беру. Оның себебі орыстың «одна вторая» дегені қазақша керісінше «екіден бір» деп оқылады. Шынында да осы екі себептен опық жедім.

Әл-хал не керек, Казгородокке де келіп жеттік. Есімді шала білер-білместе осы жерді қоныс еткенбіз. Менің куәлігім бойынша да туған жерім болып осы Сырымбеттің баурындағы Казгородок аталатын. Табиғаты

қанша сұлу болса, ауылдың көшелері де соншалық таза екен, ал шымқай қазақ балаларын көргенде, ішіме біртүрлі жылылық сезім бітті. Қаланың төбелесі, сотқарлығы бітті-ау деп шын қуандым. Казгородок – Уәлі ханның жесірі Айғаным ханымға ақ патша салған ұлы шаңырақтың ұлағаты белгісі. Шоқанның ізі кетпес киелі жер.

Менің әкемді мектептің директоры Мұсахан Қанапиянов жақсы көреді екен, оқуға алғаш алып келгенде, директордың үйіне түстік. Бұл да бір ойдан кетпес жақсылық. Көзіме жылы ұшырағаны – осы үйдегі Күләш апай, директордың жұбайы менің Қуандық деген ескі досымның әпкесі екенін көрген бетте тани кеттім. Аудан орталығы Володаровкада бірге өскен өз інісіндей көріп, бетімнен сүйді. Бұл өзімнің Ермек тәтем тіріліп келгендей, ерекше тебіреніске бөледі. Шай ішіп, ет жегенде де сәл-пәл еркіндік бітіп, Күләш апайға жаутандап қарай беретін болдым.

Мұғалім:

– Сен сегізіншіні қой, тоғызыншыға бар, игеріп кетесің, себебі орысшаны жақсы білесің, қазақша да сөз саптауың ұнап тұр, – деді. Мен сәл кідіріп, әкеме бір қарап:

– Рақмет, мен сегізіншіге барамын. Әжем: «Ала жіпті аттап өтпе», – деуші еді, қолақпандай бір класты қалай аттайын, – деппін. Тыңдаушылар ду күлді. Бірақ мұғалім күлмеді:

– «Әжеңнің ала жібі» басқа ғой, бірақ шешімің дұрыс, – деп, мырс етіп бір күлді де: – Бар, балалармен ойнай бер, – деп, бостандық берді. Маңдай терімді бір сүртіп, шыға жөнелдім. Қиямет-қайымнан қашқандай, ол үйге қайтып кірмедім. Әкемнің Кәкен Жантаев деген досы бар еді, ұзақ әңгімемен әдейілеп келген шаруамыз біткесін, қоналқаға сонда кеттік.

Мұсахан мұғалім ерекше инабатты, баппен сөйлейтін сабырлы кісі көрінді. Үстіндегі киген киімі патша заманының кереметтері, не болмаса кинодағы демократтарды ойнайтын артистер сияқты аристократтық сәнін танытты. Көркемше келген, жұқалтаң ақсары өңі, қос ернін сәл жинақтап алып сөз бастауы, әр сөзден соң іркіліс жасап, ойлануы ол кісіні маған өзгелерден өзгеше танытты. Көзі күлімдеп қарағанда, шуақты мейірімділік төгеді де, адам жанына жылуын таратады. Сол кезде директор деген ызғар ұмытылады. Ал киген киім, түс-тұрпаты, өзінің бар болмысына тұтас қарағаныңда, нағыз ұстаз, директор екені бесенеден білінетін. Өзіңе де бойыңда жоқ жинақтылық бітіп, байсалдана қаласың, алдынан бір өткенде мінезділік деген сабақ алғандай түлейсің. Еппен

сөйлеп, еліктіріп әкететін керемет қасиетін сабағын тыңдағанда көрдік, әбден қанықтық.

Көкшетауда оқып жүргенде көрген Ким Владимир Владимирович деген директорыма бұл кісі ұқсамайды. Ол кісі айла, тәсіл, ашу, ақыл – бәрін қосып, көп қарғаны қайырған бүркіттей, үнемі әбігерлікпен, шимай-шатақ дауды шешіп жүретін. Оны директор екен деп қаланың сотқар балалары аса қаймыға қоймайтын. Кимнің қолшоқпары военрук Александр Александрович деген соғыстан келген дәу орыс болатын. Директор бұл мұғалімді бас сарбазын қасынан екі елі тастамас қолбасшыдай ертіп жүретін. Ал Қанапиянов басқаша. Оны балалар да, мұғалімдер де шын құрметтеп, айрықша сыйлайды. Өзі де жұрт алдына шыққанда көз тартар галстук, аппақ көйлек, қыры сымдай түп-түзу шалбарлы кәстөм киіп шығып, көрген жанды таңдандыратын. «Мұсаханның жүрісі» деп, кейде балалар басын сәл көтеріп, екі қолын баппен сілтеп, жүрісіне де жаттығатын. Мұсахандай мұқият боламыз деп, үсті-басымызды титтей қылшықтан тазалап әуреленетінбіз.

Қазақ – ұстаз сыйлағыш халық. Тағы да бір айта кетерлік шындық – ол кезде мұғалімдердің беделі биік, тұрмыстары нық, ал өздері өңшең ығай мен сығай, нағыз біліктілер мен білімділерден тұратын. Бір ғажабы, қазақ мектебіндегі мұғалімдер әрқайсысы өз пәнінің төңіректегі теңдесі жоқ үздіктері екен. Математикадан сабақ беретін Жәкенов Қаусыл Қазан университетін бітірген үздік маман болса, одан кейін осы пәннен сабақ берген Биболоаев Қойшы да нағыз майталман, мұғалімдіктің сүлейі, сұңғыла маман болғандығы соншалық – біздің кластағы балалардың бәрі де шетінен математик болып кетті. Хамит Нұғманов – үздік домбырашы, жас мұғалім, көркем өнерді басқарды, домбыра үйретті, Ғани Дәуітбаев ағамыз пьесаларды қойғызып, бәрімізді әртіс етті. Әр мұғалімнің өзіндік қосымша өнерлері болатын. Ол кезде жас мұғалім Қажахмет Балахметұлы кейінде көп жылдар республикалық оқу министрі болды. Ғабдұлхай Рамазанов орыс тілінің аса жетік маманы еді. Ол да өзіндік ұстаздық мектебі бар, тәлім-тәсілі зор, майталман тұлға. Бір сөзбен айтқанда, бәрі де ығай мен сығай ұстаздар.

Осының бәрі – Мұсахан мұғалімнің өз маңайына тамаша адамдарды топтастыра білуі. Бұл мектептің дәрежесі аймақтағы мектептердің бәрінен жоғары болғандығы соншалық – көрші ауданның онжылдықты бітірер түлектері кәмелеттік аттестат сынақтарын осында өткізетін. Бұл да директор үшін, мектеп үшін үлкен бедел, зор көрсеткіш. Облыс, аудан бойынша математиктердің таласы, суретшілердің жарысы, әнші-күй-

шілердің сайысы, тіпті шаңғы жарысына шейін біздің мектептің балалары шымқай алда жүретін. Өз басым тақпақ оқитындардың аудандық жүлдесіне ие болғаным бар, күйшілер тобында жүрдім.

Сырымбет – Ақан серінің, ұлы ғалым Шоқанның елі. Біздің мектеп қарағай, қайың жамылған, тал бойында бір мін жоқ, серідей сылқым, сұлудай кербез, сырықтай тіп-тік әйгілі таудың кең жазық жазиралы саласында орналасқан. Тау етегінде ғажайып көл бар. Аққу, қаздың қаңқылы жаздыгүні құлақтан кетпей сырнайлатып, кернейлетіп жатады. Сықылықтап күлген сұлудай, көл қорыған қызғыш әні, немесе тал бойлаған тотылардың тоқсан түрлі толғауларына сандуғаштың сайрауық, үзімтал әуендері араласқан дала оркестрін тыңдағанда, ертедегі жер жұмағы осындай шығар деп ойлайтынмын. Ақ қайыңды шексіз орманның етегінде желкілдеген ақ қауданның үкілі көшін көз шалғанда, бұл жалғанда сирек кездесетін күміс сұлулық жан баурайтын.

Көз тоймас табиғаттың әдемі қоршауынан мектепке кіргенде тағы да бір ғаламатқа ұшырайсыз. Ол – мектептің ішіндегі әдемі безеніс, ғажайып гармония. Сұлулық пен ерекше сәнділік, ұстамдылық пен қажырлы ойлылық қолмен құйып қойғандай ұштасып тұр. Орыстардың алтындаған шіркеуіне кіргенде қалай тандансақ, бұл мектепке бас сұққанда да дәл сондай сезімге оранатынбыз. Одан бұрын да, кейін де өсіп, ат жалын тартып мінгеннен бері бұрынғы Одақтың көптеген жерлерінде болғанда да дәл сол дәрежедегі мектепті кездестірмедім. Мұсахан Қанапияновтың өзі қандай кербез, қандай жинақы, қандай әсем тұлғалы һәм ұстамды көрінсе, басқарған мектебі де өзіне айнадай айқын ұқсап тұратын. Даладағы табиғат пен мектептің ішкі сәнділігі астасып, ауқымдасып, адам жанын байытатын, тойдыратын. «Жазармыз жылдар жарасын» деп Пушкин айтқандай, соғыстың салдарынан болған жүдеушілікті, кемшілікті үшті-күйлі ұмыттыратын.

Мектептің интернаты бар, өз шаруашылығының байлығы соншалықты – тіптен интернат балаларына өзі қамдайтын еті мен сүті жеткілікті болатын. Есімде қалған тағы бір шаруашылық көзі – қысқа отын, шөп қамдау. Осы жұмыстарға балалардың өздерін өте келісті жұмсайтын. «Тайдың мінілгені, баланың істегені білінбейді» дегендей, біздер көп жұмысты тындыратынбыз. Бірақ осы науқандардың оқуға да еш кедергісі тимей, қайта көппен көрген ұлы тойдай, барғың келіп, өте қызғылықты өтетін. Директорымыз сонда арамызда жүріп, тамаша мінезімен, әдемі де сыпайы әңгімелерімен бойымызды сергітіп тастап, балалардың демалыс кезін әрі дәмді, әрі көңілді өткізуді адам таң қалғандай

ұйымдастыратын. Әр жарты күндіктің өз қорытындысы, әр бригаданың өз жетістігіне байланысты жүлделері де қызықтыратын, олардың өз көрсеткіштері еңбек пәнінің бағасына кіретін.

Директорымыз бізге тарих пәнінен дәріс беретін. Ол кісіні бір тыңдау естен кетпес қызықты, дәстүрлі болатын. Сипаттау тәсілі, оқушының ойына құйып берердей тілге шешендігі, әсерлі ойға құрып, қызғылықты тыңдатуы бір ғанибет еді. Осы бір сәтті еске алғанда:

Желкілдеп өскен құрақтай,
Сылдырап аққан бұлақтай,
Әр сөзі тартар, шақырар,
Жайнаған түнде шырақтай, –

деп өлеңдеткің келеді. Өйткені шынында да өте таза әм мазмұнды сөйлеуші еді. Өзіне қандай талап қойып, әр сабаққа мұқият дайындалса, балалардан да соншалық ынта, зейінді, білімге құштарлықты талап ететін.

Мұсахан ағаның тағы бір ерекшелігі – көне тарих әлде жаңа тарих болсын, өзінің көзі көрген өмірмен, не қазақтың әр кездегі тарихымен тығыз байланыстырып, қызғылықты байламдар, есте қаларлықтай көріністерді еркін жайып салатын. Әсіресе Шоқанға байланысты, оның әкесі Шыңғыс төреге байланысты, Ақан сері, Орынбай ақынға қатысты әңгімелерді мейлінше бабына келтіретін, өмірі естен кетпестей көкейге құйып, көңілге түйіп, жүрекке орап беретін.

Әр ұстаз өз ұстанғанын уағыздайды ғой. Бұл кісі де Абайдан, Шоқаннан, Ыбырай Алтынсариннен мысалдар келтірсе де, ақылдылық, тапқырлық, ойшылдық жағына көбірек назар аударатын. Саққұлақ шешен бір ұзақ әңгіменің аяғында Шоқанның көп жерлерді біліп, көп зерттеулер жасап жүргеніне таңданып: «Шоқанжан, алыс сапарда елден жырақ, жалғыз жүргенде басшың кім? Жетекшің, шолғыншың, жолдасың, қорғаның, қорғаушың және сенерің кімдер?» – деген екен. Сонда Шоқан: «Басшым – ақыл, жетекшім – әр іске жанған талабым, шолғыншым – әр тұсқа көз салғызар жүйрік ой, жолдасым – жиған білімім, қорғаушым – бойда мінезім, қорғаным – сабыр, сенерім – ел-жұртым, қай қияда жүрсем де сіздерге сүйенем, сіздерге сиынам, үлкендердің өсиеті мен өнерін жалғаушы көрінемін», – деген екен.

Міне, осындай жазып аларлық өсиеттері көп болатын. Бірде Қайрөш деген досым екеуіміздің мектеп ауласында қалжыңдасып біраз жерге барып қалғанымызға назар аударғаны бар. Сонда Қайрөш маған бір қызық

сөз үйреткен. «Пушкин айтты» деп, орыстардың арасында түрлі сөздер тарайтындай, ол:

– Ақан серінің бір себеппен айтқаны ғой, «Жалғыз қатыныңды бермесен де, жалғыз қызыңа ризамын» деген мақал бар, – деді. Сол кезде біз аңдамай қалыппыз, қасымыздан директор өтіп бара жатып, естіп қалыпты.

– «Біреудің аузынан гүл төгіледі, біреудің аузынан жын төгіледі» деген де мақал бар. Дәуітов, сен айтып тұрған сөз төркіні олай болмас, тегі. Бір жиында Науан молда жел шығарып жіберіп, дыбысы естілмесін деп, етігінің қонышын сықырлатыпты. Сонда қасында отырған Балуан Шолақ: – Молдеке, ол тықыр мен бұл тықыр бірдей емес», – депті. Сол секілді гәп басқада, бұл сөздің Шал ақыннан шыққанын Рысбайдың Тоқышынан естіп едім. Шындығы «Дөкей қызыңа қол жетпес, көпей қызыңа да ризамын» болса керек, – деп, әрі қарай жүріп кетті. Осы секілді қызғылықты кезеңдерді мектепте оқып жүрген кездегі көнетоз қойын дәптеріме жаза беріппін, оның бәрін тізе берсе, бір шағын кітап туарлық.

Мұсахан ағай тілге тіл мен әдебиет мұғалімдерінен жетік, жіті қарайтын. Шәкірттерге тіл ұстарту, көңілдегі көрікті ойын ұғымды, көркем жеткізе білуді үйретуге жалықпайтын. Бекенов Еркін дейтін біздің кластас оқушының кезекті сабақты айтып бергені аса ұнамай, ойындағыдай шыққанша үш рет қайталатқаны бар. Бірінде орысша сөздерді мұқият алып тастатты және алдын ала олардың қазақша тәржімесі нендей екенін жалықпай тізіп берді. Еркін ерекше толқынданып, мұрнының ұшына бүршіктеніп тер шығып, бар ынта, зейінімен қайталап берді. Қолынан өзге жерде келмес өнер көрсетіп, орысша бір сөз қоспай кетті. Мұғалім: «Бекенов, жарайсың, енді «так», «так» және «содан кейін», «содан соң» сияқты қоспаларың көбейіп кетті, соларды сырып тастап, бір айтып көр», – деді. Еркін манағыдай емес, бауыры жазылған жүйріктей, сауыры әбден қызып алғандық білдіріп өте жақсы жауап берді. Өзімізге осы сабақ өмір-бақи естен кетпес үлгі болды. Оқудан бос уақытта интернаттың көп балалар жататын кең бөлмелерінде бірімізге біріміз әңгіме айтсақ, көк желкеңнен Мұсахан мұғалім тыңдап тұрғандай, қате жібермей сөйлеуге тырысатынбыз.

Еркін оқудағы көрсеткіштеріне қарағанда, ортамыздағы орташамыз көрінетін және өзінің уызы аузынан кеппеген аңғалдығы да жеткілікті. Сол мінезі тым жабайылыққа да соқтырып, ауызекі сөзді сабақта да қоса беретін. Бірде Мұсахан ағай: «Бекенов, есінде болсын, «үйдегі сөз базарда өтпейді» деген мақалды ұмытпа. Мысалы, сен «Еділ өте жалпақ» дей-

сің. Адамның беті жалпақ, не сопақ, не атжақты келеді. Әгәркі өзенді сипаттасақ, оның өз өлшем-мөлшерлік ұғымы бар ғой. Сен Еділдің арнасының енділігін айтпақшы едің. Тарих үшін Еділді қоныс ретінде жақсы сипаттадың», – деді. Тарихқа Нұртас Айтбаев жүйріктік білдіретін. Біз Еркінді мұғалім көп айналдырып кетті, Нұртастан оздырмақ ойы бар-ау деп әзілдейтінбіз. Сонда орташамызды соншалықты тәрбиелесе, озықтарымыз ойлана қалатынбыз.

Жэзит деген оқушыға:

– Жанапиянов, сенің маған фамилияң ұқсайды. Және әкең Жанапия ақсақалды ел сыйлайды, ал, сен байыпта, байыпта, – деді де: – Байыптамасаң, айыпқа тартыласың, – деді. Неғметжан Уақитов досымыз Жэзитке:

– Жәке, байқа енді, айыпқа тартамыз дегенін естідің бе, сотталып кетесің, дұрыстап оқы, – деп бізді күлдіретін. Жэзит бір жымыып қана, үнсіз қарай қалатын. Бұл сөзге көп мән бермеген біз шынтуайтты кейін түсіндік. Жэзитке сегізінші класты қайта бастауға тура келді. Оның сабақты оқып, өзімізге оңашада айтып беруі тамаша болатын, ал мұғалімдердің алдына келгенде, ішінде бір кері тартпа тормоз пайда болғандай, білгенін есіне түсіре алмай, сасқалақтап қалатын. Әсіресе директорды көргенде, ақ патшаны көрген құлдай құлдырап, біржола қысылып, мүлдем тіл тарта алмайтын.

Бірінен бірі жойқын Шота Уәлиханов, Зейнікеш Ғабдуллина, Неғметжан Уақитов, Еркеш Айтмағамбетов, Әгір Кәженова, Айша Біркенова, Зина Балахметовалардың арасында Жэзитке бірге оқу оңай соқпаған шығар, ол келесі жылы сегізіншіні өте жеңіл бітірді. Қалай оқыса да, мінезі сүйкімді, бауырмал жолдас еді. Әсіресе үйінен жиі келетін тағамдарды барлық балаларға тең бөліп беріп отыратын. Соған орай, қай баланың үйінен тамақ келсе, Жэзит сыйлы қонағы болатын. Өз басым Жэзитке сабақ үйретуден жалықпадым, оның маған туыстығы да болатын. Ең алғашқы жаңа туған өлеңдерімді де Жэзитке оқитынмын.

Бірде кең бөлмемізде балалардың жоқтығын пайдаланып, бір қызға арналған өлеңді оқып-оқып, әндете жөнеліппін. Терезеден Сырымбетке қарап тұрып, Жэзиттің де назарын солай қарай аударып, өзім де қызып кетіппін. Сондағы өлең жолдары:

Шынымды айтпай Жэзитті неге алдаймын,
Бір көрмесем дидарын оңалмаймын.
Қарным тоймай жүргені сөз болып па,
Ақ бетінен бір сүймей тоя алмаймын.

Жәзит ессіз күлді. Күлді де, бір сәтте бетіме жалт қарап, әдемі қызыл шырайлы жүзі әп-сәтте мүлдем сұп-сұр боп кетті, тілі күрмеліп қалды. «Замри» дейтін ойын болатын, сол «замриге» ұшырағандай, не үн, не қимыл жоқ. Артыма қарасам, мектептің директоры, оған қоса интернаттың бастығы Еспай ағай, аға тәрбиешіміз Қажияқпар ағай және кіші тәрбиешіміз Балқия апай тұр екен, өлеңнің қызуымен байқамаппыз.

Мұсахан мұғалім:

– Салықов, сен қыздарға өлең шығара бастадың ба, қабырға газетіндегі өлеңің ондай емес еді ғой. Сен Жанәпияновтың да есін алып, сабағын оқытпайды екенсің. Жарайды, әкеңе телефон соғып дереу алдырып, қыз керек пе, оқу керек пе – мәселені байыптап біржола шешіп алармыз, – деді. Шошып кеттім, әкем көрші ауылдық кеңестің ауылнайы Салықов Айтақмет, Қазақстанның депутаты, төңіректегі әйгілі адам болатын. Ұят болды-ау деп, қысылып қалдым. Ұялғаннан ішім өрттей жанған сияқты, бірақ құдай берген бір шәлкестік бар ғой, сырт пішінімді көп өзгертпедім.

Тәңірім жарылқағыр Балқия апай:

– Ой, қалқам-ау, ондайың жоқ еді ғой, бірдеме десейші, бұл өнерді қайдан таптың? – деп әбігерленді.

– Мен емес, бұл өлеңді жазған – Абай, мен тек өзіме керек жерін келтіріп, түзетіп алдым, – дедім. Сол кезде мұғалім де елігіп кетіп:

– Кәне қалай, Абайдың қай жері? – деп тілге келді. Ішімдегі өрт басыла бастады. Директордың одан әрі ашуланбай, қатуланбай тілге келуіне, әкеме айтпаса болды деп, іштей қуанып тұрмын. «Абайдан өлең ұрлапты» десе, тағы бір сұмдық. Не керек, біршама шошып кеттім, маңдайымнан ыстық-суығы аралас тер бұрқ етті.

Абайдың жинағын ашып жіберіп, үйренген жерімді шапшаңырақ көрсеттім. Ол кісі екеуін де оқыды. Сөйтті де, көпке қарап:

– Бастапқы екі жолы мүлде басқа, соңғы екі жолында жалпы тектестік бар, бірақ алға қойған мақсаттары бөлек, тура көшіріп алды демес едім, – деп оқи жөнелді. – Абай:

Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын, –

депті. Ал біздің ақын:



Шынымды айтпай Жәзитті неге алдаймын,
Бір көрмесем дидарын оңалмаймын.
Қарным тоймай жүргені сөз болып па,
Ақ бетінен бір сүймей тоя алмаймын, –

дейді. Пансионның директорын келістірген екен. «Қарны тоймаудың» салдарынан, зардабынан, кеселінен қыздардың бетін сүйіп жан сауғалайды екен, – деп, езу тартпастан Есекеңе қарады. Есекең:

– Өлеңі жақсы екен, бұл ұрлық емес, Пушкиннің «Ескерткішінің» тап сондай «Ескерткіштерден» шамалы ғана айырмашылығы бар емес пе, – деп, зор денелі, келбетті кісі биязылық білдіріп, қорғай бастады. Ол ағай да көсем сөзге, шешендік сөзге жүйрік болатын.

Директор:

– Жарайды, Салықов, өлеңінді жаза бер. Абайдан үйренсең, бірдеме шығар, қарныңды қара нанға тойдырармыз, сол үшін қыз іздеуді қойдырармыз, – деді. Жұрт ду күлді. Мен өлеңіме бата бергендей қуанған жүректің лүпілін баса алмай, үлкендер кеткен соң Жәзит досымды құшақтай алыппын. Кешкілікте Жәзит балаларға бәрін әдемілеп, әсерлеп, жақсы ойнайтын артистерше айтып берді, тағы да бір жадырасып қалдық.

Ертеңіне «директор шақырады» деген хабар келді. Демалыс күні таңертеңгі тоғызда кабинетіне алдырды. Зәре-құтым тағы да қашты. Жәзит те: «Алла, сақтай гөр!» – деп сыйынып қалды. Мұғалім күлімдеп қана, өте жылы қарсы алып:

– Өлеңің әлі есімнен кетпей жүр, қарны тоймаған балалар қыздардың бетінен сүйіп, қарекет тауып, күн көріп жүр екен деп, Еспай ағайды әжуалауыма жақсы болды. Ол кісі әзілді түсінсе де, кейде күбіжіктеп қалады, – деді. Содан кейін шақырған себебін айтты. – Осындағы әкеңнің досы, сельсоветіміз, яғни ауылнайымыз Кәкен Жантаевпен ақыл қосып, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Купаев жолдастың атына хат жазып, Сырымбет қорығын құрып, оны біздің мектептің жеке басты иелігіне беруді сұрадық. Сонда бүкіл тау аймағы және маңайдағы колхоздардың біраз жері, оған қоса Шоққарағай ауылының бір бөлімшесі мектепке берілсе, малымыз тоқ, ет, сүтіміз көп, өз отынымыз өзімізде болады, интернаттың күйі жақсы, сендердің қарындарың сонда ғана тоғаяды, – деп бір күлді. – Қазақша жазылған түрі мінеки, осыны орысшаға аударып, әдемілеп жазасың. Түске шейін бітіре алмасаң, тамағыңа барып кел, содан соң не де болса бітіріп, столдың үстіне қойып кет, кілтті күзетшіге тапсыр, – деп кетіп қалды.



Директордың кабинетін көргенім сол еді. Іші тап-таза көрінді. Столдың үстінде қалам, сия қойғыштар өте қызықтырды. Бірдемесін қозғауға қорқып, тек қана тапсырмасын орындай бердім. Ал кабинетінде өз бойына тән жылылық, ұқыптылық бар екен. Түске шейін тәмамдай алмай, түстен кейін келіп, қайта қарап, әдемілеп көшіріп, интернатқа оралдым. Түсте Жәзит пен Нұртасқа айтқанмын. Өзге тірі жанға білдірмедік.

Көп уақыт өтпей облыста осы мәселе қаралып, Сырымбеттегі «Казгородок» орта мектебіне жер берілді деген хабар біздің директордың атағын айға бір-ақ көтерді.

Біз сегізіншіні бітірген жылы онжылдықты біздің елдің баласы Тұрсынбай Кәкімов ағай бітірді. Үлкен тойға жар салынды. Мектеп өз үлесін қосып, тойға қызу дайындыққа кірісті. Әр бала бір саба қымыз, бір қой әкеледі-міс деп естідік. Ат шабыс, балуан күрес, ақындар айтысы белгіленді. Төңіректегі ең ірі ақын Молдахмет Тырбиев әкемнің жақын ағасы еді. Ол кісіні бүкіл ел «Бота» дейтінбіз. Молдеке деп ресми түрде айтыла береді. Той алдында Молдекең келіп, елде думан қызып кетті. Мені интернаттан директордың үйіне алдырып, бетімнен сүйді де:

– Айналайын, аруақ кімге қонар деп алаңдаушы едім, талабыңа нұр жаусын. Мұсахан інім сенің өлең жазған алғашқы қадамыңды мақтап, сүйінші сұрап жатыр, батамды бердім, – деп бетін сипады. Содан соң өлеңдете жөнеліп, бар тілегін таза өрім, керемет шумақтарына қосты. Мұғалім:

– Молдеке, рақмет, сүйінші сұрағаным рас, бірақ өлеңге тәрбиеші сіз болған соң қуаныш ортақ, бала ортақ, сүйінші сізге бізден болсын, – деді. Молдекең Ақан сері, Үкілі Ыбрай, Балуан Шолақтардың өлеңдерін айтып, қарық қылды. Интернатқа келіп, балалардың арасында өлең айтты, қуанып қалдық.

Молдекең интернаттан кетерінде оңаша сөйлесіп:

– Ал, қалқам, ақын болсаң бір сынайын, таң атқанша осы өмірді мақтап, Сталин атаңды ұмытпай, маған әндетіп айтуға жарайтын өлең шығарып, таңертең ерте директордың үйіне кел, – деді.

Құдай оңдап, тапсырманы өз әлімше орындап шықтым. Молдекеңнің өз баласы Сүниатқа жазғанымды көрсеттім. Ол менен бір класс жоғары Құнанбай Сердалин ағамызбен бірге оқитын. Біз оны Виссарион дейтінбіз, себебі ол мектептің қабырға газетінің редакторы болатын. Қай баланың өлеңін басуды сол шешетін. Дайындығымды көріп, оқып отырды да, пыс-пыс етіп түзей бастады.

– Байдуков, Беляковты айтпаса, біздің шалдың басы ауырады, қо-



сайық, – деді. Шынында да Чкаловты қосып, ол жігіттерді ұмытып кетіпін.

– Сталин ақсақалды жақсы келтіріпсің, ал, Клим Ворошилов қайда? – деп, Құнанбай кірісті. Үшеулеп ол маршалды да қостық. Ақсақалға барып, оқып беріп едім, өте қуанды, арабша көшіріп жазып алды. Ертеңіне ғажайып ән шығарып, толғаулатып, толтыра түсіп, айтып берді. Содан кейін таза өз жадынан суырып салып, шапқан аттай, атқан оқтай қыза тартты. Біздікі жәй ғана бір қасық ашытқы, не бір түйір дән іспеттес көрінді, ар жағын саясат емес, философия, «сұм дүние, сумандаған сен бір қақпас» деген секілді тамаша өрімдермен өрлете тартты.

Әрі ақын, әрі әнші, үздік домбырашы Молдекең елді таң қалдырды. Содан кейін Ғалия, Әміре тағы басқа ақындар мен Көкшенің саңлақ әншілері Бәйсейіт, Байғабыл, Шомат, Жарман, Мұса ағайлар әндетті. Ақырында оқуды сол жылы бітіріп отырған жас ақын, әрі әнші, кейін белгілі журналист болған Тұрсынбай Кәкімов өлең оқыды. Ақындар, әншілер құлақ құрышын қандырып, Сырымбеттің Құлагер жортқан әйгілі саласын Ақан серіше бір тебіrentті.

Сол жылы жазда ауданымызға Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов келеді деген құпия хабар жетті. Директор ол кісінің атына мектептің күрделі жөндеуіне қаржы сұрап, хат дайындады. Қонақ келді, жұртпен қатар алыстан ғана қарасын көрдік. Мектептің ішін аралағанда саяси басшы қатты таңданыпты. Әсіресе үлкен коридордағы Маркс, Энгельс, Ленин, Сталиннің сөздерімен қатар, келесі бөлек қабырғада Абайдың:

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеніз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеніз, –

деген сөзінің қасында көп тұрып, дән разы болып, сол кезде атағы бүкіл Одаққа мәшһүр болған ғалым Қаныш Сәтбаевты көп сөз қылыпты. Бастықтар кеткесін мектептің үлкен коридорын зал қылып жіберіп, бүкіл Казгородок халқын жинап, Жұмекеңнің сапарының қорытындысын директорымыз тамаша әңгімелеп берді. Шаяхметов ақсақалдың ертеде, осы Казгородок аудан орталығы болғанда НКВД-ның бастығы қызметін атқарғанын да сонда естідік.

«Бәрін айт та, бірін айт, ақ жаулықтың кебін айт» дегендей, Ша-

яхметовтың ол келісі мектебімізге көмегін тигізген шығар, жөндеу де өтті ғой. Бірақ көп ұзатпай біздің директорды Көкшетау облыстық оқу бөлімінің бастығы етіп бір-ақ шығарды. ОблОНО дейтінбіз, ОНО-ға дұрыс болса да, бізге НО-сы көп болды. Атақ, даңқы аудандық партия комитетінің хатшысынан көш жоғары тұратын, аты ел арасында аңызға айналған тамаша директорымыз кетіп қалды. Интернат балаларын әдемі формамен киіндіріп еді, әжептәуір тоғайып қалған күндер туған. Енді күніміз не болады дегендей, бәріміз де қатты қынжылдық. Ал күндердің күнінде, жылдардың жылында өз ұрпақтарымызға айтып, мақтан еттік. Бар қасиетін бойға ұстауға тырыстық.

Қанша тарихшы һәм ұйымдастырушы болса да, Мұсахан Қанапиянов жан-жақты дарынды, өте мәдениетті һәм мамандығы зор өз заманының озық азаматы еді. Оқуды Омбыда бітірген деп еститінмін. Не де болса аристократтық, княздік сәнділік ол кісінің бойынан аңқып тұратын, ал ойынан қазақ тілі кетпеуші еді. Мен көрген қазақ тілінің тұңғыш жанашыры, қамқоршысы сол дана ұстазым болатын.

– «Тіл – тарихты тірілтеді» деп жөн айтасың, Мұсахан, бұл сөзің нағыз мәтел ғой, – деп, Молдахмет ақынның интернаттағы балалардың көзінше ізет еткені жадымда қалды. Арбаға мініп, ауылға қайтқанда, Молдекең жол бойы Мұсаханның тілге жүйріктігін қайталап, толықтыра түсіп сөз еткен. Міне, менің ұстазыма елдің ұстазы да таң қалатын осындай қайталанбас сәтті көрдім. Мұсахан сияқты ұстаздардан сабақ алу зор бақыт екен, мен өмір бойы сол кісіге алғысымды арнап келемін. Сол сезім селін өзім қырық жасқа келгенде баяғы мұғалімім еске түсіп, бір өлеңімді арнап едім. Менің Мұсахан ағайға орнатқан ескерткішім осы, аруағы риза болсын.

Өлеңнің атын «Ұстазды сіздей ұмытпан» деп атаған едім. «Парасат сыры» атты жинағыма кірген болатын. Тоғыз ауыз сөздің тобықтай тұйыны етіп, осы өлеңді келтіргім келді.

Мінеки, бар шындығым осы. Қай қияда жүрсем де, туған жерді сағынып, Көкшетау, Жалғызтау, Сырымбеттер еске түскенде, сол көркем көріністердің дәл ортасында Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Шоқан бабаларымызды еске түсіріп һәм көрікті, һәм ақылды тамаша ұстазым Мұсахан Қанапиянов кербез қалпымен жадымда жүреді.

1997 жыл.

Алматы

ЕКІНШІ БӨЛІМ
МЕКТЕБІМ – МЕККЕМ МЕНІҢ

ҰСТАЗДЫ СІЗДЕЙ ҰМЫТПАН

Мұсахан Қанапияновқа

Сол кезде асқан кезіңіз,
Мұғалім, сіздің қырықтан.
Қанатты еді сөзіңіз,
Елігіп жаным қызыққан.
Қырықтан астым бірталай,
Қалыпты ғадет-ғұрыптан.
Қайырымды болсам, ел қалай
Аңдамас сізді қылықтан?
Жауығып тірі пендеге,
Құрмадым тұзақ құрықтан.
Шын әділ болсам, ел неге
Байқамас сізді қылықтан?
Кеткем жоқ шулы сернеде,
Мезет аз мұңсыз тыныққан.
Елгезек болсам, ел неге
Көрмесін сізді қылықтан?
Кезім көп жадау адамның
Жүрегін жедел жылытқан.
Кең жүрек әрі адалмын,
Тәлімім сізден бір ұққан.
Ортақсыз көрген тойыма,
Шәкіртпін өрде шыныққан.
Зор арман еккен ойыма,
Ұстазды сіздей ұмытпан!





Күләш пен Мұсахан. 1947 ж.

**БІЗДІҢ МЕКТЕП – СІЗДЕРГЕ
МӘҢГІ ЕСКЕРТКІШ**
Күләш Қанапияноваға

Зауласа тынбай
Өмір мен өлім жалғасып,
Жақсыға неге
Таусылар жылдам бар нәсіп?
Қоштастық кеше
Ардақты Күләш апаймен,
Қатерлі кесел
Әкеткен оқыс жармасып.
Жан еді ұқсас
Көкшенің лағыл тасына,
Жесірлік мұңы
Түсті ғой ерте басына.
Балалардың
Ержеткен шағын көрген соң,
Асықты-ау жары –
Мұсахан аға қасына.



Қоштастық кеше
Ардақты ана-ұстазбен,
Жеткіншек күнде
Жетегін көрген қыс-жазбен.
Қош айтыстық
Үлгі-өнеге көрсеткен,
Әр ісі асыл алуға дәріс
мұқтажбен.

Мүмкін бе бүгін
Тебіреніп, толқып, егілмеу,
Сырымбетті айтып,
Саумалкөл болып төгілмеу?!
Бақиға ұстаз аттанғанда
қоштасар
Бақұлдық сөзге ақынға
өлең жеңілдеу.

Жан еді ұқсас
Шырайы ашық шынарға.
Күлімдеп қана
Жанары сөнбей тұр алда.
Алатау бүгін
Көңіл айтты күрсініп,
Қосылмай оған
Көкшетау, Ертіс шыдар ма?!

Алғысын айтам
Айыртау – туған жерінің,
Лебін ессін
Сарыарқа самал желінің.
Алматыдан
Ұзаттық соңғы сапарға,
Кереку, Ертіс
Аяулы, асыл келінін.
Тәубе дейік,



Бауырлар, достар, ағайын,
Саябыр етіп,
Ақылға салып бағайын.
Шөбере көрген
Бақытты ана аттанды,
Артына тастап
Сәулесі сөнбес арайын.

Ерұлан, Сержан,
Бақытжандай ұлы бар,
Гүлзара, Раушан,
Жемістей еккен гүлі бар,
Мұсахан, Күләш – аттары
өшпес әлемде,
Ұрпаққа ұран, ұстаздық
кұрған ұлылар.

Шаш ағарып,
Шәкірттер жеткен күздерге,
Ұқсаймыз құтты
Артында айқын іздерге.
Біздің мектеп
Жығылмас қазақ туындай,
Мәңгі ескерткіш болып
тұрар сіздерге.

1998



ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Сержан Қанапияновқа

Баласы Мұсаханның Сержан аты,
Егемен елдің тарлан қолғанаты.
Бой жазған қос жиырма бес құшағынан,
Басталды мерейтойлық салтанаты.

Жас қалса әкесінен мұңға тұнып,
Өскен жоқ Сержан таса, ықта тұрып.
Жеткізген зор биікке елу жаспен,
Кел, достар! Құттықтайық мықтап тұрып!

Келбеті кеменгерлік сезіндірген,
Көріңдер нұрлы, сырлы көзін күлген.
Баласы менің асыл ұстазымның,
Жалғасы жақсылардың өзім білген.

Анасы асыл туған Күләш еді,
Біткені ақыл, сымбат рас еді.
Сержанның нағашыдан бағы ашылды,
Сырымбет аз тиген жоқ, сірә, себі.

Аянбай болашаққа ұмтылды ана,
Жетілтті балаларын ұшқыр сана.
Үш қызы мен үш ұлын ержеткізіп,
Аттанды бақи жолға былтыр ғана.

Жол тосып
Жерден құйын, қырдан – дауыл,
Әйгілі бабалары құрған дәуір.
Сұлтанбек сұлтан нағыз арғы атасы,
Өзге емес, Абылай ханға туған бауыр.



Іргелес Абай елі қоңсы қонған,
Тең жайлап Қара Ертісті көші толған.
Меккеге Шәкәрімдер бірге барып,
Қанапия қажының досы болған.

Әулетке әлмисақтан бітті тұмар,
Алладан айнымады ішкі құмар.
Жүзіне қараңдаршы,
Қажыға ұқсас,
Бойында Абылай ханның ұшқыны бар.

Жол беріп екі қызға үшінші боп
Туғанын беу, ағайын, түсінші көп.
Қыз мінез, кербез кейпін тасқа салып,
Кетер ем балға ұстасам мүсінші боп.

Толғанып жыр оқысам ағайынға,
Қол соғып, қолпаштап тұр маңайым да.
Мықтылық осы емес пе, дүбірлетті
Мерейтойын мемлекет сарайында!

Беу, Сержан!
Осал емес, киелісің,
Түзелді аруақ қолдап жүйелі ісің.
Тұқымы қандай ханның болсаң-дағы,
Сен біздің Саумалкөлдің жиенісің.

Зор үміт,
Жыр арнасам сеніміммен,
Жөптейді барша қазақ сені білген.
Көп жаса,
Ізгіліктің өшпес ізі,
Тағы да құттықтаймын елуіңмен!

6.03.1999

ПІР БЕРГЕН

*Пір берген шарапқа елтіп қара бастым.
Қожа Ахмет Йассауи*

Шын дәулескер домбырашы ұстазым,
Қасында өтті талай балғын қыс-жазым.
Тарихшы еді өзі де жас мұғалім,
Екі ішекке дәл түсірер құс назын.

Қайраушы еді тірі жанның намысын,
Самғаушы еді күй аралап бақ ішін.
Желпінетін салып аққу саңқылын,
Келтіретін Құлагердің шабысын.

Көп жаттықтым тірі көзден жасырып,
Тағзым еттім ұстазыма бас ұрып.
Тартқанымда бірде алдында «Адайды»:
«Кеттің, – деді, – өзімнен де асырып».

Қайталатты, қыздырмалап күштеді,
Демеу тапты асыл арман іштегі.
Қуанғаннан шарап сілтеп досымен,
Күле қарап, маған-дағы іш деді.

Таң қалуым ессіз еді сондағы,
Айтқанынан қайтпай қойды ол-дағы.
Тұңғыш рет шарап таттым «пір берген»,
Досы да оны дұп-дұрыс деп қолдады.

Содан кейін топ ішінде тартқызды,
Көзім шалды бір сыныптас ақ қызды.
Басым мең-зең.

Тыңдамады он саусақ,
Үйге жеттім. Тәтті ұйқыға батқызды.

Оқушы едім жүрген алғы санатта,
Қатты өкіндім оқ тигендей қанатқа.
Домбыраға күшейсе де құмарым,
Енді қайтып жоламадым шарапқа.

14.07.2000.

Жезқазған



ҰСТАЗЫМА АЛҒЫСЫМ

Ұшырсам аңсап жан құсын,
Ұстаздар, бiздiң армысың?!
Сұлу саз толқып, тебiрентсе,
Арнаған осы алғысым.

Әр сөзге ынтық қарадық,
Тағылым алып тарадық.
Ғибрат берген өмiрлiк,
Ұстазды құдiрет санадық.

Дәрiсi қандай саналы,
Әрi iсi бойға тарады.
Ұяда көрген үлгiмiз,
Қияда бойға тарады.

Сұлулық төрi – көктемiм,
Кетпейдi естен өткен күн.
Қарақат көзбен аралас,
Табиғат көрдiк көркемiн.

Сырымбеттегi мектебiм,
Өсiп тұр қаулап еккенiң.
Қуантсын құтты сағатта,
Әнге орап сенi жеткенiм.

04.04.2002.

Алматы





ҰСТАЗЫМНЫҢ БАЛАСЫ

Бақытжан Қанапияновқа

Тасқын шабыт,
Бүгін шалқып еркін кел,
Кербез Көкше, сал Сырымбет көркін бер.
Серпілейін Айыртауды аралап,
Келді деп күн қарт қырандай желпінер.

Ұстаз десе –
Жайнар адам санасы,
Күйлі көкірек күмбірлеуін қарашы.
Елу жасқа келіп бүгін қуантты,
Мұсахандай асыл ұстаз баласы.

Маңғаз еді аумас сылқым, серіңнен,
Саңлақ еді бар керегін дер ілген.
Әкімшілік әуресінен алшақтап,
Қасиетті жан ұстаздыққа берілген.

Сол дүлдүлмен көп жалғасты мұратым,
Әр дәрістен жаным бір гүл жұлатын.
Не десе де ақыл, сезім бірлесіп,
Әр сөзінен ән естіліп тұратын.

Сұлу сөзге бұрсам жастай кемені,
Ұлы ұстазым мол ғибраты кең еді.
Мен әу баста
Мұсаханнан үйрендім,
Қазақ болып тіл ұстарту дегенді.

Сүйер пенде тағзым етіп Меккені,
Ол – Аллаға сөнбес құрмет еткені.
Ал мен үшін кіші Мекке көрінер
Сырымбеттегі қазақ орта мектебі.

Бәйкен, Сұлтан, Еркін, Айқын, Нығымет,
Қажыахметтер көшін жалғап шығып ек.
Аманолла, Нұртас, Айша, Шоталар –
Қаулап өскен қарағайдай мығым ек.



Сол мектепті
Мұсахан аға басқарған,
Құтты қолда жол бастауын ашты арман.
Сырымбеттен шықтым Мәскеу төріне,
Сол мектепте балауса жыр басталған.

Біздерді де жалғастырды інілер,
Өңкей асқақ – бірі тасқын, бірі сел,
Құлагер мінез, Ақан сері салты бар,
Бақытжан да шабыт жақты жыр ілер.

Әне, солай ақындыққа табысты,
Ақыл, сезім құлын күннен жарысты.
Сайыскерлік нәсілі төре бергені,
Намыскерлік нағашыдан ауысты.

Болжай білді жақыны мен алысты,
Құдай оңдап Гүлнарменен қауышты.
Ескендір мен Әнуарды мәпелеп,
«Жібек жолын» ол да бірге салысты.

Бақытжанның әлемге әйгі аты ірі,
Жер шарында көптен де көп жақыны.
Ол Олжастай орысшалап жазатын,
Қазағымның аруақ қонған ақыны.

Құтты болсын,
Дүлдүл ақын, елуің!
Жыр пырағы, үдет шапқын-желуін.
Өз ұлдарың, немерелерің жалғасын,
Дана ұстазым жер бетінде шеруін.

12.2001.

Алматы



ЕСПАЙ СҮЛЕЙМЕНОВКЕ ОДА

Кербез еді Сырымбеттей тұлғалы,
Маңғаз еді қарағайдай шыңдағы.
Ер Тарғындай
Мың кісінің ішінде,
Көрінетін Еспай аға тұрғаны.

Мың тоғыз жүз отыз төртінші жылдарда,
Ауыр шақта ел оранған мұң-зарға
Еңбекшілер ауданының «Детдомын»
Құрған кісі түсіп талай сындарға.

Кер заманда айғақ етті ер күшін,
Ел аңғарды тәрбиегер зерлі ісін.
Жас шәкірті Шамжанова Розаға
Сонда Мәскеу тақты «Құрмет Белгісін».

Мейлі болсын саясаты Кеңестің,
Орынсыз деп ортайтпайды оны ешкім.
Көкше қызы Кремльде жарқ еткен,
Ол да бірі көзден кетпес белестің.

Асыл аға соғыста өтті бес жылы,
Қырғын майдан қияметін кешті ірі.
Туған елдің шуағында серпіліп,
Құлағында «Катюшалар» өшті үні.

Ауыр күндер соғыс біткен жылдарғы,
Сырымбеттің мектебі зор құндалды.
Интернаты күтіп бізді жыл бойы,
Кешкізбеді қабақ шытар мұң-зарды.



Тағдыр берді Есекеңдей еренді,
Ол басқарды біздің асау белеңді.
Ұмыта алмас
Тәлім алған балалар
Интернаттың директоры дегенді.

Асыл арман, зор қияға ергеміз,
Білім алу, тәртібі де келді егіз.
Ұрқия апай тәрбиешім болды ғой,
Еспай аға үйіндегі жеңгеміз.

Ұқсайтуғын Еспай аға көсемге,
Білгір еді, айтар сөзге шешен де.
Еске алайық,
Бірге оқыған ұл-қыздар,
Бірі әкең, болды бірі шешен де.

Сонда туды Орал, Оңғар, Сәулелер,
Келді өмірге Зәрә, сұлу Зәурелер.
Еспай аға шаңырағы шалқыды,
Сәт оралды батырға да тәубе дер.

Шындықты айтсам көңіл ауып әрнеге,
Пай-пай, шіркін! Қызығы көп әлде де.
Сол күндерде ғашық болып қалыпты
Әжімұрат ініміз де Сәулеге.

Еске түсіп, бір көтерсем еңсені,
Біздің қиял қияларды көкседі.
Бірге оқыған Сырымбетте, Мәскеуде,
Сағынып кетем, Әжімұрат, мен сені.

Еспай аға әр баламен сырласып,
Отыратын көкірегінен нұр шашып.
Сөз біткенде бір жаңарып қалушы ек,
Көңілде – ән, пәк жүректе жыр тасып.



Мейірбан-ды естен кетпес мәнері,
Қарапайым, кішіпейіл жан еді.
Балаларға баяндайтын қазақы,
Ата дәстүр, салт-сана мен кәдені.

Артық айтып, зекірмейтін балаға,
Ашық айтып, ой құятын санаға.
Ықтырмайтын,
Ол ұқтыра білетін,
Әрбір сөзі кетпеуші еді заяға.

Әр ұғымды өте зерлі милайтын,
Бұзбаушы еді-ау кең мінезді
бір қалпын.
Жасы кіші директоры мектептің
Мұсаханды ақ патшадай сыйлайтын.

Құлагердің ұрпағы деп қолдатқан,
Мүсекеңде қос қарагер болды аттар.
Ес ағаң ғой қара арбаны сырлатып,
Пәуескелі «Есіл-қорап» орнатқан.

Болды ағалар ата мирас құрбаны,
Аппақ күміс қос қара аттың тұрманы.
Тегін емес Мұсахан мен Еспайды
Бүкіл аймақ өшпес аңыз қылғаны.

Жүйрік еді Сал қарагер – дарасы,
Тік қаратпас отты көздер шарасы.
Сан жарыста озып келдім,
Болған соң
Таңдап алған «ат айдаушы» баласы.

Бәйге алғанда:
«Сырымбетке құт», – дейтін,
Құлагер жайлы әңгімесі бітпейтін.



Озып келсем, асханаға апарып,
«Бұл баланы он күн оңдап күт», –
дейтін.

Солай бізге бақ ұшқыны қонатын,
Достарым да қыр соңымда толатын.
Нұртас, Қайрош, Нығметжанды апарсам,
Бір сылқиып «свежий етке» тоятын.

Қызғаншақтар сөз қылғанда жақыны,
Тез ұқтырар қызық еді ақылы:
«Сенің балаң атты соғып тастайды,
Кәкімбектің мықты дейтін тақымы».

Мектептегі ойлы ұстаздар бір бөлек,
Бұл интернат болды бізге шын көмек.
Жылы жерде,
Қарнымыз тоқ болған соң,
Жүрегіме жүрдім балғын жыр бөлеп.

Жүдеткен жоқ қозысы мол көгенін,
Алды ақыры баққан төлден көп өнім.
Шота, Айша бірге оқыдық Мәскеуде,
Үзілген жоқ елді ойлағыш өлеңім.

Жамал қыздың ән салғаны жарасты,
Биші дедік Зейнікеш пен Сарашты.
Еркеш, Нұртас суретші боп ұмтылса,
Ұлан бізбен күйшілікке таласты.

Өнерпаздар интернатта толған көп,
Қосылысты ну сайыста орман боп.
Қыз-бозбала бәрі өргек талапкер,
Арамызда осалымыз болған жоқ.



Ер балалар жiгiтiкке қамданып,
Жақсы оқыдық ел алдында бақ жанып.
Тәрбиешi, мұғалiмдерге мың алғыс,
Бiз солардың iзгi арманын жалғадық.

Беру қиын ұстаздарға бағаны,
Олар бiзге қақты берiк тағаны.
«Тәрбиешiлер генералы» атаймыз
Нар тұлғалы абзал Еспай ағаны.

09.09.2005.

Астана



ЖАНЫМНЫҢ ЖАҚСЫ КӨРГЕН АДАМДАРЫ

Әні Нариман Үлкенбаевтікі

Батқан күн ұялғандай қараңдады,
Атқан таң сараң жандай қадамдады.
Сондайда қуат беріп құлшындырды,
Жалғасып қыран қанат бар арманы,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

Бірге өскен біз жайлаған замандағы,
Дос-жаран бірдей қымбат маған бәрі.
Солардың арасында жарқ етеді,
Жұлдыздай мені іздеген ғаламдағы,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

Тамаша көлде аққудың таранғаны,
Таранып қимай қарап қадалғаны.
Дәл сондай пейілі – жаз, көңілі – көктем,
Ғажап қой мөлдір, таза жаралғаны,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

Бір көру маған қуат, маған дәрі,
Жезкиік сағым бойлап алаңдады.
Дәл сондай сағынышы сарқылмайтын,
Жүрсінші жер бетінде аман бәрі,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

1993

АДАМҒА ДОС ТАҢДАРЛЫҚ ЕРІК БЕРГЕН

Ақылды ақымақпен дос бола ма?
Жаманмен қадір білмес көш тола ма?
Армандас тәуір досың болса өмірде,
Жүрегің қуаныштан бос бола ма?!

Жақсылық жақсылардан егіледі,
Жамандар жамандыққа семіреді.
Кей құрбы дос боп жүріп көңіл жықса,
Тірі өлік көз алдында көміледі.

Қырандар қияға ұшар қанаттасып,
Алыстан тілеулесер сабақтасып.
Табиғат теңді теңмен сұрыптайды,
Жатса да алтын, жезі қабаттасып.

Тіршілік достықпенен көріктенген,
Адал дос, адал ару бөліп берген.
Бәрінен жомарттығың жақсы екен-ау,
Адамға дос таңдарлық ерік берген.

1967

ВЫБИРАЙТЕ ДРУЗЕЙ

Перевод В. Колесникова

Мы научились сердцем понимать:
Не выбирают родину и мать.
И это ясно молодым и старшим,
Друзей дано нам в жизни выбирать.

И тут, поверьте, ошибаться страшно.
Не может умный обнимать глупца,
Вести с ним задушевную беседу.
Не может честный верить в подлеца,
Идти с ним по предательскому следу.

И если тот, кто раньше другом был,
Вдруг обманул
И веру загубил, –
Он будет мною вычеркнут из сердца!
Давайте крепче верить и любить,
Как соколы, крылом к крылу парить
И дружелюбием в ненастье греться.

С годами становлюсь добрей –
Не злей –
Естественно такое для поэта.
Дано нам в жизни выбирать друзей.
И благодарен жизни я за это.



Аманжол Қошанов, Шота Уәлихановпен бірге

СӘУЛЕТ

Сәулет – өнер төресі,
Сәулет – елдің өресі.
Мұнарланып көрінер
Ғасырлардың төбесі.

Сәулетсіз жетім бұл ғалам,
Сәулет – тұнып тұрған ән.
Ескерткіштер сөйлеген,
Қалмағанда бір адам.

Пирамида, мазарлар,
Тарихтың сырын хабарлар.
Тілдеспей ме біздермен
Тас бейнелі адамдар?!

Сәулетсіз дәулет болмайды,
Сәулетсіз әлем толмайды.
Сәулетші де ақындай,
Өмір сырын толғайды.

Мейман келсе жеріңе,
Бір көрер сені, мені де.
Сәулетің биік болмаса,
Сын тағады еліме.

Ей, Шота! Саған сын келді,
Ащы тер шығар күн келді.
Дәуір үшін тәуір-ау,
Жасай алсаң бір белгі.

Өнерің досқа, жатқа сын,
Жақсыңды елің сақтасын.
Мен мақтасам досы дер,
Кейінгі ұрпақ мақтасын!

1967

МЫҚТЫ ДЕП ЕСЕПТЕМЕ

Мықты деп есептеме,
Тасадан атқыш «мергенді»,
Бітпеген іске бәлсініп,
Кеудесін бекер кергенді.
Мықты деп ұғып жүр ұлым,
Халқына барын бергенді.
Мықтымсынған мыңымызды,
Мығым іспен жеңгенді.
Қазақ жүйрік дейді ғой,
Мәреге үздік келгенді.
Мықты деп есептеме,
Әркімге жеңіл ергенді.
Жолата көрме қасыңа,
Өтірік-өсек тергенді.
Тіршілік мынау дүрбелең,
Сергек қара сен де енді.
Осал деп бірақ ойлама,
Бұрылыста жол бергенді.
Танытып тұр ол сонда,
Тәрбие-тәлім көргенді.
Кезеңдер бар керемет,
Сынаққа салар зерденді.
Кешіре сал алдына,
Қатесін біліп келгенді.
Сыйлап өт, жаным, қашан да,
Өзіңді дос деп сенгенді.

1967



Ынтықсам да
Бір тәуір жыр жазам деп,
Жүгім ауыр,
Болмай да жүр мазам көп.
Ақындықтың бабын
таппай келемін,
Сөз кенінен
Жер кенін көп қазам деп.

Көп арманым
Ақ түсті боп келеді,
Толастамай,
Толғантар ойлар жеңеді.
Ала шаңыт ақ бұрқасын бөгесе,
Бұлттардан қарап,
Алатау белес береді.

Ұмтылсақ алға,
Озғанға етпей іштарлық,
Арттағыға із салсақ
Медет ұстарлық.
Тіршіліктің тірегі осы деп қалам,
Ғаламат сезім – жақсылыққа
күштарлық.

1968

* * *

Мен сені шырт ұйқыда сағынамын,
Көңілім күй, жаным жыр боп ағыламын.
Мұңайсаң маңдайыңнан иіскеп қайтып,
Қуансаң көз алдыңнан табыламын.

Түсімді өңім бе деп жаңыламын,
Сол күні қанша жүктен арыламын.
Шаттансам шақыра алмай әуре болып,
Қиналсам жалғызсырап жабығамын.

Ерте өткен аз күндерді көп етемін,
Сол күндер ғажап еді деп өтемін.
Бір қатты қиналғанда түсінерсің,
Өзге емес, көз алдыңнан мен өтемін.

Көктемде жан теңгермей жақын еттің,
Жаз келмей жалғыз оқпен атып өттің.
Өзіңнен алғаным сол, бергенің сол –
Сырымды жұртқа жаяр ақын еттің.

1969

ӘР ҚИЯҒА КЕТСЕК ТЕ

Сен де мені ұнаттың,
Өзім де біраз қуанттым.
Сен ортаймас мұң арттың,
Мен өлеңмен жұбаттым.

Жүдейсің-ау күнде ойлап,
Жүрген кезді бірге ойнап.
Қызық еді-ау балалық,
Жүгірген қызыл гүл бойлап.

Жыр етсем өшпес сезімді,
Құпия шеті сезілді.
Өзіме-өзім сенбедім
Құп алмас деп сөзімді.

Жер түбіне жетсек те,
Алдымда ауыл, мектеп те.
Ренжіспей өтерміз,
Әр қияға кетсек те.





ҚЫРЫҚТЫҢ ҚЫРҚАСЫНАН

Әй, Шота!
Келіп қалдық қырық жасқа,
Ақтарар енді саған сырым басқа.
Асау шақ тежеу бермей өте шықты,
Кей-кейде ұрындырып ұрынбасқа.

Кел енді,
Біз де мінез жүгендейік,
Не бітті, не бітпеді, түгендейік.
Қос қолдап құнын білмей шашқан уақыт
Қымбаттар кезі келді, үнемдейік.

Күн қайда махаббатты шырақ тұтқан,
Қияли бола жаздап құмарттықтан.
Қалғанда балалық шақ Сырымбетте
Мәскеуден біздің жастық бір-ақ шыққан.

Тіл қатпай үнсіз тосқан гүлдерім-ай,
Шәрбаттан шаршау білмес түндерім-ай.
Қантсыз шай, қара нанды қаққа бөлген
Сал-сері студенттік күндерім-ай.

Бәйбішем алдымда отыр ай маңдайлы,
Шат күлкі ұлым-қызым жайраңдайды.
Бұл сәтті тек анашым көре алмады,
Сол ғана көкірекке салған қайғы.

Қырық жаз, қырық көктем өтті деп біл,
Келмеске жиырма бесім кетті деп біл.
Бір дөңнен алды-артына дүрбі салар,
Сұр белең сумаң етіп жетті деп біл.

Барлаймын қасымызға ергендерді,
Ақпейіл, адал дос деп сенгендерді.
Отырмын ойлап осы не жазам деп,
Сыр бермей сырттан сұмдық тергендерді.

Қорықпаймын біреу оқыс шалады деп,
Болмаса бір жамандық табады деп.
Қиналам жақсылықты жамандыққа
Ол неге айырбастап барады деп.

Ісімнен біліп қандай мән шығарын,
Тасада отыр тәтпіш сыншыларым.
Өзім де біткен істің аз екенін
Сезініп, сергек басып құлшынамын.

Жүремін мен үнемі асығыста,
Емес пе уақыт сыншы заты қысқа.
Өкініш болмасын деп тырысамын,
Бір күні кете барсам қапылыста.

1972

* * *

Перевод Т. Кузовлевой

Не зову я весенние дни,
Мне приятны и лето, и осень.
Стало прошлое сердцу сродни,
А все то, с чем сроднился, – не бросить.

Так и с будущим связь не порвать,
Жизнь годами измерить непросто.
Не назвать мне девчонкой опять
Одноклассницу, ставшую взрослой.

Я не рвусь в прожитые года,
Мне легко с новой юностью рядом.
Дети грозной войны,
Мы всегда
Ею мерим и горе, и радость.

* * *

Перевод В. Савельева

Навек своей весной согретый,
Я не ношусь по сторонам:
Ведь в это лето – в наше лето –
Всего-то лишь за сорок нам.

Но и сквозь время,
И сквозь дали
Мы шествуем не в забыти –
И ныне матерями стали
Все одноклассницы твои.
В чужой весне не стану тенью
Бродить, тая свои года:
Ведь к своему я поколенью
Судьбой причислен навсегда.



ҰРПАҚ СЫРЫН ЖАЛҒАЙМЫН

1941 жыл келгенде,
Жай оғы түсті балалық атты керуенге.
Әкесіз өмір әлегін сонда танытты,
Жүргеміз жоқ Сырымбеттауда серуенде,
Талғажау еттік қыздармен жидек
тергенде.

Талдырмаш бала.
Жалғыз ана. Ақ сиыр.
Болғамыз жоқ
Жылы-жұмсақ асқа үйір.
Күні бойы шаруа қатты шаршатып,
Ұмыт болды табанға батқан тас түйір,
Елестеп көзге «соғыс» деген қас қиыр.

«Далалық пошта» хабарсыз кейде безерді,
Көзіміз көрді «қарақағаз» дегенді.
Үйрендік ерте аз дәмді көпке бөлуді,
Қасықтап санап қуырған бидай жегенді.
Анамнан артық болған жоқ пенде беделді.

Жанымыз біздің сондықтан нәзік,
Бауырмал.
Қанымызда да арманға күштар ағын бар.
Атадан – жол, әкеден дәстүр, үлгі алдық,
Біздер – сонау ұшқыннан қалған жалындар.
Біз өткен ізден, жас ұрпақ,
ғибрат алындар.

Қызық еді-ау думан-дүрмек елдегі,
Той болатын майданнан жігіт келгені.

Бірақ та, шіркін! Кей шаңырақ қаңырап,
Үшеудің бірі ұшты-күйлі келмеді,
Ал, солар үшін келгендер қатты терледі.

Ауыр жүк деген арқадан ауып түспейтін,
Содан да болар тез өзгерді түс-кейпім.
Құшақтап сүйіп соғыстан қайтқан солдаттар,
Әкесінен аумайды деп иіскейтін,
Содан кейін өлең айт деп күштейтін.

Жеңіс те жетті,
Ел жарасын емдедік,
Жас болсақ та, аптықпас ойлы, кең де едік.
Содан да, міне, шайлығу жоқ қатерден,
Біздің ұрпақ! Намысты қолдан бермедік!
Біздің ұрпақ кеткен жоқ жүнжіп сенделіп!

1972



Орта мектеп бітіргенде берілген күміс медаль



* * *

Соғыс жылғы балалар
Сақтай білер ұятты.
Бірін-бірі бағалар,
Ғарышкерлер сияқты.

Жалғыз ана сенгенде,
Жүрдік отын, шөп үйіп.
Қарақағаз келгенде,
Тұрдық өксіп, мөлиіп.

Күнде көрген түс қайғы,
Айтып тұрар көзі наз.
Мінезімен ұқсайды,
Іске берік, сөзі аз.

Көргенде сонша тағдырды,
Бұйырған жоқ қой алшаңдау.
Әкелі бала сабырлы,
Жесірдің ұлы шапшаңдау.



ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні көрмедім тайсалғанды,
Алақайлап жуас та қайсарланды.
Кедір-бұдыр сөйлейтін бригадир де
Кешегіден біртүрлі байсалданды.

Бұрылмайтын аса көп сәлемдесіп,
Басқарма да жұмсарды әлемдесіп.
Қарттар да оған кешірді төрт жылдағы
Жүрген ісін сыртынан «пәлен...» десіп.

Тек бір шалда өзгеше жария бар,
Сақал-мұрты тоғайдай қар ұялар.
Үш ұлының оққа ұшқан қасіретінен
Көкірегінде көлкіген дария бар.

Анамда да бар менің біраз күдік,
Қуанышта реніш тұрар бүгіп.
«Қарақағаз» дегенге төрт қарады,
Той жасады жасырын жылап жүріп.

Сол қағазға бар сырын айтып қана,
Сандығына салмады қайтып қана.
Қамзолының жүрді жан қалтасында,
Бар жиһаздан үйдегі артықтана.

Жанға батқан елемей жара дертті,
Үлгі болды бұзбауға ана сертті:
Көз жұмарда ақырғы тілегі еді,
Сол қағазды өзімен ала кетті.

МАЙ 1945 ГОДА В АУЛЕ

Перевод В. Савельева

Печальный, улыбнулся в день Победы,
Наполнился весельем целый мир.
И стал щедрей на добрые ответы
Обычно грубоватый бригадир.
Он всех вокруг приветствовал открыто,
Согнав с лица безрадостную тень.
Колхозники и ругань, и обиды
Ему простили в этот майский день.
И все-таки вздыхал с тоскою кто-то...
Сосед наш – молчаливый аксакал –
За эти за четыре страшных года
Трех сыновей на фронте потерял.
И мама, помню, отошла в сторонку,
Чтоб ликованью не мешать всерьез:
Перечитавшей трижды похоронку,
Как было маме в этот день без слез?

Потом все чаще смех звучал веселый.
Но, помню, наша мама до конца
С собой – в кармане старого камзола –
Носила похоронку на отца.
Все перечитывала то известье,
Как будто встрече назначая срок...
По просьбе нашей мамы
С нею вместе
Похоронили мы и тот листок.

ЕЛ ШЕТІНДЕ АҚ ҚАЙЫҢ

Ел шетінде ақ қайың,
Көркіңе ыстық, арайлым;
Кездескен біздер сәт сайын,
Ынтығып, аңсап қараймын.

Тұрасың әсіре құбылмай,
Жасыл бешпент жамылып.
Жол тосып жүрген сұлудай,
Келер деп мені сағынып.

Ізімді басқан санайтын,
Көрші қыз, балғын шағыңнан;
Өзіндей елтіп қарайтын,
Ажарың аппақ сағынам.

Жел соққан жапырақ сыбдыры,
Сол қыздың ғашық сөзіндей.
Сығалап түскен күн нұры,
Жарқ еткен мөлдір көзіндей.

Жеткізер саған ескі жол,
Кіреді жиі түсіме.
Ақ бұтағың берді қол,
Сағынып жүрген кісіге.

Аппақ тәнің мамыр ма,
Бір сипау дертті емдеген.
Киелі күш бар тамырда,
Жалғаған сені жерменен.

«Айттым сәлем, Қаламқас»
Деп ақырын тамсанам.
Дәл сендей еді қолаң шаш,
Мен аңсап, мені аңсаған.

1973



БЕРЕЗА У АУЛА

Перевод И. Михайлова

Ее ничуть годами не пригнуло!
Любуюсь босоногою опять
И вновь к парням из нашего аула
Готов ее, как прежде, ревновать.

В пейзаж знакомый взглядываюсь жадно,
Тень от березки к вечеру длинней...
И так мне на нее глядеть отрадно,
Как будто ты там спряталась за ней!



СЕНДЕРСІЗ КҮН ҚҰРЫСЫН

Қайран қыздар,
Сайран қыздар,
Қалдыңдар ма марқайып?
Келіншектер,
Еміншектер,
Тез кеткендер қартайып.

Ән келеді,
Күй желеді,
Ақ сенімді ақтаңдар.
Марқайғандар,
Қартаймандар,
Қыз қалпыңды сақтаңдар.
Таң қаламын,
Таңданамын,
Келер күнді шолғанда.
Не айтар екем,
Қайтер екем,
Сендер кемпір болғанда?

Аққулы елде,
Гәккулі елде,
Құс атушы ем жайраңдап.
Әзіл-күлкім,
Көңіл мүлкін
Жинаушы едім сайрандап.

Марқайсам да,
Қартаймаспын,
Шаштың сипап күмісін.
Қиял ма екен,
Зиян ба екен,
Сендерсіз күн құрысын!

1973



* * *

Қуанам жерге гүл ексең,
Құмарым сол ғой жастайғы.
Жаныңа сұмдық түнетсең,
Жүрегім есік ашпайды.

Саяма келсең самалдап,
Жырыма терем гүл азық.
Жақсыны жүрсең жамандап,
Қаламын мүлде құлазып.

Бәйгеге бірге барсаң да,
Құлагер болып жарысам.
Озсаң да, кейін қалсаң да,
Ақ ниетпен табысам.

1975



* * *

Кездескен мезгіл қандай көркем еді,
Үзілмес деген үміт көктемдегі.
Алғашқы татқан дәмің дәніктіріп,
Мезгілсіз мазаласам сөкпе мені.

Аулақпын асыранды өкініштен,
Көз сүзбен көктемге де өтінішпен.
Ашқылтым қалған шәрбат сенде кетіп,
Уызын махаббаттың өзім ішкем.

Алды ғой менен талай өмір өшін,
Бермеді жеңіл-желпі көңіл көшін.
Сен-дағы жарасымды сая таппай,
Адасқан ақ маралдай көрінесің.

Барасың түнгі ауаны тіліп қана,
Алыстан көргенімді біліп қана.
Тас беріш жүрегінде қала берсін,
Жасырар күйінішті биік сана.

Батқанда әлдеқалай ішіңе зіл,
Кірермін шырт ұйқыда түсіңе бір.
Құпия жұбаныш боп көрінермін,
Сиқыр күш бар екенін түсіне біл.

Қапа-наз қалқымасын келбетіңде,
Ұқсама ұясы бар сен жетімге.
Күңіреніп күйзелсең де, күле қара,
Бар-ау деп жанашырым жер бетінде.

1975

СЫР

Таңсығым мөлдір айдын тұнығында,
Беу, достым, аққу-қаздың сырын тыңда.
Бір гәп бар ауыл шеті келбетінің,
Жаныңды баурап алғыш жылуында.

Сүйсінем тұңғышымның қылығына,
Күрсінем тал-бұтаның сынығына.
Таңданып әлі күнге қарай берем,
Атамның қасқыр соққан құрығына.

Сан қызық өзім тіккен қосымда екен,
Ешкімге теңгермейтін досымда екен.
Қабағын келінінің қырау шалса,
Ұйқыда жатқан анам шошыр ма екен?..

Көп сыр бар алғаш ашқан әліппеде,
«Сүйдім» деп сөз құраған әріпте де.
Әкемнің бір мінезін ұмытпауға,
Қол ұшын беріп жүрем ғаріптерге.

Әлемді үнсіз барлап отырамын,
Толқытар ел сырының оты қалың.
Қай жерде құласам да, құшақтайын
Бір уыс туған жердің топырағын.

1975

АҚ ТЫРНАЛАР

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Барады аспандатып ақ тырналар,
Тізілген бұлт төсінде ақ сырғалар,
Кетті ғой жылы жаққа жаутаң қағып,
Ғаламат жер бетінде таптырмаған.

Қайырмасы:

Ах-ау, ақ тырналар,
Ақ сырғалар!
Тұңғыш сезім,
Мөлдір кезім,
Толды ғой ақ сырғаға екі көзім.

Кең сайда ойнаушы еді лала гүлдей,
Кеткенін қалды-ау туған дала білмей.
Алыстан ғашық әнін естігенде,
Жүрегім лүпілдейді бала күндей.

Қайырмасы.

Жан зекет сыйлы күндер көрген едім,
Сездім ғой қимай қанат сермегенін.
Тағдырдың жүйрік жүрек бере салып,
Қарашы ұшар қанат бермегенін.

Қайырмасы.

БЕЛЫЕ ЖУРАВЛИ

Перевод В. Савельева

Вон ожерельем на груди у тучи
Подрагивает стая журавлей.
Все дальше их ведет простор,
Все круче
Под взглядами оставленных друзей.

Но, может, это лилий вереница,
А не ковыльной масти журавли?
Быть может, аульчанки, а не птицы
Скользят, белея, в голубой дали?

Прощаются со степью с неохотой,
Спешат, спешат, как будто не спеша...
И с завистью за светлым их полетом
Следит моя тревожная душа.

ДОС, БЕДЕЛ ДОС

Дос, бедел дос,
Кемел дос.
Жаңылмай,
Жаныңдай сенер дос.
Өзгелер сырт айналса,
Төбеңде бұлт байланса,
Сол ғана
Соңыңнан келер дос.
Қол ұшын
Қысылмай берер дос.

Дос, бедел дос,
Дара туған.
Тірлікте
Бірлікке жаратылған.
Найзағай түйілгенде,
Жел дауыл үйіргенде,
Қолтықтап
Майысқан қанатыңнан,
Дарытпай от-жалынды ара тұрған.

Дос, бедел дос,
Серіктелген.
Намыста
Жарысқа беріктелген.
Жан тату егіздердей,
Жайғасқан теңіздердей,
Дүниені тастап қана
Өте шықпай,
Сен бар деп сеніп келген,
Нағыз дос өмірге көрік берген.

2.02.1976.

Мәскеу

СЕЗІМ ГҮЛІН ЕЛГЕ ҰСЫНАМ

Көшкен бұлтты
Мен өзімше түсінем.
Ойымдағым табылады ішінен.
Аз саңылаудан күнді құшып төрімде,
Шаңырақтан айды алдыма түсірем.

Қызып кетем
Бақытты той-думанға,
Жел жетелеп жігіт қызды қуғанда;
Абылайлап қосқан атын ел тосып,
А, құдайлап балуандар бел буғанда.

Бір күй үшін астымдағы атымды ал,
Әнші-күйші – маған туыс жақындар.
Кең дүние көкірегіме сыяды,
Шарт жүгініп айтысқанда ақындар.

Масайраймын
Кездескенде достарым,
Майдай көрем
Құрдастардың оспағын.
Бәрің барсың менің көңіл көрмемде,
Ел тілегі, болашаққа жоспарым.

Ағаларға, жеңгелерге еркемін,
Інілерді игілікке ертемін.
Татулыққа кенші мінез берікпін,
Егескенге ерік бермес келтемін.

Мен де талай
Қиындыққа тоғыскам,
Менің де әкем қаза тапқан соғыстан.
Қолда барды аяп қалар жерім жоқ,
Өзіме де бүкіл дүние болысқан.



Соның бәрі толғайды да тербейді,
Қуаныштар көп күттірмей келмейді.
Қысқа күнде қырық сұрақ өмірім,
Шешім табу оңай бола бермейді.

Біткен ісім аз болғанға қысылам,
Бұлтты еңсеріп,
Күннің шығам тұсынан.
Содан барып шабыттанам, шалқимын,
Сезім гүлін туған елге ұсынам.

1976



* * *

Оқып көр, достым, барымды,
Кешіп көр күміс сағымды,
Жан сырын естіп қал бүгін.

Аңсатқан алыс жол күшті,
Сағыныш селі толқытты,
Жеңілсін бойда бар жүгім.

Сезімге құштар мас еді-ау,
Шырқауға құмар сұлу ән.
Биязы қыршын жас еді-ау,
Көркінен көңіл жылыған.

Кетпейсің менің есімнен
Көршінің қызы ғаламат.
Түсімде жүрем өзіңмен
Ауылды бірге аралап.



ДАҒДАРЫС

Бұлттар өтіп бара жатыр бүктелмей,
Ақ жаңбырдан ауылыма құт келгей.
Сырымбет тұр Ақан сері секілді,
Ақтоқтыны бір көрем деп күткендей.

Естілердей қыздар салған сылқым ән,
Елге жетіп шырын дәмін жұтынам.
Сен жоқсың ғой қарсы алғандар ішінде,
Сағыныштан қалай ғана құтылам?

Елеңдетіп өткен күннің құшағы,
Еске түсті біз естіген құс әні.
«Ауылым қонған...» деп шырқағым
келгенде,
Қайран жүрек саған қарай ұшады.

Дел-сал болдым ел шетіне жеттім де,
Үнсіз қалдым, мен де тау боп кеттім бе?!

1976

АУЫЛ ҚЫЗЫНЫҢ ҚЫЗҒАНЫШЫ

Күйге, құрбым, қана бер,
Күй-сүю – жан еркі.
Биге өзгемен бара бер,
Домбырашы менікі.

Күдерін үз үміттің,
Мен болайын кешірген.
Домбырашы жігіттің
Есімін жой есіңнен.

Қылымсып сөзбен орама,
Үздігіп іздеп тәсілін.
Маңайына жолама,
Біз кетеміз жасырын.

Ол құмар жан, арайым,
Дейді мені асылым.
Сен торыма маңайын,
Күйші жігіт – ғашығым.

1976.
Мәскеу



ҮНЕМІ МАЗАСЫЗ РЕҢІМ

Үнемі мазасыз реңім,
Тыныштық таппайды жүрегім.
Жасымда көп ойнап көрмедім,
Әлі де тым аздау күлемін.

Сол күлкі шықпаса жарылып,
Кең дүние кетпей ме тарылып?!
Кей-кейде сауықшыл боламын,
Өскен соң шаттыққа зарығып.

Шабытым – ескі дос жастайғы,
Даңғаза дүрмектен сақтайды.
Ойланып отырар жыр жазып,
Оңаша кезімді жақтайды.

Есею тым ерте басталып,
Еркелік базарын ашпадық.
Тірегім тірлікте сол шығар,
Үйрендім өзімді басқарып.

Өзге жүк көңілден тасталып,
Жаттықсам өзімді басқарып.
Егісім ел үшін болған соң,
Көрмедім біреуден жасқанып.

Үнемі мазасыз реңім,
Үзбеймін көп істің легін.
Ауырлық аунақшып түссе де,
Жеңілдік күтпеші, білегім.

1977



ЕСІМДЕ

Жылжыған сайын жылдарым,
Туған жер жақын тартады.
Жасырмай жүрек мұң-зарын,
Өлеңге жүгін артады.

Есілде – жазғы Есілде,
Кездескен күндер есімде.
Жаутаңдап неге қарайсың,
Жазығым болса, кешірме.

Ләззаттың балын тата алмай,
Арманда үнсіз кетіп ем.
Айтуға бір сөз бата алмай,
Аңсауға сырттай жетіп ем.

Мен үндемес ұялшақ,
Сен жайдары жан едің.
Кездесіп сайран құра алсақ,
Табарсың дерттің бар емін.

1978





СЕНІМ

Шаппай бер деп айтпаймын,
Шығатын биік сатымды.
Ел алдында ақтаймын,
Жазумен ашық хатымды.

Жасыруға хақым жоқ,
Бір ауыз сөзді татымды.
Жаттамас әркім әкім деп,
Ұмытпас елім ақынды.

1978

* * *

Көрші өскен сұлу құрбы дегенге,
Ұйқы бұзбас ұяңдау боп туыппын.
Одан ба әлде көңілсіздік менен бе,
Өзге көше әнші қызын жуыттым.

Жылдар өтті. Жиын-тойдың ішінде
Көршінің қызы күлім қағып кездесті.
Аққу құстай тұнып қалған түсімде,
Сездім бұрын үш ұйықтасам сезбесті.

Тебіrentіп ұмыт болған сәуір кез,
Көз қиығы түсіндірді ауыр сөз,
Мені ынжық әлде қатал, паң демек.

Сөкпе, құрбым, кетті деме наз өтпей,
Батырларға қару-жарақ қажеттей,
Ақындарды жүрер күй мен ән жебеп.

1978

СЫРЫМБЕТ ЕЛЕСТЕРІ

Сұлулықпен жер бетінде табысқан,
Аңсап келдім кербез тауды алыстан.
Құрбы-құрдас қарсы алғандай көрінді,
Қарағайы қайыңымен жарысқан.

Жұпарлы жел, алтын арай нұрменен,
Жан-жүрекке салды тынбас дүрбелең.
Тауға тақап қалған кезде селк еттім,
Сен жүгіре шығар ма деп іргеден.

Құбылыс көп жаным құштар не түрлі,
Сен секілді талдары да кекілді,
Балбырап тұр жас махаббат мекені.

Аққулы көл тыңдап әнші бұлақты,
Сал Сырымбет мың құбылған сияқты,
Бірде мен боп, бірде сен боп кетеді.

1982

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Тосқанда сені таудың бөктерінде,
Тезірек жылжы деуші ем көкте күнге.
Балалық – балғын дәурен қоштасыпты,
Бетіңнен алғашқы рет өпкенімде.

Беу, шіркін! Өткен өмір қайталанса,
Сол жерге шалқып-толқып қайтып барса...
Жалға деп жалғыз сағат жалынар ем,
Тағдырым не керек деп айта қалса.

Тәтті түс әлде сәтті өңім бе еді,
Әйтеуір таңғажайып өмір еді.
Айлы түн, ақ қайыңдар арасынан
Балдырған ақ дидадың көрінеді.

Құштарлық пәк сезімді басқарады,
Табылмас қимастықтың басқа мәні.
Біз құрған ақ отаудың іргетасы
Алғашқы кездесуден басталады.

*1983.
Мәскеу*

* * *

Өзiм үшiн жасамадым жанпiрiм,
Жалғасымын ата-баба салтының.
Өзгелердi басып озып жетермiн,
Басың ауырып, сыздағанда балтырың.

Бақыт тапсам жер қазып, кен үюден,
Шабыттансам адам сырын бiлуден.
Барлық ұлтты шын жүректен сүйсем де,
Жалықпаймын қазақ тiлiн сүюден.

Ренiште күйреуiктiк етпедiм,
Қуанышта кеуде қағып кетпедiм.
Қай биiкке жетсем-дағы есiмде
Бала күнде ауыр тұрмыс шеккенiм.

Бәрiн айтар домбырам – дос-сенерiм,
Аяз бидiң шапаны сол дер едiм.
Туған жердi сағынғанда, елдi ойлап,
Немереме бiр күй тартып беремiн.

Өрт дауылда жасамаймын жан сауға,
Жаным шошыр арпалыста шаршаудан.
Жүрген жердi түрлендiргiм келедi,
Көкшетаудың кербездiгiн аңсаудан.

1986

СӨЙЛЕЙДІ ТАҒДЫР СОНДАЙДА

Сағынбай көңіл толғай ма?
Толғанбай қиял торлай ма?!
Махаббат дерті ой қозғап,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

«Ауылға жетер жол қайда?»
Дей қалшы ұшқан торғайға;
Шырылдап саған тіл қатар,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Елеңдеп көңіл болжай ма?
Аңсатқан арман – ол қайда?!
Дос деген адам қас болып,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Жезкиік қайда, мен қайда?!
Кездесу шаттық жолдай ма?!
Ұшарға қанат таба алмай,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Қиялға қыран қонбай ма?
Алыстан шолсам болмай ма?
Ел мұңы естен бір кетпей,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

1988



СЫРЫМБЕТТЕГІ ТЕБІРЕНІС

Жарқ етті, әне, Сырымбет,
Құлагер қуып жетердей.
Ақан сері күлімдеп,
Ақтоты үнсіз өтердей.

Аспаннан тамды ән үзім,
Қарағай, қайың балбырап.
Айтылмай жүрген арызым,
Кеудеден шықты ән құрап.

Қоскөлде әнші аққу-қаз,
Секілді қиял ертегі.
Қосылып бәрі айтып наз,
Сен жайлы сырын шертеді.

Тоғай-дағы мұңданып,
Тамылжып тәтті үн тамды.
Бетіндей қызыл нұрланып,
Қызарға бөріп гүл жанды.

Көшкен бұлт селдеп өтердей,
Исінді тауға жиылып.
Төгіліп өлең көкейде,
Жаңбырша жаудым құйылып.

Шабытшыл жаны гүлдемей,
Әуреge мені салардай,
Сырымбет тұрды үндемей,
Қасымнан сені таба алмай.

1990



* * *

Балалық қалды ауылда аңсар бір үн,
Оралып енді бәрін байқау қиын.
Қиядан сағындырып елестейді,
Мағынасыз, мұңсыз, бейқам-ау күнім.

Малшынса жүрек уға көптен бері,
Тым ерте қызық еді-ау өртенгені.
Әлі де кейбір күнде алаңдайды,
Келердей жолаушылап көп сенгені.

Көбейіп көріктенсе өткен белгі,
Япырмай, сонша сұлу көркем бе еді?
Дегені бала ғашық қызық екен,
Ай да сол, жұлдыз да сол өлкемдегі.

Тірі жан шырайына теңеспейді,
Ел жақтан хабар айтар жел еспейді.
Бәрі де күміс сағым көрген түстей,
Қыз-қиял жас киіктей елестейді.



ӨҢ МЕН ТҮСІҢ АЛМАССЫҢ

Бала күнде көктемнің көркем гүлін,
Тосушы едік қаулар деп ертең-бүгін.
Жаны лаулап қасыңа жетті дерсің,
Шырт ұйқыда бейнемді көрсең бүгін.

Елге оралсам сол ынтық тілегіммен,
Өң мен түсім алмасып жүремін мен.
Тұла бойың дірілдеп, толқырмысың,
Ұстай алсам ақ күміс білегіңнен?

Жастық шақ пен егде күн алмасады,
Алмаспаса, жүректі шаң басады.
Көргеніңнің ұмытпа бір үзімін,
Сонда ғана өң мен түс жалғасады.

Соның бәрін өңіңде қайталасаң,
Қарсы алдыңда бұл досың
басады алшаң.

1992

* * *

Ауылда қалған қара көз,
Өзіңсің ғажап мен білген.
Есімде алғаш сүйген кез
Балауса, балғын ерніңнен.

Тосып тұр бізді өткелде,
Күрке тал таныс жасыңнан.
Танырмын шөлдеп жеткенде
Қара қас, қолаң шашыңнан.

Киіктей сайда керілген,
Баяулап жетсең шалғайдан;
Құшайын қыпша беліңнен,
Сүйейін Айдай маңдайдан.

Ән байлап ұшар қанатқа,
Ұмсынтып тағат кетірген.
Сүйейін сәтті сағатта
Жұтынып тұрған бетіңнен.

Не десе соған көнейін,
Лүпілін жүрек санатқан.
Рахатқа батып өбейін,
Бүлкілдеп жатқан тамақтан.

Алайын дәру үніңнен,
Сағыныш көкірек жарғанда.
Татайын зәмзәм тіліңнен,
Қасыңда жалғыз қалғанда.

1992



ҚҰРБЫЛАРЫМ

Жайсаң жандар,
Жақсы қыз – құрбыларым,
Сендерменен таусылмас сыр құрағым.
Алдарында серілік қысып кетіп,
Бесті асаудай бас білмес бұрқырадым.

Көңіл жықпай тілекті мақұлдадың,
Сұлусыңдар,
Мол тағы ақылдарың.
Құрбыларым – мәңгі қыз қарындастар,
Сендерсiңдер өмірде ет жақындарым.

Жидек, шие қасымда жүріп терген,
Болашаққа балдырған үміт берген.
Ауылда өскен қыздар-ай, кереметсің,
Сыйластықты патша етер ғұрып берген.

Шаңғы тепкен сырғанап бір шоқыдан,
Мектептестер, ғажапсың бірге оқыған.
Биші қызды жалғанда ұмыту жоқ,
Әнші қыз да аумайтын ақ тотыдан.

Ғашық болсақ,
Ой, Алла-ай, қыршындарға,
Көрші қыздан асатын сұсты бар ма?!
Былтыр іздеп ауылға барып қайттық,
Әже болған әуенін бір тыңдарға.





*Шота Уәлиханов және Айша Біркеновамен.
Мәскеу. 1953 жыл*

* * *

Соқпау қиын осындай тылсымдарға,
Соқсаң жүрек тағы да тым сыздар ма?!
Қатар жүрген Мәскеуде Айша да бар,
Сырымбеттен бірге ұшқан нұр шыңдарға.

Мәскеудегі қыздарға түңілмедім,
Жүрегіне жоқ емес үңілгенім.
Біз қосылған айтулы той боп тынды,
Аққұба қыз соңынан жүгіргенім.

Құрбыларым – өмірдің сыйы маған,
Сендерді айтып сыр тұмар түйіп алам.
Күйеулерің көрсе де, кездескенде
Құмар қанып, оңдап бір сүйіп алам.

14.12.1992

ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЙРАН, АЛҒАШҚЫ?!

Ауылдың шетін аралап,
Көктемім, күзім жалғасты.
Жастық шақ берген аманат,
Қайдасың, қайран, алғашқы?!

Ажарың сәуле жаққан нұр,
Сен едің іңкәр балапан.
Қызуын әлі сақтап жүр,
Мойныға тиген алақан.

Жүгіре басқан келді еске,
Көлеңкең күміс айдында.
Толқынға батып сол кеште,
Кетіпті мұң, шер, қайғым да.

Ақ маңдай, нәзік қиғаш қас,
Еріндер балдай елжіреп;
Құлыншақ білек, қолаң шаш,
Өтеді кезек желбіреп.

Ғашықтық сезім ұялшақ,
Оянған балғын бетінде.
Есімде қалды құмар шақ,
Тұтанған ауыл шетінде.

Жібек тал желпіп, үңілген,
Сыбырлап, сипап бірлесті.
Кездесіп қызыл іңірден,
Тұрғандай бірге тілдесті.

Туған жер бойға әл берген,
Салады еске салмасты.
Талмаурап тәтті таң көрген,
Қайдасың, қайран, алғашқы?!

1992



ҚУАНЫШ

Осы екен ғой көп аңсатып туған күн,
Құты қашты өңі тозған тулардың.
Күні туды бодандықтан бұлқынып,
Құтылуға белін бекем бұғанның.

Жақсылыққа жаным ғашық пендемін,
Жолым ашық,
Туған ел – бар сенгенім.
Күннен-күнге дербестігім нығайып,
Тез алсыншы жанталасқан ел демін.

Жүруші едім туған елден тым алыс,
Көз алдымда қанат жайды ұлан іс.
Қазақстан дербес ел боп шалқыса,
Көкірегімді кернеп кетті қуаныш!

1992



ЕСКЕ АЛАЙЫҚ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Тыңда, қалқа, шын құмарта
Жаңа әнімді нәресте.
Құрдастарды, шын достарды
Сағындырып сал еске.
Бірге жүрген баяғы,
Қайда достар саяғы?

Көңіл аусын,
Тусын маусым,
Жаным құштар елеске.
Балғын шағым,
Мөлдір сағым,
Көрінер сол кеңесте.
Отырайық ән салып,
Ата-ананы еске алып.

Нәр алыпшыз,
Жаралыппыз
Ауыл берген батадан.
Мәңгі бірге,
Бұзбас ірге,
Қалған мирас атадан.
Отырайық ән салып,
Ағайынды еске алып.

Туған далам,
Ата-анам
Естен мәңгі қалған жоқ.
Жол пішемін,
Сол үшеуін
Риза етсем, арман жоқ.
Ұшсам қанат талмайды,
Туған жер естен қалмайды.

1993



СЕН ЕДІҢ ҒОЙ

Ауыл жаққа құстай ұшып асығам,
Көрсем деймін ақ қайыңдар қасынан.
Сен едің ғой ақ дидадың аңсатып,
Екі көзге көктен жұлдыз тасыған.

Ажарыңнан бір көргенде талдырған,
Нәр алушы ем, жасап іштей жан құрбан.
Сен едің ғой құштар етіп құлшынтып,
Ең алғашқы ғашық отын жандырған.

Шақырады артта қалған гүл көктем,
Әсем кештер, айлы түндер бірге өткен.
Сен едің ғой махаббатқа мәз етіп,
Сүйіп, құшып, ләззат алып үйреткен.

Қыз Жібегі қатар өскен құрбының,
Қиял екен сол ғажайып бір күнің.
Сен едің ғой тал түбінде сайраған,
Таң мезгілде мен естіген бұлбұлым.

Есім шықса жасағандай қыз үгіт,
Қара көзің талмауратты сызылып.
Сен едің ғой, әлі де бір өзіңсің,
Қызықтырып жүрген, маған қызығып.

1994

ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Домбырам, ата мирас егізімсің,
Жүректің сенсіз қалсам шегі үзілсін.
Мәдидей бұлтқа қарап, тау толқытсам,
Жан сырын ұқпаған жан өзі білсін.

Барады жылдар өтіп ағындаған,
Қарады жаутаң қағып сағым-далам.
Адасқан қараторғай қайда барсын,
Қаңтарда қонар пана табылмаған?!

Домбырам, көк желкені ақ кеменің
Секілді жол бастасаң сеп беремін.
Ауылға ауыр күнде серік болып,
Көңілдің шамшырағын жақшы, өлеңім.

Домбырам, қолымда ерке құралайым,
Мен де бір сен сияқты құба қайың.
Үмітпен келешекке күле қарап,
Жаныма шер батса да жыламаймын.

Қиналсам көзім шалып ел кескінін,
Өзге жыр көкейіме келмес бүгін.
Құлшынар, қанаттанар тусын күндер,
Туған ел берік сақтап дербестігін!

1995



ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ КЕПШІ
Шота Уәлихановқа

Әні Темірәлі Бақтыгереевтікі

Ғаламат қайдан десең бір өзінде,
Жақсылық жылу төгіп тұр көзінде.
Жүрегі асылдардың желбірейді
Ақжарқын, әділ, таза мінезінде.

Елгезек айға ұмтылған баладайын,
Жаратпас мөлтек мақтан алақайын.
Жүрекке жүрек қосып жүреді екен,
Ел-жұртпен тіл табысып қарапайым.

Қорқыттай мәңгі жұмақ жер іздеген,
Жәдігер ақ ниетін негіздеген.
Елде бар өнерпазбен сыйлас, тату,
Дариядай барын қосқан теңізбенен.

Жан-жаққа жауыр бұлттай еліктегіш,
Өтеді ол бар өнерін төгіп тегіс.
Арасын ағайынның жалғап жүрер,
Оң мен сол, кем-кетігін көріп тегіс.

Шексе де шерлі күндер көңіл қалған,
Ол үшін болмас осынау өмір жалған.
Атай бер кемеңгер деп жақсы адамды,
Ел мен ел арасына көпір салған.

14.08.1995.

Алматы

АЛЫСТАП БАРАМЫН ЖАҒАДАН

Кең жалған әр күнін санаған,
Көңілде қобалжу бар алаң.
Туған жер, көркіңнен көз жазып,
Алыстап барамын жағадан.

Жанары мың толқып қараған,
Жан анам шықпайды санадан.
Желкендей қияда шарықтап,
Алыстап барамын жағадан.

Сыйласқан келгенше шамадан,
Тату дос, қыл өтпес арадан.
Ағайын, бауырлар қол сілтеп,
Алыстап барамын жағадан.

Шалғайды барлауға жараған,
Көгілдір ту тікті бар алаң.
Жастарға жақсылық жол тілеп,
Алыстап барамын жағадан.

Немерем жанарын қадаған,
Тілегі болса екен қалаған.
Болашақ күндерге сәт тілеп,
Алыстап барамын жағадан.

Таңырқап үңілсе сан адам,
Ауылым, кетейін садаған.
Күрсінтіп жұқарған жүздерің,
Алыстап барамын жағадан.



Асқандай көп төзім шамадан,
Жасқандым жүректе жарадан.
Артымда, туған ел, сені ойлап,
Алыстап барамын жағадан.

Қызғандай асау күй сағадан,
Толғаныс күш берді жаңадан.
«Оралып келермін...» дегім кеп,
Алыстап барамын жағадан.

31.08.1996



* * *

Жақсы көлдің жағасы,
Суаты жайлы құм екен.
Ойлы адамның санасы
Мұнарлы таудай шың екен.

Мұнартсам таудай жасымнан,
Жаутаң көз өскен мұңым бар.
Күрсініп өтсем қасыңнан,
Көңілсіз жүр деп ұғынар.

Мал баспайтын құм қорыс,
Суатсыз көлдің өңірі,
Бірде қазақ, бірде орыс,
Ақымақтың жеңіл өмірі.

Тілегім жерден, көктен де,
О, тағдырым, ұға бер:
Өзімді ойлау жоқ менде,
Көкейді тесті туған ел.

Білмегенсіп білсем де,
Алаңдатқан ауыл ғой.
Сыр бермей жүрсем де,
Өмірім менің ауыр ғой.



* * *

Сағынып көп келемін теңізге мен,
Көш құрап толқындармен егізденем.
Теңіздей терең туса жарар еді-ау,
Өзіме осы шартты негіз көрем.

Толқынмен арпалысам жалтақтамай,
Есенмін сан айқасқа барсақ талай.
Құмарым қанар емес айдыңға өрлеп,
Жағадан көз көрімге алшақтамай.

Жарады тұңғиықта жабық көрік,
Сүңгимін қалайын деп қарық болып.
Тереңде кеншілігім ұстап кетіп,
Гауһарын елге берем алып келіп.

Көбейер ел қуанса нұрлы алаңым,
Өзім де шын жадырап бір қаламын.
Ұнаса туған елге арманым жоқ,
Құзда өсіп, теңіз кешіп жырлағаным.

БІЗДІҢ АУЫЛ ҚЫЗДАРЫ

Әні Еркін Слетдиновтікі

Көрші қызбен ерте ойнап, ерте күлдік,
Естеліктер аз емес ерке күндік.
Шаршы топта би билеп, ән шырқасақ,
Оңашада ғашық сыр шерте білдік.

Зәмзәм тамған тілінен,
Бой балқыған үнінен.
Біздің ауыл қыздары
Бірі сұлу бірінен.

Қос жанары жүректі жаулағандай,
Жылы лебі тиетін жанға балдай.
Қылдай еді биші қыз қыпша белі,
Жас еліктен тұлғасы аумағандай.

Мінезі қандай татымды?!
Көркі қандай тартымды?!
Біздің ауыл қыздары
Бәрі бірдей ақылды.

Аққұба қыз жан еді ең сүйікті,
Тамашаға талайлар көз түйілтті.
Еске түссе дидары тебіренемін,
Біреу атып алардай жезкиікті.

Бірге күшқан таң нұры,
Жастай жалғас тағдыры:
Біздің ауыл қыздары,
Таңғажайып барлығы.

1996

САҒЫНТАР АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫ

Әні Саят Әбдіғалидікі

Мен едім өзгеден асқаның,
Керегі жоқ деуші ең басқаның.
Бұлт басып қай күні кетті екен
Біз тіккен махаббат аспанын?

Қайырмасы:

Махаббат төгілді шарасы,
Теңселді жазира жағасы.
Қимастық сезімдер оралып,
Сағынтар ауылдың баласы.

Білмедің сынайтын өш барын,
Білмедің қиналар дос барын.
Бұздық қой әйтеуір екеулеп
Өмірдің бір ғажап жоспарын.

Қайырмасы.

Алушы ем махаббат мол хаттар,
Қайда екен бұл күні сол хаттар?
Жүрегім гүлденіп, түрленіп,
Жастыққа ескерткіш орнатқан.

Қайырмасы.

* * *

Жылдар жылжып барады көшкен сендей,
Көңіл тозды мен сені көптен көрмей.
Қызыл кеште батқан күн қызарады,
Екеуімізден ұялып өртенгендей.

Ауыл шеті – орман, көл, далаларда,
Біз кездесер баяғы пана бар ма?
Ай аунақшып, жұлдыздар жымың қағып,
Жанарыма жанарың қадалар ма?

Сәт оралып қайтадан жолыққанша,
Бізді тосқан гүл қалды солып қанша?!
Жезкиіктей жолымда жарқ етсеңші,
Оңашада бейхабар зарыққанша.

Сонда жүрек тыныштық алар ма екен?!
Аспандағы күн тоқтай қалар ма екен?!

19.06.1997

* * *

Бiрi едiк телi тату асыл жастың,
Қызығын балғын кездiң татынбас кiм?
Талай жыл өттi сенi көрмегелi,
Келiп тұр баяғыдай жақындасқым.

Шындық сол – от құштарлық шақталыпты,
Жүректе қатқан берiш, дат қалыпты.
Тек қана бала күнгi ақ дидарың,
Аққудың баласындай сақталыпты.

Андаймын ай туғанда қабағыңды,
Есiркеп туды талай ән ағынды.
Хауа ана, Хауа атаны сенен бiлдiм,
Жаттадым ең алғашқы сабағыңды.

Сырым сол топ iшiнде жаңылмас көп,
Қала бер, көршi қызы, қарындас боп.
Мен-дағы кездестiм өз бақытыма,
Жалғанда сен кеткен соң табылмас боп.

АЙЫРТАУ АТТЫ АУДАНЫМ

Айыртау деп атаймыз аудан атын,
Тарихы бай қазағым таңғалатын.
Шоқан, Ақан, Орынбай, Үкілі Ыбырай
Есімдері желпіңтер жан қанатын.

Сал Сырымбет самғатқан санамызды,
Ел біледі ол жайлы бар аңызды.
Құлагердің ор болып ізі қалған,
Ардақтаймыз киелі даламызды.

Патша алдында көтерген бағамызды,
Жақындатты төремен арамызды.
Уәли хан өлген соң орда салған,
Мақтан етем Айғаным анамызды.

Кемеңгер бар жазылар талай дастан,
Ашар оған қабағын арайлы аспан.
Соғыс жылдар басқарған қазақ елін
Шаяхметовтің Айыртау жолын ашқан.

Қайсар, өжет десеңші қандай мықты,
Ұмытпайық, ағайын, Жанбаевты.
Бәйкен, Еркін, Баяндар ер атанып,
Елдің қамын еш қамшы салмай ұқты.

Көп тізбектеп арыстар айтпан бәрін,
Ақын Мұса еді ғой атпал дарын.
Айыртаудың жыршысы сол болатын,
Көрдік талай жеңімпаз атты алғанын.

Саумалкөлім – аудандық бас қаламыз,
Келбетіңе сүйсініп, шаттанамыз.
Ордабасы, Ұлытау, Қазығұртпен
Атың тең деп, Айыртау, мақтанамыз.



АТАМНЫҢ БЕРГЕН АҚЫЛЫ

Әркімнің жастай сүйер бар нақылы,
Мәтелі, әзіл-қалжың, қақпақылы.
Ескірмей, естен кетпей дәріс болып,
Атамның маған берген қалды ақылы:

«Алтынды тағу оңай, қазу қиын,
Жараны салу оңай, жазу қиын.
Қолыңа билік тисе көңіл жықпа,
Кердеңдеп мықты екен деп қазір күйім.

Сеп тигіз қиналғанға шама жетпей,
Көппен бол, әкімсініп дара кетпей.
Біреуге жәрдем етсең көзге түртпе,
Жөнге сал сүрінгенді мазақ етпей.

Кең жүрек, әдептіден жан аспайды,
Ақ ниет, адал көңіл адаспайды.
Мақтаншақ, өтірікші, ынсапсыздан
Жат түгіл, жақыны да алыстайды.

Жалқаудың жиналмайтын төсегі көп,
Жаманның таусылмайтын өсегі көп.
Жылмақай, жылпостарға жолай көрме,
Олардан кісі өтпейді кеселі көп.

Топтасып кеңсе ішінде жік құрады,
Асылды ақымаққа жықтырады.
Пәлекет шенді жерге жеткеннен соң,
Өзіне бағынғанды бұқтырады».

«Жігітпен тер аямай өрмелеген,
Бірге бол, ірге бұзып көрме!» – деген.
Есімде ұлағатты сөз асылы:
«Үш жүзге бір қазақты бөлме!» – деген.



* * *

Ауыл кеші... Жалаңтөс,
Елестейді жас күнім.
Баса алмаушы ек, қаракөз,
Құштарлықтың тасқынын.

Ес шыққанша сүйіссек,
Бір арманды өтепін.
Өзге әлем тыныш, тек
Әні тынбас көкектің.

Өртеуші едің жанымды,
Сүйсең ернің шолпылдап.
Сол керемет әніңді
Қайталайтын тоқылдақ.

Мың-мың дыбыс аралас,
Әуендесіп жататын.
Ләззат алсақ шала мас,
Таң ұялып ататын.

Ақ шашыма ел тамсанған,
Егделікке малындым.
Ұялшақ қызбен қарсы алған,
Ұялшақ таңды сағындым.

12.10.1998.

Сарыағаш



* * *

Ұйқымды елес бұзады,
Құлаққа жетсе қыз әні.
Ойнап жүрген «Айгөлек»
Секілдіміз біз әлі.

Шық түспеген тәніне,
Гүл еді қыршын әлі де.
Түсімде естіп елтимін
Тотыдай ғажап әніне.

Тықыршып құлын-жүрегім,
Көркіне тойып күлемін.
Көрген түс өңім секілді,
Көп күндер ойлап жүремін.

Әнінің жаттап әсемін,
Сөзінің сақтап мәтелін;
Балдырған күннен ой салған,
Ұмытпай келем әсерін.



БІРЕУІ ҒАНА КЕЛМЕДІ

Әні Марат Түсіпбековтікі

Кездесу туған жердегі,
Қисапсыз қызық ертегі.
Ертегі сырын айтайын,
Кең екен біздің жер тегі.
Талай сыр толқып желдеді,
Елестер өткен селдеді.
Құрбы-дос естіп жүгірсе,
Біреуі ғана келмеді.

Төгілді өлең термелі,
Көркейді сауық көрмелі.
Жүздесіп өтті мың таныс,
Біреуі неге ермеді?
Өкініш қаулап өрмелі,
Сағыныш көкірек кернеді.
Дос-жаран түгел жолықса,
Біреуі ғана келмеді.

Домбыра заулап пернелі,
Әсем ән қанат сермеді.
Жүз түрлі әуен қосылды,
Бір дыбыс хабар бермеді.
Оралып күндер сернелі,
Кездесу жүрек емдеді.
Көп сұлу аңсап жеткенде,
Бір сұлу неге келмеді?



НЕ ЖЕТСІН?!

Әні Мұбарәк Салықовтікі

Кетеді есім ауып аңсағанда,
Әйтпесе жыр толқытып, ән салам ба?!
Не жетсін көзіңе көз түсіп кеткен
Мезетке сағыныштан шаршағанда?!

Келгенде кездесуге іңірдегі,
Күн қайда елжіретер үнің мені?!
Сүйісіп қайта-қайта ләззат алған,
Не жетсін бал шәрбатқа тіліндегі?!

Ауылдың көл шетінде орманына,
Баяғы көлеңкеміз орнады ма?!
Не жетсін үміт-жұлдыз үндескендей,
Сағынтар қимас жанның болғанына?!

Қаракөз қарасам қияғына,
Жігіттің от тастапты ұяңына.
Қым-қуыт қияметтен жол табатын,
Не жетсін ғашықтардың қиялына?!

06.11.1999

* * *

Қай қияға қанат қақпас ақындық,
Ойлай берем айтар сөздің затын нық.
Айтарым сол, өмір сырын кең зерлеп,
Шын достықтан аспайды ешбір жақындық.

Досыңмын деп айта алады кім кімге,
Жалған ойлап, жақын болу мүмкін бе?!
Алдай білмес, ары таза жаралған,
Дос азайып бара жатыр бұл күнде.

Бір күнің бар қызығына мың жасар?
Гәп сонда ғой азын-аулақ миласаң.
Құт қонады
Доспен өткен сол күнді
Ең ақырғы күндей қатты сыйласаң.

Жойқын дария басталардай бұлақтан,
Таза құрмет кең өрісті ұнатқан.
Өліп кетсе бір сәрі ғой,
Жұт екен
Тірі күнде достық туын құлатқан.

Көп жалтылдап көркем әйел тісіндей,
Көп жарқылдап бояуы жат мүсіндей;
Жүрген «мырза»
Сызаттанды кердеңдеп,
Жұмыр басы не болғанын түсінбей.

Кейбіреу жүр мысқыл айтып ашқылтым,
Тұздығында ұшқыны бар қастықтың.
Екі көзін май басыпты, шел қаптап,
Тоя жеуден тастағанын бастықтың.



Пiр тұтқандар күнi кеше құшақтап,
Қиналады сәлемге тiл тұзақтап.
Үлкен орын шын жақсыны өсiрiп,
Ұсқынсызды жiберiптi ұсақтап.

Шайлықпаймын ылдидан да, өрден де,
Қаймықпаймын төменнен де, төрден де.
Жылпостардың бәрiн бiр сәт ұмытам,
Қимас достың адал көзiн көргенде.

27.07.2000.

Алматы



САҒЫНЫШТАН ЖАРАЛДЫМ

Сағыныштың сырын айтсам көптеген,
Сағынғаны сыйлағаны деп келем.
Мектептесім телефонмен сөйлесті,
Қайран жүрек балғын кездей төкті өлең.

Енді қайтем бүктемелеп жасырып,
Жеткім келді Саумалкөлге асығып.
Көрер ме едім маған құштар әжені,
Өлер ме едім сағыныштан ашығып?!

Алыс кеткен қыран құстай саналдым,
Аңсау-сусау сағыныштан нәр алдым.
Ата-анамның ұлы болып тусам да,
Азамат боп сағыныштан жаралдым.

Қай заманда ойлайтыным жол қамы,
Сол мінезді тағдыр жақсы қолдады.
Бір көруді асыл арман санайтын,
Қандай жақсы сағынар жан болғаны.

ӘРІ СӘЛЕМ, ӘРІ АЛҒЫС

Ассалаумағалейкум! Көкшем менің!
Сексен қыз – қарсы алғанда

сексен көлің,
Желпінтіп аппақ шашын бас иеді,
Баяғы өз қолыңда өскен төлің.

Армысың, бауыр, туыс көкшеліктер,
Жарасты ән-күй артқан көш-көлікпен.
Көргенде өздерінді көңіл тасып,
Кеттім ғой әудем сәтте өзгеріп мен.

Бой жазса туған жерде қайран дарын,
Жалғасты Жезқазғанда арман-жалын.
Жезкиік Сарыарқада жүйткіп жүрсе,
Өзге емес, ол «Гәккуден» қалған сарын.

Құрбылар алса кірпік құрығына,
Көрінбес тәтті мезет бірі күнә.
Мөп-мөлдір жанарлары бой балқытты,
Махаббат шомылғандай тұнығына.

Белгілі бар биігім шалқып жеткен,
Сендерсің сұлу сазды қарқынды еткен.
Сағыныш сарқылмаған бар сырымды
Айтады асқақ әнім «Аққу жеткен».

Шақырып шалқар шабыт ерке күнге,
Қырандай тау бөктерлеп кетемін бе?!
Тел өскен тентектермен қыз соңында,
Сырымбет жүргендеймін етегінде.

Көз салған Есілге де, Ертіске де,
Жүрегін кей досымның желсіз деме.
Быр тықыр тақалғандай бәрімізге,
Нығметжан келіп қалды жетпіске де.

Төгілтсем талай арнау жыр бұлағын,
Аңсаушы ем мектептестер нұр жұмағын,
Жасында жүрек өртеп,
Ынтық еткен,
Қалыпты әже болып құрбыларым.

Не дейін...
Баршаңызды құттықтаймын,
Сәлемге тап осындай күтті сай күн.
Немере-шөберелі болыңыздар,
Шау тартып арасында құлын-тайдың.

Бәріңе ыстық сәлем үйгім келді,
Сыр айтып ақ тұмардай түйдім белгі.
Меруерт, Зина, Әгір, Зейнікеш-ау,
Тап қазір беттеріңнен сүйгім келді.

Армысың, жеңешелер, ағаларым,
Сендердің маған жүлде бағаларың.
Асықпай әр шаңыраққа тәжім етіп,
Келіп тұр армансыз бір аралағым.

Дос-жаран, зиялы топ алқа толған,
Сендер ең маған сүйеу арқа болған.
Жетпіске тақағанда бір сілкініп,
Бұлбұлдай түлеп тұрмын баққа қонған.

Жол тартып арнасам да неше күнді,
Шығардым қажу білмес еселі үнді.
Тілектес елі-жұртым есен болса,
Жүзге де байқап қалдым жетерімді.



Не бiтер қуанышта қызбағанға,
Қыс тақап, қол сiлтеп тұр күз маған да.
Сiздерден бұрынырақ кiм iздесiн,
Бас ауырып, балтырым сыздағанда?

Бiрi сал, бiрi серi, бiрi керiм,
Мың алғыс алыңыздар, iнiлерiм.
Әндеткен сандуғаштай қарындастар,
Пәк жүрек лүпiлiмен бiрiгемiн.

Маған деп сайлап Көкше күйлi алаңын,
Әндетiп бүкiл елдi жинағаның –
Бiржан сал, Ақан серi, Үкiлi Ыбырай
Аруаған сол ғой мәңгi сыйлағаның.

Жан сыры жырға оранса кесектелiп,
Толқыдым ақ жарылар кезек келiп,
Тап осы кездесудi айтарсыздар,
Кеттi деп алдымызда есеп берiп.

07.06.2000.

Көкшетау

КӨКШЕДЕГІ КЕЗДЕСУ

Көкшетау қарсы алғанда ән-күйменен,
Пәк сезім қандай ғажап жан билеген?!
Туған жер сый-құрметін көріп қайттым,
Анамдай ақ бесікте әлдилеген.

Қарсы алды інілерім, ағаларым,
Әр әннен есті құштар самал ағын.
Аққудай қарындастар «Гәккулетсе»,
Қыз-шабыт жан талабын жаңаладым.

Күрсінткен өмір жүгі, қайда қалдың?
Сол кеште ауылым қонған айға бардым.
Желбіреп аппақ шашым жыр оқысам,
Қайтадан қайрат-жігер қайрап алдым.

Інілер әнімді айтса гитарлатып,
Домбыра бұлт аунатты ырғай шалқып.
Оркестр сексен көлді мың толқытса,
Бой жаздым сағынышты бір тарқатып.

Қалқаның болып жүрген көркі қайғы,
Иран сал шырқап салды «Бөркің-айды».
Толқыса «Ақ тырналар», «Аққу жеткен»,
Шыбын жан қалай ғана толқымайды?!

Кездестім бірге оқыған дос-жаранмен,
Сахнадан жыр арнадым оспақ әнмен.
Бетінен Зейнікештің бір сүйгенде,
Балқыдым бал тосқандай тостағанмен.

Ашылса мектептестiң кең жүрегi,
Көрiндi тiл қатысқан ем тiлегi.
Жанары баяғыдай жарқ еткенде,
Мен түгiл, бәйбiшем де елжiредi.

Құттықтап жыр төгiлткен талабымды,
Нығметжан татымды сөз таба бiлдi.
Мың рет шақырсаң да қайтып келмес,
Ерiксiз елестеттi бала күндi.

Туған ел, сен шақырсаң самғап жеттiм,
Бiр кештi сан жылға азық, ардақты еттiң.
Қайтадан көрiскенше күн жақсы деп,
Мың алғыс бәрiңiзге арнап кеттiм.

07.06.2000.

Көкшетау



АШЫҚ СЫР

*Ахмет, жақсы-ау ғашық хал,
Қалтқысыз сырды ашып қал.
Қожа Ахмет Йассауи*

Қыздарына ауылымның жан жетпейді,
Үндерінен ғашықшыл ән кетпейді.
Айлы түнде басушы ек «Айгөлекке»,
Онда біздің асырға таң жетпейді.

Өз көлінен құстардай жаңылысқан,
Жылдар өтті жан-жаққа алып ұшқан.
Ашық сырым осы ғой, беу, құрбылар,
Жанып кете жаздаймын сағыныштан.

Құрық салғым келгенше біреуіне,
Айла тауып әкетті біреу іле.
Содан бері зым-зия хабарсызбын,
Жетті ме екен жалғанда тілеуіне?

Жырға айналды көкейде көмескі үнім,
Шала мас қып кетеді елес бүгін.
Бір ғажабы: «Ол әлі елден ерек,
«Айгөлекті» шырқайды» деп естідім.

Шау тартса да сан жылдар өзгеленіп,
Көру қайда дидарын көз кенеліп.
Ол сағынып айтқанда «Айгөлекті»,
Кетсең етті, жұмыр жер, дөңгеленіп!

*14.07.2000.
Жезқазған*

* * *

Айнасы емес, жаршысымын өмiрдiң,
Аз демеймiн шеккен жүгi көңiлдiң.
Бауырластар, жаны достар бiлсiн деп,
Ақтарыла, қақ жарыла төгiлдiм.

Әлдекiмдер сала берсiн байбалам,
Жасап келем заманыма сай қадам.
Шаршағанда қуат-жiгер беретiн,
О, қазағым! Мiнезiңнен айналам!

Шынымды айтсам шеккен мұңым аз емес,
Ел сағынтқан көп толғантты наз елес.
Өлең-досым қайда жүрсем тастамай,
Iз қалдырды қияда өткен әр белес.

Асқақтаса ақиқатшыл өрелi үн,
Туған елге гүл шоғы етiп беремiн.

2000

КӨҢІЛ КҮЗІ

Кеткені ме өзгеріп өмір жүзі?
Жеткені ме маған да көңіл күзі?
Ақ дидарын тілімдеп, әжім басқан,
Кемпір болды-ау көршінің керім қызы.

Одан емес, көрінсем жабырқаңқы,
Жан күйзелтті кей о жар өмір салты.
Шексіз байып кейбіреу талтаңдап жүр,
Жүдеулер көп құлазып қалған жалқы.

Талапайдан біреудің қыр асуы,
Ақша жиғыш – талайдың шын кәсібі.
Аса байып кеткенді күндемеймін,
Табысының келмей тұр ұнасымы.

Ерен байға көрмеген құлдық қылып,
Ел алдында жасамас сұмдық ғұрып.
Ортамызда әлі бар ардагерлер,
Ел қатарлы көрмеген тұрмыс құрып.

Таңдайыңда, беу, достым, татым бар ма,
Жарқыл қаққан қарашы шатырларға.
Тұрады онда магнаттар, депутаттар,
Бұйырмапты ол бақыт ақындарға.

Шетке кеткен доллардан есім танды,
Ақша тықпас қандай сау тесік қалды?
Алған сайын қалтырап ала түсіп,
Кей содырдан ар-ұят кетіп қалды.

Сабыр таппас сиқыма қара да тұр,
Көрінгендей шошимын заманақыр.
Толқығаным – көбейіп қырғын-сүргін,
Адамшылық азайып бара жатыр.



КЕЛ, ДОСТАР!

Кел, достар! Баяғыдай жиналайық,
Серпілсін өткен қызық сыйға лайық.
Сезімнің селіне орап ғашық кезді,
«Көзімнің қарасына» бір салайық.

Кел, достар! Дастарқандас кездесейік,
Тым шапшаң барамыз ғой біз де есейіп.
Өмірден өткендерге аят арнап,
Көңілден зіл кетердей тілдесейік.

Кел, достар! Еске алайық жастық шақты,
Ашайық алақайлап шат құшақты.
Жасайық тіршілікте біз де бір той,
Басайық жүректегі жарықшақты.

Кел, достар! Кешірейік өкпемізді,
Табайық біздер жүріп өткен ізді.
Жан серік қасымызда бәйбішелер,
Ауылдас қызды айтты деп сөкпе бізді.

Кел, достар! Есейгенде қосылайық,
Нұрлансын сыйластыққа қосым байып.
Ән салсам алты қырдан танырсыңдар,
Қарсы алсам орта жолдан тосып алып.

13.04.2002.

Мәскеу



* * *

Қайран жастық аттанса да келмеске,
Қара көздер, қиғаш қастар келді еске.
Әй, қыздар-ай!
Тым болмаса біреуден
Сәлем айтып жіберсеңші жерлеске.

Мекенінді білсем дүние кезер ем,
Тосар едің өзің де айтқан межеден.
Баяғыда сүйдім деп те айта алмай,
Қапылыста қалғанымды сезер ең.

Рахат таптым қайта оралған жастықтан,
Маусым осы көктем жайнап, жаз шыққан.
Іздеп келіп біздің елді тамсанттың,
Көкірегінде біз де болдық назды ұққан.

Бүгін жетті бұл жалғанның шаттығы,
Сарыарқаның жұпар шашты ақ гүлі.
Сырымбеттің сандуғашы сайрады,
Есіл бойлап талмаурады тәтті үні.

Бүлкілдесе әнші дүлдүл тандайы,
Ауылым тынды түзелгендей хал-жайы.
«Мектептесің тұрады екен мақтауға...» –
Деп бәйбішем қамзол жапты арнайы.

28.04.2002

* * *

Қалай ғана мен тыныш ұйықтайын,
Кейде толқып кетеді тұнық қайғым.
«Біздің үйге келіп кет» деп шақырған,
Көрші қыздың сыбырын ұмытпайын.

Бала едік сынау жоқ талапкерді,
Беттен сүйіп, көзге көз тақап көрді.
Мен білмейтін құпия сырын айтып,
Махаббаттан алғашқы сабақ берді.

Жарты ғасыр өтсе де ескере ме,
Құштар сезім салмасын еске неге?..
Кеше көрсем қалыпты кемпір болып,
Шөберелері бұрылтпас ештеңеге.
Ұқсас еді-ау аққуға, тотыға да,
Жанарының қалыпты оты ғана.

2002



КЕЛМЕЙДІ ОРАЛЫП

Тауларға караймын,
Тамсанып мас болып.
Бір емес, талай күн,
Қайтадан жас болып.

Ой деген тіпті көп,
Тірлікке жеткендей.
Жолыма құт тілеп,
Келемін кектенбей.

Түсінер достарым,
Ақ сезім – ол анық,
Толтырмас тосқанын,
Жыққанын оқ алып.

Қалайша айта алам,
Дос кетсе жоғалып?
Өткен күн қайтадан,
Келмейді оралып.

2002



ТІЛ ЖҮЙЕСІ

Тіл киесін білесің,
Жүйесін табу – жетістік.
Сынаққа салса сын есім,
Тіркесін іздер етістік.

Ұяға қорған күзенше,
Сөз түбірін бағады.
Қат-қабат байлам түзелсе,
Тұрақты тізбек табады.

Баяндауыш бәлсінсе,
Бастауыш түзер қатесін.
Буыны бекіп, әл кірсе,
Түйісін табар зат есім.

Тіл киесін шамала,
Ол – ұлтыңның көзі ғой.
Тіл жүйесін бағала,
Ол – анаңның сөзі ғой.



ТІРШІЛІКТІҢ СЫҢҒЫРЫ

Таңертеңгі күн нұры –
Сал табиғат тың жыры.
Шық маржаны жарқ етсе,
Ол – тіршілік сыңғыры.

Домбыра ашық күмбірі,
Ғашық жүрек шын сыры.
Сенің түнгі лебің –
Тіршіліктің сыңғыры.

Сұлулықтың түн пірі,
Ашылады мың гүлі.
Ернің тиіп кеткені –
Тіршіліктің сыңғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,
От құшақта тынды үні.
Ләззат, рахат бәрі де –
Тіршіліктің сыңғыры.

01.05.2002



ЖЕТПІСТЕГІ МЕКТЕПТЕСТІҢ ЖҮРЕГІ

Сағындым ғой туып-өскен ауылды,
Сылқым сері Сырымбеттей тауымды.
Көргім келді ата-әже болса да,
Тай-құлындай тату өскен қауымды.

Алтын қауым, мектептестер, сендерсің,
Өздеріңе қандай орта тең келсін?!
Жүрегімде қалған ескі дертімді,
Беу, қаракөз! Ебін тауып емдерсің.

Ғажап едің сұмдық сұлу мектептес,
Жұлдыз болдың көз алдымнан еш кетпес.
Көлде – аққу, өрде киік сендерсің,
Керім, кербез жер бетінде жан жетпес.

Көз жазғандай туған елдің шетінен,
Бір оралмай тым алысқа кетіп ем.
Қол алысып, төс тақайық, жігіттер,
Ал қыздардың мен сүйейін бетінен.

Үзілмесін асыл достар легі,
Қайда жүрсе тілектері бір еді.
Жүздерінен жүзім теріп ашылсын,
Жетпістегі мектептестің жүрегі.

02.05.2002



ОТЫЗ ЕКІНШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ

Отыз екінші жылдардың түлектері –
Мықты адамдар
Қаулаған жүрек шері.
Қолдарынан түспеді қаршадайдан
Ара, балта, қолшалғы, күректері.

Туған әке есітіп өсиетін,
Көпшілігі көз ашпай өсті жетім.
Содан олар жасынан тым ойшылдау,
Бұл жалғанның мол шеккен қасіретін.

Көз ашқалы аяусыз арандадық,
Сансыз шаңырақ құрыды қараң қалып.
Отыз екінші жыл жұтса
Ұлттың жартысын,
Қалғанына қосылдық аман қалып.

Қыршын күнде шарпыды соғыс өрті,
Қырық бесте орнады өмір дерті.
Сиыр жеккен
Соқа айдап қара парды,
Бір күн біздің өткен жоқ жеңіл-желпі.

Ел тозғанда талықсып жеңіс келді,
Жеңу оңай соқпады немістерді.
Қарақағаз ауылымды қамықтырды,
Бітеу жара тым баяу тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр – қонар бағы,
Анамның да тұрмысы оңалмады.
Көршіміздің оралса бәрі түгел,
Біздің үйге үш арыс оралмады.



Анам өтті алаңдап тосуменен,
Талай жесір аттанды осы уменен.
Жас аналар тым ерте әлек болды,
Бізді үйірге дұрыстап қосуменен.

Бойда күшті дүние бағалады,
Ерте жекті, тай күнде тағалады.
Қара нанды қақ бөлген
Естен кетпес,
Интернаттың жаутаңкөз балалары.

Жаман емес, иншалла, үйіріміз,
Отыз екінші жылдықтар мұң гүліміз.
Біздер үшін үлкеннің бәрі ағалар,
Қадір білген кішінің бәрі ініміз.

Құдай берген құт мінез – бауырмалмыз,
Жетілдік қой деместей жауыр малмыз.
Қайдан шыққан мықтылар екен десең,
Жердің төрі ардақты ауылданбыз.

Шын елгезек, мейірбан жүректері,
Жетті аштықтан шаттыққа лектері.
Қай қиынға салсаң да алып шығар
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Ауыр жұмыс астында күн өтпеді,
Жеңіл жұмыс үстінен бір өтпеді.
Биыл, міне, жетіп тұр жетпіс жасқа
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Жеттік біздер жетпіске тәлтірексіз,
Елудегі нояннан әлдірекпіз.
Нарыққа да қол бердік
Мығым күшпен,
Дербес елге ең берік әл, тірекпіз.



Арамызда мол ақын-жазушы да,
Мыс балқытып, алтын кен қазушы да.
Композитор, суретші, әнші де бар,
Сәулеткер де, сарайлар салушы да.

Ертеректеу айырдық ойдан қырды,
Елдің сиқы кертөбел толғандырды.
Өзі көрген өзгені көп ойлайды,
Көпке арнадық көкірекке қонған нұрды.

Мұзға түссе шоқтай боп із салғандар,
Тас қопартсаң қаусатып құз жарғандар.
Аман қалған аштықтан олжалар ғой,
Жетпіс жасын тойласа қызғанбаңдар.

Өлең арнап, көсілте ән қосқаным,
Бір думанды тірлікте бар тосқаның.
Жасым үлкен, қаңтарда туғандықтан,
Құттықтаймын бәрінді, жан достарым!

22.06.2002.

Алматы

* * *

Отыз екінші жылғылардың керегі –
Олар елдің шерлі, зерлі, тереңі.
Өңшең тұлпар, жабайысы жоқ мүлде,
Алғаны аз, бергені көп келеді.

Шерағандар елге қанша наз артты,
Шота-Амандар танытып жүр қазақты.
Камал өтсе Ұлытауға тебіrentіп,
Нұрғожа да «Сарыарқаны» жаңартты.

Құрдастарым өмір көркін өңдейді,
Қайда жүрсе әр қадамын мөрлейді.
Есен қалған аштық жылдан тірнектер,
Іргектердің қатарында төрлейді.

Сақта, тәңірім, сол жұлдыздар сөнбесін,
Сексен белес сеңгіріне өрлесін.

2002

* * *

Жақсы адамды сергітсең –
Өзің жақсы болғаның.
Жақсы адамды ренжітсең –
Азаяды қорғаның.

Иек артпа нашарға,
Оның терең бар мәні.
Бір болады қашан да
Жақсылардың арманы.

Кетіп әнтек әріге,
Жақсы адаммен егеспе.
Жақсылардың бәрі де
Бауыр, туыс емес пе?!

2002



АРДАҚТЫ ІНІМ, САМҒАЙ БЕР

Армия Әбілқайыровқа

Айыртаудың көрдім талай әкімін,
Әкеме дос болды көбі жақыным.
Жаңа заман құтты әкімі Армия,
Өзі қандай елге қорған атының?!

Әкем менің Айыртауда өрледі,
Ең алғашқы депутат боп төрледі.
Өзіме де Үкілі Ыбырай ауылында,
Ерте оралды өлең сөздің өрнегі.

Сырын айтып ақ жарылса осы ағаң,
Мезеттер бар көңіл ептеп босаған.
Осынау ауыл – менің анамекенім,
Зиратында ұйықтап жатыр қос анам.

Содан ыстық Айыртау мен Саумалкөл,
Құтты аймақ туған талай сандал кер.
Сен де ыстық көрінесің, Армиям,
Есіл, Көкше биігінде самғай бер.

Ерен тұлға білер істің татымын,
Жеңіс көрдің аңдап басып ақырын.
Армия десе армиядай бір өзің,
Бізге айғақ мың кісілік ақылың.

Тойлағанда менің алпыс жасымды,
Байқап едім сергек, өргек асылды.
Мен жетпіске жеткен жылы сен-дағы,
Алып тұрсың алпыс деген асуды.

Кәрі де емес, жас та емес бұл алпысың,
Дер кезіңе дем беретін тал түсің.
Құтты болсын!
Әлі де сен ала бер,
Елдің, жердің, Елбасының алғысын!

04.07.2002



INIME XAT
Ақтай Әбiлмәжiновке

Телефонмен сәлемдi қосып үнге,
Хат жазудан қалдық-ау осы күнде.
– Егемен ел есен-сау, жұрт тынышта,
Не қылған хат? – деп, iнiм,
шошып жүрме.

Бiрге оқыған кездi айтар Сырымбетте,
Шын бауырмал жетсiншi үнiм көпке.
Жастық шақтың көктемi еске түссе,
Егделiктiң жеткенi бiлiнбек пе?

Құтты болып жұрт айтқан бата-тiлек,
Жылдар жылжып сан қилы
жасады лек.

Жетпiс асу мен шыққан
Естiп едiм,
Ақтай, саған тықыры тақады деп.

Жыр төгiлiп, көңiлге наз қонғанда,
Көз жүгiртем елдегi бар қорғанға.
Ақтай келсе жетпiске,
Ой-хай, дүние-ай,
Қайрош пенен Нығметжан шал
болған ба?!

Сыр бiлдiрмей әзiлмен күлiп тұрмын,
Күрсiнбесiн жаны ашыр бiлiп құрбым.
Ақын ағаң жетпiстен жасқанбайды,
Әлi күнге көлден құс iлiп жүрмiн.

Көңiл қозғап
Қыз-шабыт кеңескенi,
Осы шығар сағыныш желi ескенi.

Мен сені айтып өзеуреп отырғанда,
Сұлу қыздар мектептес елестеді.

Әгір, Айша, Бәкөштің қарсы алғаны,
Жас жүректің аз ба еді тамсанғаны?
Зейнікеш, Зикен, Сараштар би билейтін,
Жан жеткізбес Жамалдың ән салғаны.

Бесті асаудың бұлтартпай ұстар жалын,
Беріктікке үйретті ұстаздарым.
Мұғалім деген періште бергені ғой,
Тіршілікте болғаны мықты арманың.

Сенім артқан түлегі саналамын,
Сол қатардан сені, Ақтай,
таба аламын.

Қашан, қайда жүрсек те ұмыту жоқ,
Бөліп жеген интернат қара нанын.

Қараторы, талдырмаш сүйрік едің,
Інілердің ішінде жүйрігі едің.
Жанарыңнан жылылық жарқыраған,
Жақсы атағың жайылып жүрді сенің.

Қиындыққа болмады бізде жаттық,
Электр шам сөнгенде пілте жақтық.
Сәкен әнін жасырын шырқағанда,
Бір бөлмеде көп бала бірге жаттық.

Ақын Мағжан атын біз естімедік,
Ақан, Біржан әнімен көш түзедік.
Тау аралап, топталып көлге түссек,
«Әйгөлекпен» бітетін кешкі желік.

Қарағай, қайың қаптаған сауырында,
Қызық көп қой Сырымбет бауырында.



Мақтан етем болғанын бiздiң мектеп,
Ұлы ғалым Шоқанның ауылында.

Хат жазғанда осылай ретi келiп,
Әу дегеннен қылқалам кеттi желiп.
Жақсы дәстүр жалғаса берер деймiн,
Хат жазуды ұмытып кетiп едiк.

28.10.2002





* * *

Немерем, домбырамды әпер маған,
Шыдамас шырқап салмай әсерлі адам.
Дүбірі «Тау ішінің» жалғасқандай,
Тыңдасын «Жезкиікті» Сәкен ағам.

Жұғысты ес білгелі бата маған,
Жан едім сағыныштан қаталаған.
Салайын «Қараторғай», «Құлагерге»,
Ұйқыдан аунап түссін Ақан ағам.

Есілге ертең қонып аққу жетер,
Саңқылын күнде тыңдар таптым мекен.
Батасын Үкілі бабам естігендей,
Тербелтіп сексен көлді «Гәккулетем».

Бармаймын есейдім деп шегіншекке,
Қосылман қоста ұйыққан еріншекке.
Қаңтардың қарлы аязы жылып кетер,
Көшеде көзім түссе келіншекке.

Не деген мөлдір аспан, мөлдір әлем,
Жүйрік жел сыбырласты домбырамен.
Жүрегім қуаныштан жарылады-ау,
Төсіме Оқжетпесті қондырар ем.

Бабалар жүріп өткен ізін көрдім,
Қызуы бойымдағы қызды желдің.
Тамсантса сал-көшелер, сері-үйлер,
Өзіммен бірге оқыған қызды көрдім.

Жетпісте осы қайта жасарғаным,
Көңілдің қобалжуын баса алмадым.
Бір жетіп туған жерге орындалды
Өмірде көксеп жүрген басты арманым.

18.12.2002.

Астана



ҰРПАҚ СЫРЫ

Қаттыда өскен ұрпақтың легіміз,
Жусан иісін көксейміз үнемі біз.
Күні-түні төгілтсек маңдай терін,
Күрсіністен от алды жүрегіміз.

Мұңымыз көп өзгеден бұрын білген,
Сыңайымыз белгілі сынық үннен.
Соғыс жылдар соқаның соңында өтті,
Қара парға жегілдік құлын күннен.

Бәрі шындық, сөз емес ертегілік,
Атанбадық бас білмес ерке түлік.
Жан анамның жарқ еткен көз жасынан,
Қарақағаз дегенді ерте білдік.

Сараң қолды өмірге тап болыстық,
Аман жүрсек достыққа сақ болыстық.
Интернатқа ілігіп, тату өстік,
Қара нанның үзімін қақ бөлістік.

Ұстаздардың дәрісін Құран тұттық,
Білім жалғар сапарға ұзап шықтық.
Отыз екінші апат жыл тірнектері
Студент боп Мәскеуден бір-ақ шықтық.

Туды аздап күніміз күлісетін,
Мейірімді өстік тіл таба білісетін.
Қылтың-сылтың жорыққа
қызықпадық,
Қыздар бізге өздері тиісетін.

Өтеміз деп тірлікте қапылыссыз,
Артымызда жылдар жоқ анық ізсіз.
Бүгінгіні ертеңге қалдырмаймыз,
Бір өлімнен басқаға асығыспыз.

Көңіл күйін қабақта бұлттан біліп,
Сүрінгенді өтпедік сырт қалдырып.
Адалдықтан жаралдық адам болсақ,
Көкірекке ұялап ұлтжандылық.

Құт-береке орнаса қасымызда,
Есерлерге ермедік заты қызба.
Той жасаса құрдасым көпсінбейік,
Аз болды ғой тойымыз жасымызда.

10.02.2003



* * *

Қай заманда жақсы және жаман бар,
Қазанат бар, арамтамақ надан бар.
Не де болса қазақ қой деп бәріне,
Шын бауырмал ақ ниетпен қарандар.

Кеншіліктен үйренгенім – татулық,
Келеді олар қаруы мол батыл, нық.
Орғашы да, жорғасы да жоқ емес,
Бірақ бәрін аялайды татулық.

Өтті бірге талай қасірет шеккендер,
Жоқ еді ғой бірін-бірі тепкендер.
Осалдарға қорған болып мықтылар,
Ғаламат қой құт-береке сепкендер.

Бірлікті олар өмір-бақи жақтайды,
Солай ғана елді есен сақтайды.

25.03.2003.

Астана

АНА ТІЛІМ

Тірегім, бақыт құсым – ана тілім,
Мен күміс қауырсыны қанатының.
Жыр жазсам таңнан тұрып, білсеңдерші,
Әр сөздің ұшар қанат тағатынын.

Кім, қане, тілімді айтсаң шықпайды алдан?!
Досым жоқ бір сөзімді ұқпай қалған.
Көне тіл – Асан Қайғы, Қорқыты бар,
Жаңа тіл – Абайланған, Мұхтарланған.

Ұлтымды ұғып отыр барлық әлем,
Нәзік тіл кейде асығыс әлем-жәлем,
Қыздарға айтар сөзді түзеп берген.

Ашық тіл – Махамбеттер қанжар еткен,
Ғашық тіл – Мағжан ағам маржан еккен,
Дана тіл – ата мирас ізет көрген.



* * *

Беу, тағдыр, қоймасаң да төрең етіп,
Басымды ұстамадым төмен етіп.
Әйтеуір бермесіңді тартып алып,
Көш құрдым өз әлімше төбелетіп.

Айта алар ашық сырын тұйықта кім,
Іргектеп ой өрісін тұйықтадым.
Өмірдің тез өтерін білгеннен соң,
Келмейді бейберекет ұйықтағым.

Алдামашы кейде өмір кең көрінсе,
Жай жатпан шабыт шалқып келгенінше.
Аянбай қалың іске жегілемін,
Бір күні қалың ұйқы жеңгенінше.

2004

* * *

Оятып таңғы ұйқыдан сезім селі,
Ұйықтатпас көңіл назы егілмелі.
Уақытты құндап келем,
Болғаннан соң
Тым қысқа тіршіліктің берілгені.

Сүйгенде дыз еткендей еріндегі,
Өлеңнің от қызуы тегін бе еді.
Жастық шақ ауыл жақтан қол бұлғайды,
Құрбылар шақырғандай елімдегі.

Мұң-шерін жеңілдетер көңілдегі,
Тиер ме дос-жаранға себім тегі?
Аралап көріп қайттым ауылымды,
Тек қана ақсары қыз көрінбеді.

Кездесу айқын үміт, сенім де еді,
Жүрегім қаққа әрең бөлінбеді.
Ауылға әдейі барып, оны көрмеу,
Ең қиын сынақ екен өмірдегі.

Туған жер, орман-тоғай, көлің мені
Бөлеуге сан қызыққа ерінбеді.
Ақынның ең ардақты міндеті ғой,
Жүректің айтқанына жегілгені.

26.07.2004

* * *

Өнші қыз нәзік еді ақ түбіттей,
Жасымда еліктірді жақсы үміттей.
Басталған бала күнде бір хикая,
Судай боп құмға сіңген қалды бітпей.

Кезі жоқ сағындырмай ойдан кетер,
Ғашықты періштелер қолдайды екен.
Мың қызық, сансыз рахат кешсем-дағы,
Ұмыту алғашқыны болмайды екен.

Жас күнде көркем еді-ау жалау етер,
Көрген жан көзі тоймай қарап өтер.
Жүргенде біз оқуда орнын тапты,
Кінә жоқ бүгін оған талап етер.

Көп жылдар арнап келем сөз биігін,
Жанымның сол ғой бары көп сыйының.
Қимастық сыйластықпен араласып,
Тастаймыз топ ішінде көз қиығын.

Ой, Алла-ай! Ғаламаты ала бөтен,
Әлекке әл біткенше салады екен.
Жүрекке көзбен кіріп, сөзбен шығып,
Сүйекке мәңгі сіңіп қалады екен.

18.09.2004



КӨРГЕНДЕ ҚҰЛАГЕРДІҢ ЕСКЕРТКІШІН

Құлагер, әкең – тұлпар, шешең – сұңқар...

Ақан сері

Көкшеге Астанадаң аққан жолдың
Басында бір ғаламат ашқан болдым.
Бейнесін Құлагердің көз шалғанда,
Замана әр мезетін шапшаң шолдым.

Шырылдап бұлт төсінде дара толғай,
Адамға зарын қосып «Қараторғай»,
Ақанның Құлагері мерт болғанда,
Қызыққа қалып еді-ау дала толмай!

Алты Алаш аңыз болған баласына,
Адамның ем таратар жарасына.

Құлагер дара шауып бара жатыр,
Оралып сүйген байтақ даласына.

Құбылыс алтын мұра арнасындай,
Жылқыда ерен жүйрік бар ма осындай?!
Сүйсіндім «Қазақ елі» мұнарасы
Самғаған Сарыарқада жалғасындай.

Шыдатпас жал-құйрығы көз түсірмей,
Кім қалар бұл ғажапты кең түсінбей?!
Барады жер мен көктің арасында,
Құлагер тәуелсіздік белгісіндей.

Асқақ ән, асыл жырдың аққан селі,
Қазақтың асып туған ақтангері.
Бір аунап түскен шығар мәңгі ұйқыдан
Жан досы Құлагердің Ақан сері.

Заулаған ерке Есілдің жағасында,
Қуанып құстай ұшқан қарасынға,
Көзіме Ілияс ағам елестеді
Көкше мен Жетісудың арасында.

Адалдық, зұлымдықты жеңді нұрым,
Мендеген дертті басар келді күнім.
Құттықтап Сұлтан атты мүсіншіні,
Аталық ақ батамды бердім бүгін.

Көз салсақ баяғы өткен арыстарға,
Тартады тұла бойда намысты алға.
Шабысы Құлагердің шақырып тұр
Елімді талай озар жарыстарға.

Ел жаңа, жоқты іздеуге туды сай күн,
Тағы бір беріштенген бітті қайғың.
Құлагер ескерткіші ғажап екен,
Қуанып бар қазақты құттықтаймын!

04.11.2009



ӨМІР СЫРЫ

Уақыт емес, біздер өтіп барамыз,
Кешегінің бәрі ертегі, бәрі аңыз.
Артта қалар өшпес белгі тастауға,
Адамшылық бір кірпішін қадаңыз.

Даналарға жұлдыз-шырақ жағамыз,
Көзі ашыққа үлгі-өнеге табамыз.
Жамандық пен жақсылықтың арасын
Айқындауға жетсін ойлы санамыз.

Ұлыларды ұлы төрден табамыз,
Ақымақтан асылды ақтап аламыз.
Арасында пайда тапқыш қулардың,
Әрекетін жанған отқа саламыз.

Уақыт санап қалар тарих-анамыз,
Беріледі ертең әділ бағаңыз.
Жол көрсетер адал, таза тірлікте,
Туған елдің тағдырына қараңыз.

Бәрін хаттап сырсандыққа саламыз,
Беу, достарым! Сөгілмесін арамыз!
Сұлулық пен шын дарынды сыйлаймын,
Соларға еріп біз де бірге қаламыз.

31.07.2005.

Астана

Вселенная судьбы



*Ерулан Канапьянов,
композитор, президент Евразийского
фонда культуры*

...Какимбек Салыков. Я слышал это имя в раннем детстве из уст моей мамы, о нем говорили старшие сестры и братья. Постараюсь рассказать о том времени, о старших и младших.

Мой отец Мусахан Канапьянов в военные и послевоенные годы был директором школы-интерната в селе Сырымбет Кокшетауской области. Кстати, в тот период военруком в этой же школе работал будущий председатель Совета Министров Казахской

ССР Байкен Ашимов. Его и моего отца с молодости связывала крепкая дружба. Но это тема отдельного рассказа. В прошлом Сырымбет был родовым именем бабушки Чокана Валиханова – Айганым. Эти овечьи красивые легенды места окружены живописной природой. Так вот именно эту школу-интернат окончил Какимбек Салыков. Он всю жизнь называл моего отца своим учителем, давшим ему путевку в жизнь. Памяти Мусахана Канапьянова Какимбек-ага посвятил несколько стихотворений. Одно, включенное в книгу «Парасат сыры», так и называется «Ұстазыма» («Учителю»).

Одновременно с К. Салыковым в Сырымбетской школе учились будущие выдающиеся государственные и общественные деятели Шота Валиханов, Еркин Ауельбеков, Аманолла Рамазанов, Турсун Махметов и дру-

гие. Они также называли М. Канапьянова своим учителем. Почему эти люди всю жизнь, вплоть до преклонного возраста, так тепло отзывались и о школе, и о своем учителе, объясняется просто: в сельской школе-интернате они получили достойное образование и, воспитанные на идеалах высокой нравственности, были нацелены на активную жизненную позицию.

Когда речь идет о достойном образовании, то тут нет никакого преувеличения. Молва о высоком уровне проведения учебных занятий в Сырымбетской школе дошла не только до Министерства просвещения и Совета Министров, но и до тогдашнего первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Жумабая Шаяхметова, который приехал в Сырымбет, провел там несколько дней, посещал учебные занятия, беседовал с педагогами и учениками. Вскоре после его отъезда вышел соответствующий документ, в котором говорилось о необходимости распространения опыта Сырымбетской школы по организации учебно-воспитательного процесса и учебно-хозяйственной практики на другие учебные заведения республики. А 30-летнего директора школы назначили заведующим Кокшетауским облОНО.

Окончив в 1950 году Сырымбетскую сельскую школу, ученики отца продолжают образование. Какимбек Салыков поступает в Московский институт цветных металлов и золота, Шота Валиханов – в Московский архитектурный институт, Айша Биркенова – в Московский университет, Еркин Ауельбеков – в Тимирязевскую академию. Другие выпускники поступают в вузы Ленинграда, Новосибирска, Алма-Аты.

Я предпринял это небольшое возвращение в историю, чтобы показать, что наши близкие отношения с Какимбеком-ага имеют общие духовные корни.

В 1962 году в возрасте 44 лет умер мой отец Мусахан Канапьянов. Мне было 4 года. Судьба распорядилась так, что хоть я, как говорил выше, и слышал имя Какимбека Салыкова еще в раннем детстве, но первый раз встретился с ним только в начале 90-х годов, когда он после своей, более чем 35-летней выдающейся трудовой, политической и общественной деятельности вернулся в Алматы.

Началась же трудовая биография К. Салыкова в 1956 году, когда после окончания института его направили на Жезказганский горно-металлургический комбинат. На 20 лет работы там он прошел путь от горного мастера и начальника шахты до второго секретаря Жезказганского обкома партии.

О большом трудовом пути Какимбека-ага много написано исследователями, рассказано им самим в многочисленных интервью, а также

другими людьми, знавшими его в разные периоды жизни. Я также могу утверждать, что Какимбек-ага, обладая разносторонними способностями, широким кругозором и государственным мышлением, самоотверженно относившийся к любому порученному участку работы, самостоятельно, своим трудом сделал блестящую карьеру. И постоянными спутниками его жизни оставались поэзия, творчество, духовность.

В 1975 году 43-летнего К. Салыкова приглашают на работу в Москву, в аппарат ЦК КПСС, а через некоторое время он стал руководителем Каракалпакской автономной республики и проработал на этом посту 5 лет. С 1989 по 1992 год Какимбек Салыков – председатель комитета Верховного Совета СССР по вопросам экологии и рационального использования природных ресурсов.

Со времен Алихана Бокейханова, занимавшего значительное место в иерархии Государственной Думы России еще в начале прошлого века, истории известны только два казаха – наши современники, имевшие столь высокие посты в законодательных органах других государств. Это Амангельды Сулеев и Какимбек Салыков. И еще одна схожесть политических судеб двух бесспорно выдающихся людей: А. Сулеев в течение многих лет возглавляет один из крупнейших субъектов Российской Федерации, а К. Салыков руководил автономной республикой в составе Узбекистана.

Как уже говорилось, мне впервые довелось лично встретиться с Какимбеком-ага в начале 90-х и посчастливилось общаться на протяжении более чем 20 лет.

...90-е годы прошлого века, развал Советского Союза. Многие люди, особенно старшего поколения, не могли адаптироваться в новых условиях. Но это не относилось к Какимбеку-ага. Вернувшись в Казахстан и имея за плечами огромный жизненный опыт, он по-прежнему энергичен и активно включается в общественную жизнь родной республики. Он становится президентом Международного фонда К. Сатпаева, участвует во многих общественных и гуманитарных акциях. С его возвращением в Казахстан очень тесно стали общаться наши семьи. К. Салыков неоднократно бывал в гостях у моей мамы, а также на других наших больших и малых семейных праздниках. Но самое главное не в торжествах, а в том, что происходило постоянное общение с умудренным жизнью талантливым человеком. Я познакомился с его замечательной дочерью Майрой, которая очень похожа на своего отца.

Какимбек-ага подарил мне несколько своих поэтических книг. При этом каждую подписал не каким-нибудь дежурным текстом, а сопроводил теплыми и искренними пожеланиями.

Те годы стали для меня активным творческим периодом. Мы с моим другом Насером Кульсариевым создали рок-оперу-балет «Тақыр» на тему экологического бедствия Арала. Чуть позже я написал цикл песен. И вот к одной из своих мелодий мне никак не удавалось подобрать соответствующий текст. Однажды воскресным днем я достал из книжного шкафа стихотворный сборник Какимбека-ага и стал его снова перелистывать. Через некоторое время, напевая сочиненную мелодию, я обратил внимание, что одно стихотворение почти точь-в-точь подходит к этому музыкальному мотиву. Я тотчас позвонил Какимбеку-ага и попросил его, если возможно, заменить в двух местах слово из двух слогов на односложный синоним, чтобы текст абсолютно соответствовал мелодии. Автор любезно согласился. Так родилась наша первая совместная песня «Аққу елім Қазақстан» («Казахстан – лебединый край»).

У этой песни – особенная история. Во-первых, ее исполнила поистине народная артистка Роза Рымбаева. Агентство «Хабар» выпустило видеоклип. Снимали его во многих живописных уголках Казахстана. Ну и самое главное – телеканал Caspionet в течение полугода ежедневно начинал передачи показом клипа с песней «Аққу елім Қазақстан». Следовательно, она звучала каждый день в 9 часов утра. В то время Какимбек-ага уже жил в Астане и, когда звонил мне по каким-нибудь делам, не забывал упомянуть: «Сегодня утром опять слушал нашу с тобой песню. Настроение хорошее».

Можно сказать, что с песни «Аққу елім Қазақстан» и начался наш творческий союз. Впоследствии мы с Какимбеком-ага написали более десятка песен, но очень интересна история создания еще одной. Как-то в начале 2000-х он пригласил меня к себе и, когда я вошел в кабинет, тепло поздоровавшись, сразу же протянул мне страницу с напечатанными стихами. При этом сказал: «Я, конечно, мог отправить тебе текст по факсу или почтой, но это особое стихотворение, и я хотел вручить его лично. Ты же знаешь, у нас есть замечательная певица Бибигуль Тулегенова, которая превосходно исполняет многие вокальные произведения. Но, я думаю, у каждого певца, да и у любой творческой личности, есть своя неспетая песня. Постарайся написать на эти стихи песню. Я их посвящаю Бибигуль Тулегеновой».

Вернувшись домой, я задумался над тем, что, наверное, действительно, это стихотворение имеет очень важное значение для Какимбека-ага, и, скорее всего, у него тоже есть своя неспетая песня...

Несколько дней я внимательно вчитывался в текст, чтобы проникнуться его содержанием, и вскоре написал песню, которая и получила

название «Айтылмаған бір әнім бар» («Неспетая песня моя»). Взяв клavier, я отправился к Бибигуль Ахметовне, которая сразу же согласилась ее исполнить. При встрече я сказал, что мы с Какимбеком-ага написали песню специально для нее. Была осуществлена запись, снят видеоклип, который транслировался по многим телеканалам. Нередко мне приходилось видеть, что при прослушивании песни некоторые женщины (а иногда и не только женщины) украдкой смахивали слезу. Рассказывая об этой песне, хочу поведать еще об одном моменте.

В конце декабря прошлого года я собрал близких людей, чтобы отметить одну свою «полукруглую» дату. Была приглашена и Бибигуль Ахметовна. Она открыла вечер и после произнесения благословения-бата решила спеть эту песню. Когда она поднималась на сцену, ведущий вечера Сағнай Абдуллин объявил: «Прозвучит песня «Айтылмаған бір әнім бар», музыка Ерулана Канапьянова, слова Какимбека Салыкова, замечательного человека и поэта, который чуть более месяца назад покинул этот мир. Эти стихи он в свое время посвятил Бибигуль Ахметовне». И Бибигуль Ахметовна после слов ведущего подошла к микрофону. Было чуть заметно, что она чем-то взволнована. Своим неповторимым солнечным голосом она исполнила песню. Под аплодисменты собравшихся я подошел к ней с букетом алых роз. И когда провожал ее от сцены до дастархана, она шепнула: «Слушай, я так разволновалась, я же не знала, что эти стихи Какимбек посвятил мне. Думала, что вы просто написали с ним песню и предложили исполнить. А то, что стихи посвящены именно мне, – это же совсем другое!» Так непроизвольно на моем дружеском вечере мы отдали дань памяти Какимбеку-ага. И пусть та взволнованность великой певицы при музыкальном озвучивании его вдохновенных строк своеобразным духовным камертоном сохраняется в поколениях. Пусть его творческое наследие, его стихи о Великой степи, о Родине, о матери, о любви, о вечности всегда находят отклик в сердцах благодарных потомков.

...Уходит старшее поколение, уходят знаковые личности. Горькие утраты только последних месяцев – Ермек Серкебаев, Какимбек Салыков, Роза Джаманова, Фариза Унгарсынова... Это те личности, выдающийся вклад которых в культуру и духовность нации несомненен. И отдавая дань памяти и уважения их творчеству и деяниям, очень важно не забывать, что нельзя потерять связь поколений как духовную составляющую развития общества. Не должна оборваться «времен связующая нить»...

«Казахстанская правда».

28.02.2014 г.

МАЗМҰНЫ

<i>Салықов К. Сырымбетте мектебім</i>	3
Бірінші-бөлім. Туған жер, сенсің мені тағалаған...	
«Емес қой жастық ермегім...»	21
Ақ қайың	22
«Ауыл жатты, ай батты...»	23
Ескі үй	24
Старый дом (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	25
Мұсаға хат	26
Мың белгі	28
Елестеу	29
Туған жер	30
Молдахмет Тырбиевке	31
Ескі дәптер	32
Ақбұлақ	33
Өмірім менің, көңілім менің	34
Кездесу мен қоштасу	36
Күмісті ер	37
Седло (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	38
Ата қоныс	39
Ата-қоныс – земля отцов (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	40
Сарқылып сағынышым қалмас па екен?	41
Ініме хат	42
Письмо брату (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	45
Есілге	47
Құс сайран	49
Күз	50
Сусын жұтшы, ағатай	51
Глоток воды (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	53
Ағатайым	56
Көкшетау	58
Қайсыңа бұрылайын, бар ағайын?	61
Туған жерге	62
«Туған жер, сенсің мені тағалаған...»	63
Аққуға наз	64
Лебеди (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	65
Қимай кетем дидарын	66
Ғажайып қандай нұрлы күн?!	68
Күзгі ой	69
Ойға түстім мен-дағы	70
Адамдар, аккумуляторы атпандаршы	71
Құлагерге	73

Дала көркі	74
Саумалкөл	76
Саумалколь (<i>Орыс тіліне аударған А. Жовтис</i>)	77
Ақан серіге	78
Қамсақты	80
Қызыл қайың	81
Туған ел	82
Мұсаға	83
Көкше ұлы	84
Сағыныш сазы	85
Не тронь мелодии родные (<i>Орыс тіліне аударған В. Туркин</i>)	87
Ауылға хат	90
Еркіндік	94
Көкшетаумен сырласу	95
Туған ел көріністері	96
Ауылға орал, жігіттер!	97
«Ауыл барда сағынышым сарқылмас...»	98
Туған жерге	99
Күй	100
Ауылдағы бұлаққа	101
«Неге сүйем десем сені, ауылым ...»	102
Қолшалғының сыңғыры	103
«Тыңды өлкеде ескі жолдар жоқ бүгін...»	104
Сағындым сені, туған жер	105
Туған ел	106
«Қарсы толқын жимаса да айылын...»	107
Жалғызтау	109
Сері бабам	110
Ақан сері	111
Сырымбетке	112
Ауылға сәлем	113
«Ауылым менің – алғашқы старт алаңым...»	116
Көкшетау – дарқан, думан жер	117
Жетісу мен Көкшедей	118
Саумалкөл	119
Асыл ана – Айғаным	122
Шоқанға	123
Үкілі бабам	124
Жаңғырық	125
Ауылдастар, армысың?!	126
Жиен аға, бақұл бол!	127
Есіл мен Көкше	129
Кербез Көкше келбеті	130

Кербез Көкше	132
Көкшетауға	133
Жүректің қос мекені	135
Біздің ауыл	136
Көкшеге наз	137
Абылай	138
«Қызық екен қияда өткен жалын күн...»	140
Сәуірдегі Көкшетау	141
Ермек тәтем	142
«Сүйемін, Көкше, сыйлағыш рахат салтыңды...»	144
Кіндік қаның тамған жер	145
Туған жердің қымбаты	147
«Осы ауылда жаралдым...»	148
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?	149
Мойыл тал	150
Киелі аймақ – Сарыарқа	152
Желді сүйем	154
Сарыарқа	155
Сары-Арқа (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	156
Ел шетіндегі елестер	157
Аққуды көріп қалыңдар	159
Сағыныш – менің тірегім	160
Аққу келді	161
«Жарық күннің ата-анам жолықтырған...»	162
Біздің ауыл	163
Туған елге	164
Ауыл десем...	165
Дастарқаны қазақтың	167
Сағыныш назы	169
<i>Салықов К. Көкшетаудай кербез еді ұстазым</i>	172
2-бөлім. Мектебім – Меккем менің	
Ұстазды сіздей ұмытпан	185
Біздің мектеп сіздерге – мәңгі ескерткіш	186
Жақсылардың жалғасы	189
Пір берген	191
Ұстазыма алғысым	193
Ұстазымның баласы	195
Еспай Сүлейменовке ода	197
Жанымның жақсы көрген адамдары	202
Адамға дос таңдарлық ерік берген	203
Выбирайте друзей (<i>Орыс тіліне аударған Г. Колесников</i>)	204
Сәулет	205
Мықты деп есептеме	206

Кұштарлық.....	207
«Мен сені шырты ұйқыда сағынамын...»	209
Әр қияға кетсек те.....	210
Қырықтың қырқасынан	211
«Не зову я весенние дни...» (<i>Орыс тіліне аударған Т. Кузовлева</i>)	213
«Навек своей весной согретый...» (<i>Орыс тіліне аударған В. Савельев</i>).....	214
Ұрпақ сырын жалғаймын	215
«Соғыс жылғы балалар...»	217
Жеңіс күні	218
Май 1945 года в ауле (<i>Орыс тіліне аударған В. Савельев</i>)	219
Ел шетінде ақ қайың	220
Береза у аула (<i>Орыс тіліне аударған И. Михайлов</i>).....	221
Сендерсіз күн құрысын	222
«Қуанам жерге гүл ексең...».....	223
«Кездескен мезгіл қандай көркем еді...»	224
Сыр	225
Ақ тырналар.....	226
Белые журавли (<i>Орыс тіліне аударған В. Савельев</i>)	227
Дос, бедел дос.....	228
Сезім гүлін елге ұсынам	229
«Оқып көр, достым, барымды...»	231
Дағдарыс	232
Ауыл қызының қызғанышы	233
Үнемі мазасыз реңім.....	234
Есімде.....	235
Сенім	237
«Көрші өскен сұлу құрбы дегенге...»	238
Сырымбет елестері	239
Алғашқы кездесу.....	240
«Өзім үшін жасамадым жанпірім...».....	241
Сөйлейді тағдыр сондайда	242
Сырымбеттегі тебіреніс.....	243
«Балалық қалды ауылда аңсар бір үн...».....	244
Өң мен түсің алмассын.....	245
«Ауылда қалған қара көз...»	246
Құрбыларым	247
«Соқпау қиын осындай тылсымдарға...»	248
Қайдасың, қайран, алғашқы?!.....	249
Қуаныш	250
Еске алайық	251
Сен едің ғой	252
Домбырамен сырласу.....	253
Жақсылықтың кепілі.....	254

Алыстап барамын жағадан.....	256
«Жақсы көлдің жағасы...»	257
«Сағынып көп келемін теңізге мен...»	259
Біздің ауыл қыздары	260
Сағынтар ауылдың баласы.....	261
«Жылдар жылжып барады көшкен сендей...».....	262
«Бірі едік телі тату асыл жастың...»	263
Айыртау атты ауданым	264
Атамның берген ақылы	265
«Ауыл кеші... Жалаңтөс...».....	266
«Ұйқымды елес бұзады...»	267
Біреуі ғана келмеді	268
Не жетсін?!	269
«Қай қияға қанат қақпас ақындық...».....	270
Сағыныштан жаралдым.....	272
Әрі сәлем, әрі алғыс.....	273
Көкшедегі кездесу.....	276
Ашық сыр	278
«Айнасы емес, жаршысымын өмірдің...»	279
Көңіл күзі.....	280
Кел, достар!	281
«Қайран жастық аттанса да келмеске...»	282
«Қалай ғана мен тыныш ұйықтайын...».....	283
Келмейді оралып.....	284
Тіл жүйесі	285
Тіршіліктің сыңғыры	286
Жетпістегі мектептестің жүрегі.....	287
Отыз екінші жылдардың түлектері	289
«Отыз екінші жылғылардың керегі...»	292
«Жақсы адамды сергітсең...»	293
Ардақты інім, самғай бер!.....	294
Ініме хат	295
«Немерем, домбырамды әпер маған...»	299
Ұрпақ сыры.....	300
«Қай заманда жақсы және жаман бар...»	302
Ана тілім	303
«Беу, тағдыр, қоймасаң да төрең етіп...».....	304
«Оятып таңғы ұйқыдан сезім селі...».....	305
«Әнші қыз нәзік еді ақ түбіттей...».....	306
Көргенде Құлагердің ескерткішін	308
Өмір сыры.....	309
Канапьянов Е. Вселенная судьбы	310

Кәкімбек Салықов

Сырымбетте мектебім

Өлеңдер және мақалалар

Құрастырған *М. Қасен*

Редакторы *Б. Хабдина*

Дизайнын жасаған және беттеген *Е. Барсукова*

Мұқаба дизайнері *А. Новоселов*

Басуға 26.12.2017 қол қойылды.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Пішімі 70×100 $\frac{1}{16}$, 20,0 б.т.

Таралымы 500 дана.

«Жібек жолы» баспа үйі,
050000, Алматы қ., Қазыбек к-сі, 50, оф. 55,
тел.: 8 (727) 272-65-01, 261 -11-09.